

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған

Т.Н.Ермекова, Г.Б.Тоқтыбаева, Н.Ә.Дүсіпова

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбының
жаратылыстару-математикалық бағытына арналған оқулық

10



ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-922
Е 69

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының сарапшыларымен келісілді

Ермекова Т.Н.
Е 69 Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбының жаратылыстану-математикалық бағытына арналған оқулық./
Ермекова Т.Н., Тоқтыбаева Г.Б., Дүсіпова Н.Ә. – Нұр-Сұлтан:
«Арман-ПВ» баспасы, 2019. – 176 бет.

ISBN 978-601-318-222-3

Оқулық жалпы орта білім беру деңгейінің 10-сыныбының жаратылыстану-математикалық бағытына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жақартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жазылды.

Оқулықта оқушылардың дүниетанымын көздейтіп, алған білімдерін өмірде қолдана білуге машиқтандыратын, сонымен бірге қосымша ізденисті, қазіргі ақпараттық технологияның кең мүмкіндіктерін пайдалануды, шығармашылықпен жұмыс жасауды қажет ететін тапсырмалар қамтылды.

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-922

ISBN 978-601-318-222-3

© Ермекова Т.Н.,
Тоқтыбаева Г.Б.,
Дүсіпова Н.Ә., 2019
© «Арман-ПВ» баспасы, 2019

Барлық құқығы қорғалған. Баспаның рұқсатының көшіріп басуға болмайды

Оқулықта қолданылған шартты белгілер



Оқылым. Ұсынылған тақырып негізінде мәлімет беретін мәтіндермен танысып, мәтін жанры мен негізгі мәселені айқында.



Тыңдалым және айтылым. Қосымша СД дискіде берілген материалдарды тыңдап, оны өз сөзіңмен жеткізуге, ой қорытындысын жасауға дағдылан.



Ойтұрткі. Оқылым айдарында берілген мәселелеге қатысты өзіңнің білім қорың мен ойлау жүйріктігінді көрсет.



Жазылым. Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде өз ойыңды жазбаша сауатты жеткізуге тырыс.



Ереже. Әдеби тіл нормалары бойынша анықтамалар берілді. Анықтамалармен танысып, мұқият зерделе, оларды іс жүзінде дұрыс қолдануды үйрен.



Әдеби тіл нормалары. Грамматикалық, тілдік материалдар бойынша берілген жаттығулармен жұмыс жасап, өз білімінді көрсет.



Сұхбат. Түрлі тақырыпта ұрақ жауап түрінде тілдік қарым-қатынасқа тұсу арқылы пікірлесу мәдениетінді қалыптастыры.



Гибратты сөз. Тағылымы мол даналық сөздерден төлім ал.



Артық болмас білгенің. Тақырып жөніндегі тың деректер, қызық мәліметтермен таныс. Ол да сенің білім көкжиегінді кеңітеді.



Ізденімдік тапсырма. Шығарма-шылық сипаттағы ақпараттық деректерді іздең тауып, зерттеу жүргіз.



Жағдаяттық тапсырма. Түрлі жағдаяттарда шешім қабылдауға дағдылан. Шығармашылығың мен белсенділігінді арттыруға үмтүйл.



Үй тапсырмасы. Тақырып бойынша алған білімің негізінде үйде өз бетіңше ізденіп, тапсырманы орында.



Ойталқы. Пікірталас арқылы белгілі бір мәселе жөнінде сөйлеу тілінді дамытуды қолға ал.

Назар аудар



Электронды қосымша жүктелген CD қолжетімсіз болған жағдайда, қосымшаны artman-rv.kz сайтынан тауып, өз компьютеріңде жүктеп алуыңа болады

Алғы сөз

Қымбатты оқушылар!

Сендер Қазақстан Республикасының азаматысындар. Еліміздің мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Қазақ тілі – әлемдегі алты мыңға жуық тілдердің ішінде тіл байлығы мен көркемдігі, оралымдығы жағынан алдыңғы қатардан орын алатын тіл. Сондай-ақ ол дүниежүзіндегі ауызша және жазбаша тіл мәдениеті қалыптасқан алты жұз тілдің және мемлекеттік мәртебеге ие екі жұз тілдің қатарында тұр. Осындай тілдің мұрагері болу, оның грамматикалық құрылымы мен тіл байлығын игеру қандай тажап!

Қазақ тілі – өуезді тіл. Тіл өуезділігін сақтау үшін орфоэпиялық норманы сақтап сөйлей білу керек, ал сауатты жазу үшін орфографиялық норманы жақсы білу қажет. Бұдан басқа дұрыс сөйлеудің, сауатты жазудың лексикалық, грамматикалық, пунктуациялық нормалары бар. Ана тілінің осындай занылыштарын білу, атадан балаға мұра боп қалған бұл тілді келер үрпаққа жеткізу – сендердің борыштарын.

Қолдарындағы «Қазақ тілі» оқулығы қоғамның белсенді мүшесі ретінде қалыптасуларыңа көмегін тигізеді. «Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өркениет», «Индустріяландыру: үлттық өндіріс», «Адамзат дамуының жаһандық мәселелері», «Адам өмірін сақтау», «Сөulet өнері» сияқты тақырыптар сендердің білімдерінді толықтырып, ой-өрістерінді дамытады.

Оқулықтағы кейбір тапсырмалар қосымша ізденісті, қазіргі ақпараттық технологияның мол мүмкіндігін пайдалануды қажет етеді. Мұның бәрі ана тілінің құдіретін сезіндірумен бірге, сендердің тұлға ретінде қалыптасуларыңа ықпал ететінін білгейсіндер. Сондықтан оқулықтан алған білімдерінді күнделікті өмірде қолдана білуге, тапсырмаларды шығармашылықпен орындауға тырысындар. Бұл оқулық сендердің ана тілін жеткіз мәнгерген, ойын ауызша және жазбаша сауатты жеткізе біletін, туындаған мәселелерді дұрыс шеше алатын, шынайы өмірге бейім, жаңашыл азамат болып қалыптасуларыңа септігін тигізеді деп сенеміз.

БӨЛІМ

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ: МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӘРКЕНИЕТ

СӨЗ МӘДЕНИЕТІ

Бөлімді оқып-білу арқылы сендер:

- қазіргі қоғам құндылықтары – халқымыздың үлттық болмысын көрсететін мәдениеті, өнері, тілі туралы;
- үлт, ел болып қалыптасу жолындағы тілдің маңыздылығы, Алаш зияяларының тіл жайлы көкейкесті ойлары туралы;
- халқымыздың салт-дәстүрлері, рәсімдері мен жөн-жоралғылары, қолөнері, олардың түрлері, бұл өнерді дамытуға ерекше үлес қосқан шеберлер туралы;
- қазақ кино өнері, «Қазақфильмнің» қалыптасып, ерken жаоы, қазақтың таңдаулы фильмдері туралы мағлұмат аласындар;
- сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамадас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідрісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану дағдыларынды қалыптастырысындар;
- мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазуды менгересіндер.

Біз әлемдік мәдени құндылықтармен үндес жаңа заманғы қазақтың озық мәдениетін қалыптастыруымыз керек.

(Н.Назарбаев)

§1.

Қоғам құндылығы – халықтың тілі, мәдениеті, салт-дәстүрі



1. «Сұрақтарға жауап беріп, өз ойларыңды ортаға салындар.

1. «Құндылық» дегенді қалай түсінесіндер?
2. Қазіргі қоғамдағы басты құндылықтарды атаңдар.
3. Үлттық құндылықтар қаншалықты маңызды?



2. «ЭКСПО көрмесі аясында этноауыл» аудиомәтінінің (01.mp3) алғашқы бөлігін мұқият тыңдаңдар. Өз білімдеріңде сүйене отырып, тақырыпты жалғастырып көріңдер. Мәтінді аяғына дейін тыңдал, тірек сөздерді жазып алыңдар.



Орфографиялық норма

Орфография дұрыс жазу нормаларын белгілейді. Орфография (грек. *orfos* – «дұрыс», *grapho* – «жазамын») – жазба тілінде пайдаланылатын жазудың тарихи қалыптасқан жүйесі, біркелкі жазуды қамтамасыз ететін ережелер жүйесін жасайдын және зерттейтін тіл білімінің саласы. Қазақ тілінің орфографиясы үш принципке негізделеді:

1. Морфологиялық принцип.
2. Фонетикалық принцип.
3. Тарихи-дәстүрлі принцип.

Морфологиялық принцип – сөздің морфологиялық құрамын ескеріп, морфемалар (сөз және қосымша) құрамында болатын дыбыс алмасуларын ескермей, бастапқы қалпын сақтап жазу. Мысалы: жамбады, жаңғанда түрде айтылатын сөздерге ортақ түбір – жан, сондықтан жанбады, жанғанда деп жазылады. Жазса, жазши (айтуда жасса, жашши) сөздерінде түбір (жаз) сақталып жазылады.

Фонетикалық принципте сөздер айтылуы бойынша жазылады, әрбір әріп фонеманы емес, дыбысты білдіреді. Амангелді, Ботағез, *kитабым* (*кітап+ым*), *тарағы* (*тарақ+ы*), сексен, биыл түрінде жазылады да, фонетикалық транскрипцияға жуықтайды.

Тарихи-дәстүрлі принцип – сөздің бір кезде жазылып қалыптасқан, дәстүрге айналған түрін сақтап жазу. Мысалы, бұған қазақ тіліндеңі *хат*, *хабар*, *халық*, *қаһар*, *жаһан* сияқты сөздерге x, h әріптерін пайдалануды жатқызуға болады.

Қазақ тілінде сөздерді дұрыс жазуда орфографиялық сөздікке сүйенеміз.



- 3.** Тыңдалым мәтінін негізге алып, «Ұлттық құндылықтар – ел бірлігінің негізі» тақырыбында келісу/келіспеу эссеін жазыңдар. Сөз саны – 80–100.

- 4.** Берілген сөздерді орфографиялық принциптерге бөліп жазыңдар, ережесін түсіндіріңдер.

Морфологиялық принцип	Фонетикалық принцип	Тарихи-дәстүрлі принцип

Жазса, сенбі, фестиваль, тұнгі, қашанғы, жарқабақ, орынбасар, көзбе-көз, тауып, қан қызыл, құлағы, бозжусан, көк дөнен, жүргегі, белбеу, керек екен, қолғап, самауыр, шәйнек, пәуеске, бөрене, пайда, хат, ес жоқ, жеребе, халық, шкаф, гауһар, бес жыл, он қап, жиһан, қаһарман, колхоз, геометрия, ауа, сәнқой, Досжан, жанкешті, тасжол, стақан, дүйсенбі, қарлығаш, ашудас, сөзжасам, бозкөде, бозша, бүгін, жаздығұні.



- 5.** Қою қаріппен жазылған сөздердің ережесін еске түсіріп, қандай принцип бойынша жазылғанын анықтаңдар.

1. Төмен сырғанақтаған **бөшкені** бүктетіле тіреп, сілеусін көзі ызгар шаша қарап қалғаны Танабайдың көз алдынан кетпей қойды (*Ш.А.*). 2. Бейшара несіне жетіседі, мұның қалінде бетегеден биік, жусаннан аласа тірлікten басқа не бар? (*Ш.А.*). 3. **Биыл** Қарауыл сұы мол тасып, **Жидебай**, **Мұсақұл** үстіндеңі **кең қорық** көк жайқын қалың шалғын боп келе жатыр еді (*М.Ә.*). 4. Дәл бүгін осы қонысқа жеткенше бұл ауылдар өзге Шыңғыс бектерінен көшкен Бекенші, Жігітекті қуып жете алмаған (*М.Ә.*). 5. **Сөйтіп**, қазаннан жаңа түскен ет бір қолдан бір қолға лып-лып етіп, салқындаамай, тоңазымай лезде жетіп тұрды (*М.Ә.*). 6. **Бердіқожаның** көнген хабарын алдысымен, Құнанбай қалыңмалды, жыртысты бір-ақ жібертті (*М.Ә.*). 7. **Көлқайнардың** сұы мол болғанымен, кең қоныс емес еді (*М.Ә.*). 8. Кітап әпер, оқысын балаң, қолына, Малды аяма оқу-білім жолына (*М.Ж.*). 9. Өзіне таныс Буратиген, **Кекүйірім** сияқты қоныс-құдықтардың тұсына келгенде, астындағы жарапа бестісін ағызып-ағызып алады (*М.Ә.*).



Сөйлеу тілі

Сөйлеу тілінің қолданылатын орны

Көбіне таныс ортада, бейресми жағдайда емін-еркін әңгімелесуде

Сөйлеу тілінің лексикалық ерекшеліктері

Дыбыстарды түсіріп айту, қыстырма сөздер, диалект сөздер, кейде тұрпайы сөздер кездеседі

Темендерге мысалдардан сөйлеу тілінің ерекшелігін байқауға болады.

Әдеби тілде

Биыл Арман онынши сыныпқа көшкен еді. Жаңадан отыргызылған алма бағы ауылдың шет жағын тұтас алып жатыр.

Сөйлеу тілінде

Биыл Арман онга көшкен. Жаңа алма бағ ауылдың шет жағын тұтас алыбатыр.



6. Мәтін мазмұнын сөйлеу тілі стилінде әңгімелеп беріңдер.

Әкем Жұсіпбек жазушы ғана емес, жан-жақты өнер иесі болатын. Ол ғажап етікші, темірден түйін түйетін ұста еді, сонымен бірге музыкалық аспаптарда (домбыра, скрипка, рояль) еркін ойнайтын. Ең негізгісі, нағыз көркемсөз шебері болды. Қолы қалт етсе, жазу үстеліне келіп, тапжылмастан отырып, көп жазатын...

Ақын-аудармашы, көрнекті жазушы, педагог-ғалым ре-тінде қазақ әдебиеті мен ғылымына қалам қуатын арнағанын мақтан етемін. Бір уақ көңіліме демеу аламын...

(Жанақ Аймауытулының естелігінен)



7. Берілген екі тапсырманың бірін таңdap, орындаңдар.

- Сөйлеу тілінің ерекшеліктерін сақтай отырып, «Рухани жаңғыруды өзіңнен баста» тақырыбында сұхбат жазындар. Сөз саны – 100–120.
- Шетелдіктерді еліміздегі «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесіне шақырып, жарнама жасаңдар. Сөз саны – 100–120.

§2.

Ұлттық руханиятыныздың өзегі – тіл



1. Шахмат аты секілді жүріп отырып, F.Мұсіреповтің ана тілі туралы айтқан ұлағатты сөзін оқындар.

Ана	үзеді	ұмытқан
адам	болашағынан	халқының
өткенін	тілін	қол
да	өз	де



2. Мәтінді оқып, негізгі ойды анықтаңдар. Алаш зияллыларын тіл мәселесіне себепті алаңдатқанын, бұл мәселенің өлі де күн тәртібінен түспеу себебін талқыландар.

Алаш зияллылары және ұлт тілі



Алаш зияллыларының саяси және рухани күресінің негізгі мақсаты ұлттымызды ұйыстыру, сол арқылы елдігімізді айқындау болды. Әрине, осындағы ұлан-ғайыр сауапты істің аясында ана тілімізді сақтау мәселесі тұрды. Алаш қайраткерлері тілдің саяси, қоғамдық һәм рухани ұлken күш, ұлтты біріктіруші қуатты құбылыс екендігін жақсы сезінді. Сондықтан да Алаш сияқты аса ірі қозғалыстың рухани тінінде қазақ тілі мәселесі ерекше орынға ие болды.

А.Байтұрсынұлы: «Оз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жүрттың ұлттығы еш уақытта, адамы құрымай, жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл», – деп, ұлттық рухтың, болмыстың негізі де, арқауы да тіл екендігін алғаш аңғартты.

Ахаңның осы сөзіне орайлас пікірлерді Алаш зиялдыларының көпшілігі білдірді. Айталық, Ғұмар Қараштың «Тілді сақтауға мүмкін болғанда, тіл сақталуға тиіс. Біз тілімізді қанша сақтасақ, ұлттымызды да сонша сақтаған боламыз»; Мұстафа Шоқайдың «Ұлттық рухтың негізі – ұлттық тіл»; Халел Досмұхамедұлының «Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – сүйініш; ана тілін білмей тұрып, бөтенше сөйлесең, бұл – қүйініш. Өз тілін білмей тұрып, жат тілге еліктей беру – зор қате. Бұл оқығандардың һәм оқушылардың есінен шықпауды керек»; Мағжан Жұмабаевтың «Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілінің болуы» деген жанашыр ойлары – біздің заманымызға үндес, өзекті пікірлер. Егемен елдің, дербес мемлекеттің мемлекеттік тілі бола тұра, тіліміздің өзінің тұғырына толық қонбай жатқанын ескерсек, Алаш зиялдылары өсietінің бағасы да, маңызы да еселеп артады.

Алаштықтар ана тілін ұлт болмысының басты бөлшегі реңтінде қарастырып, өсіреле жас ұрпақ тәрбиесінде алатын орнына ерекше назар аударды. Қазіргі кезде ана тіліміз өристі тақырыптардың біріне айналып отырса, олардың алғашқы ұлгілерін дүниеге келтірген де Алаш қаламгерлері болатын. А.Байтұрсынұлының «Туган тілім», М.Жұмабаевтың «Қазақ тілі», С.Торайғыровтың «Туган тіліме» өлеңдері – қазақ әдебиетіндегі тіл тақырыбында жазылған тұңғыш көркем туындылар еді.

Алаш қайраткерлерінің тіл турасындағы осы қекейкесті ойлары азаттық алған бүтінгі қазаққа да жолбасшылық етуде.

(Ербол Тілешовтің «Алаш зиялдылары және ұлт тілі» мақаласынан)

Әдеби тіл

Жазу дәстүрі арқылы белгілі жүйеге түсken, орныққан нормалары, стильдік-жанрлық тармақтары бар, қоғамдық қызметі өр аluan тіл

Әдеби тілдің жазбаша және ауызша түрде қызмет ететін стильдік тармақтары

Ресми іскерлік стиль

Фылыми стиль

Көркем әдебиет стилі

Публицистикалық стиль



3. Оқылым мәтінінде көтерілген мәселе бойынша өз ойларынды дәлелдеп, әдеби тіл нормаларын сақтап, келісу/келіспеу эссең жазындар.



Дауысты дыбыстардың жазылуы

Жалаң дауыстылар: а, ә, е, о, ө, ү, ү, ы, і, ә. Барлық буындарда кездесетін дауыстылар: а, е, ы, і. Буын талғайтын дауыстылар: Ә, ө, Ө, Ү, Ү. Олар көбіне басқы буында кездеседі: дәурен, орамал, өсімдік, құлпын, бүгін. Біріккен сөздер мен қос сөздердің екінші сынарларының басқы буындарында жазылады: дәрі-дәрмек, Есенәлі, Қызылорда, жән-жосық, өте-мөте, басқұр, кешқұрым, бұрсігүні.

Қосар әріптер: ё (йо), и (ый, ій), у (үү, үү), ю (йүү, йүү), я (йа).

Ескерту.

1. Ә, ү, ұ дыбыстары мына сөздердің екінші буындарында жазылады: сірә, кінә, күнә, күә, іңкәр, күмән, шубә, зәмзәм, мұсәпір, дұдемал, Күләш, Күләнда, Күләй; мағлұмат, бұлбұл, мақұл, байғұс; мәжбүр, әңгүдік, дүлдүл.
2. Сөз басындағы ж, ш дыбыстары мен й дыбысының ортасында келген а дыбысы көбінесе жінішке ә болып айтылады, алайда а әрпі жазылады: жай, жайт, шай.
3. Алдыңғы буындағы жінішке дауыстылардың әуенімен жінішке айтылатын ә дыбысының орнына а әрпі жазылады: ләzzат (айтылуы – ләzzәт), рәсуга (айтылуы – iрәсүүә), Жәмила (айтылуы – Жәмійлә), тәқаппар (айтылуы – тәқәллар).
4. Айуан, хайуан, хайуанат, кейуана, миуа, диуана, қиуа деген сөздер осы таңбаланғандай жазылады.
5. Қосарлы ый әріптері тек сый, тый сөздерінде жазылады: сыйлық, сыйлау, сыйымды, тыйым, тыю, тыйылу.



4. Берілген сөздердің соңғы буындарында ү, ү, ө дыбыстары айтылғанымен, жазылмау себебін түсіндіріңдер.

Жұдырық, жауын, жұлын, құлын, құрық, бөрене, дөңгелек, түлкі, бұғы, жауырын, қауын, ғұмыр, домбыра, дүкен, дүние, жұлдыз, жұмыс, көбік, көгершін, көжек, көде, қоңырау, мүйіз, мойын, мұқият, мұхит, өлең, өрік, өсек, са-мауыр, соғым, суыр, төсеніш.



5. М.Шахановтың «Рух пен тіл» өнін тауып тыңдал, өлең туралы пікірлерінді айтындар. Фаламдық мәселелермен байланыстырындар.



6. Қазақ тілі туралы ұлт зиялдыларының нақыл сөздерімен танысып, «Дербес пікір» айту тәсілі бойынша өз пікірлерінді айтындар.

Өзіндік пікір (ой, идея) – 1 сөйлем	
Дәлел – 2 сөйлем	
Өз пікірін айғақтайдын мысал – 2 сөйлем	
Өз пікіріне қарсы дәлел – 1 сөйлем	
Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал – 1 сөйлем	
Корытынды – 2 сөйлем	

Ана тілі – халық болып жасалғаннан бері жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі.

(Ж.Аймауытов)

Ана тілінен айырылған адам өз халқы жасаған мәдени мұраның бәрінен құралақан қалады.

(F.Мүсірепов)

Ұлттың тілі – сол ұлттың жаны, жан дүниесі. Ол жүректі соқтыртып түрған қан тамыры сияқты. Егер де қан тамыры жабылып қалса, жүрек те соғуын тоқтатпай ма?!

(М.Әуезов)

Қазақ тілі – өзінің өткірлігімен бой балқытып, тамыр шымырлатып, жан жүйеңді жандырып, құлақ құрышын қандырып, ұғымына қонымды, жүргегіне тиімді, қысылтаянқ қатал жағдайға қайрап, ерге, елге медет болатын ең өсерлі, ең өдемі шешен тіл.

(Б.Момышұлы)



7. Берілген екі тапсырманың бірін таңдал, орындандар.

1. «Тілдің туы жығылмасын» тақырыбында мақала жазындар. Сөз саны – 150. Мақала стилінің өдеби тілдің қай тармағына жататынын анықтаңдар.
2. «РАФТ» стратегиясы бойынша Алаш зиялдыларына хат жазындар. Сөз саны – 150. Стилін (өдеби тіл, сөйлеу тілі) анықтаңдар.

§3.

Қазақ халқының салт-дәстүрлері



1. Суреттермен танысындар, төмендегі сұрақтарға кезекпен жауап беріп, сұхбаттасындар. Ойларыңды тиянақтап, өзіндік түсініктепіндеңді нақты сөздермен көлтіріндер.

Сандар	Суреттерді пайдаланып, қандай сандық деректерді айтта аласындар?
Сөздер	Суреттердегі кейбір атаулар қалай пайда болған деп ойлайсындар?
Адамдар	Бұл суреттер кімдер үшін пайдалы?
Сезімдер	Осы суреттегі киімдер қандай жағымды/жағымсыз өсер берді?
Табиғат	Қоршаған ортамен, табиғатпен байланысы қандай?
Әрекеттер	Суреттердегі адамдар немен айналысады?
Дыбыстар	Осы суреттерге қатысты қандай әндерді білесіндер?
Көзқарастар	Суреттердің бірін таңдал, сипаттаңдар.





- 2.** Еркін Шәкірұлының «Қазақ киносындағы салт-дәстүр» мақаласын (02. mp3) аудиожазбадан тыңдал, негізі ойды анықтаңдар, ғаламдық мәселелермен байланыстырыңдар. «Блум түймедағы» тәсілі арқылы сұрақтар дайындаңдар.

Білу	Қарапайым сұрақтар	Кім? Қашан? Қайда? Қалай?
Түсіну	Анықтауыш сұрақтар	Егер мен дұрыс түсінsem, онда... Менің ойымша, сіз ... дедіңіз.
Қолдану	Тәжірибелік сұрақтар	Қалай қолдануға болады?.. Одан не істеуге/шығаруға болады?..
Талдау	Интерпретациялық (түсіндіруші) сұрақтар	Неге?
Жинақтау	Шығармашилық сұрақтар	Егер..., онда не болады?
Бағалау	Бағалаушы сұрақтар	... қалай қарайсыз?

!

Әдеби тіл

Сипаттауда

Баяндауда

Пайымдауда

Зат пен құбылыстың негізгі, мәнді белгілері айтылады. Мысалы: *Бұл күнде тола түскен Әйгерімнің нұрын сәнді таза күмі асіресе көркейткендей* (М.Әхезов).

Зат пен құбылыстың өзара байланысы сөз болады. Мысалы: *Фалымдар атомды заттың бөлінбейтін бөлшегі деп ойлады. Кейін оның протонга, нейtronга және электронга бөлінетін анықталды* (Физика оқулығынан).

Құбылыстың болу салдары мен себебі көрсетіледі. Мысалы: *Планеталардың орбиталары эллипс пішінді болғандықтан, олардың фокустары Күнде орналасқан эллипс бойымен айналады* (Физика оқулығынан).



- 3.** Нақыл сөзді ерекше тембрмен оқып, ой түжірымын жасаңдар. Әдеби тілдің белгілерін атаңдар.

Жаудан да, даудан да қорықпаған қазақ едім. Енді қорқынышым көбейіп жүр. Балаларын бесікке бөлемеген, бесігі жоқ елден қорқам. Немересіне өртегі айтЫП беретін

әжелердің азаюынан қорқам. Дәстүрді сыйламайтын балалар есіп келеді... Қолына кітап алмайды. Үйреніп жатқан бала жоқ, үйретіп жатқан әке-шеше жоқ...

(Б.Момышұлы)



4. Берілген клишелер мен лексикалық құрылымдарды орынды қолданып, Б.Момышұлының пікірі туралы пайымдау әсессін жазыңдар. Сөз саны – 80–100.

Менің ойымша, осы мәселе төңірегінде ойланға келе, өз пікірімнің дұрыстығына көз жеткізу үшін, ақын (жазушы) осылай баяндайды, осы ой шығармасында былай көрініс тапқан, шығарма кейіпкерін еске алсақ, қорыта келе, осындаи қорытынды шығаруға болады, жоғарыда айтылған пікірлерді жинақтай келе, келтірілген дәлелдер бізді осы ойға жетелейді, осы тақырыпты талқылауды қорытатын болсақ т.б.



Дауыссыз дыбыстардың жазылуы

1. *Ж, з, к, қ, л, м, н, п, р, с, т, ш* дауыссыз дыбыстары сөздің барлық буындарында кездеседі: *қазақ, зан, момын, күрек, наным, рас, шам, сот, нан* т.б.
2. *Й, ң, һ* дыбыстары сөздің басында (*йод* сөзінен басқа) қолданылмайды, тек сөздің ортасында және аяғында қолданылады: *жаңа, аң, жай, қайрат, қаһар* т.б.
3. *В, ф, ч, ң* дыбыстары қазақтың байырғы сөздерінде қолданылмайды, ал кірме сөздердің барлық буындарында қолданылады: *автор, дифтонг, диспетчер, концерт, цех, матрац* т.б.
4. *Щ* дыбысы қазақтың *аңы, тұңғы* деген байырғы сөздерінде ғана қолданылады.
5. *Х* дыбысы араб-парсы тілдерінен және орыс тілінен енген бірқатар сөздерде кездеседі: *хат, хабар, халық, техника, химия*.
6. *Б, в, г, ә, ә* дыбыстары қазақтың байырғы сөздерінде сөз аяғында қолданылмайды, тек орыс тілінен енген сөздердің аяғында қолданылады: *актив, отряд, устав, клуб* т.б. Ал *ғ* дыбысы сөздің басында және ортасында келеді: *ғарыш, ағаш, самға* т.б.
7. *Й* дыбысына аяқталған етістікке тұйық етістіктің -ұжұрнағы жалғанса, бүл екі әріп бірігіп, *-ю* болып жазылады: *той+у=тою, жай+у=жаю*. Ал көсемшениң *-а* жұрнағы жалғанда, бүл екі әріп я әрпіне өзгереді: *жой+а=жоя* (жоя алмады), *жай+а=жая* (жая бастады).



- 5.** *K*, *x* өріптері бар сөздердің жазылуын есте сақтай отырып, сөйлем күраңдар.

Қош (болыңыз), хош (иіс), хал (ахуал), қал (дақ), хат, қат (тапшы), бақыт, хабар, рақмет, рақат, барқыт, дарқан, ақырет, халық, хазірет, қошемет, дастарқан, тақсыр, уақыт.



- 6.** Мәтіннен айтылуы бойынша жазылған сөздерді тауып, емле ережесі бойынша түзетіп жазындар. Әуен, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданып, бір-біріне оқып беріңдер.

Бір гүні Қаражігіт би Қазыбектің үйіне геледі. Әңгімелесіб отырғанда Қазыбек:

– Да, жігіт, «атадан жақсы ұл туса, елдің туы болады, атадан жаман ұл туса, көштің соңы болады» деп еді. Соның тайсысы боласың? – дейді.

Сонда Қаражігіт:

– «Ораздының гәрісі қартайғанда қазына болады, шырлының гәрісі қартайғанда қазба болады» деп еді. Сіз өзіңіз соның тайсысы боласыз? – депті.

– Иншалла, қазынамыз ғой, – дей беріпті сонда Қазыбек.

– Иншалла, біз елдің туымыз, – депті Қаражігіт.

(«Шешендейк шырлары» кітабынан)




- 7.** Берілген екі тапсырманың бірін таңdap, орындандар.
1. «Салт-дәстүр – тәrbие негізі» тақырыбында аргументті әссе жазындар. Сөз саны – 150–170.
 2. Орфографиялық сөздіктен *блъ*, *бръ*, *ль*, *льт*, *льст*, *ркс* өріптеріне аяқталған сөздерді тауып, олармен сөйлем күрастырындар.

§4.

Қолөнер – сырлы өнер



1. Суреттегі бүйым атауларын топтарға бөліп жазып, «Құндылықтарды жаңғырту – өркендеудің берік діңгегі» тақырыбына пікір алысындар.
- Ағаштан жасалатын бүйымдар: ...
 - Ұлттық киімдер: ...
 - Теріден жасалатын бүйымдар: ...
 - Сүйек, мүйізден жасалатын заттар: ...
 - Жұннен жасалатын заттар: ...
 - Зергерлік бүйымдар: ...
 - Ою-өрнек және олардың түрлері: ...



2. «ЭКСПО-дағы ұлттық көдесійлар шетелдіктерге қазақ мәдениетін танытуда» (03. tr3) аудиожазбасын тыңдалап, «Болжау» кестесін толтырындар.

Мәтін белімдері	Қандай мәселе көтеріледі? (Не болады?)	Қандай мәселе көтерілді? (Не болды?)



3. Тыңдалым мәтіні бойынша өз білімдеріңе сүйеніп, тақырыпты жалғастырып, сұхбат құрындар.



Бірге жазылатын сөздер

1. Тұлғасы өзгертіліп кірікken сөздер: *бүгін* (бұл күн), *биыл* (бұл жыл).
2. *Еш, кей, бір, қай, әлде* сөздерімен біріккен есімдік, үстеулер: *ешкім, біржола, әлдеқашан*.
3. Терминдік мәнге ие болған атаулар: *сөзжасам, басласөз*.
4. Екі-үш түбірден құралған аң-құс, жан-жануар, өсімдік және т.б. атаулары: *қараторғай, бірқазан, алабома*.
5. Екінші сыңары *аралық, ішілік, тану* деген сөздер: *халықаралық, мектепішілік, абайтану*.
6. Бірінші сыңары шеттілдік; екінші сыңары қазақ сөздерінен тұратын біріккен сөздер: *инфрақызыл, фотосурет, автокөлік, аэрошана, агроОнеркәсіп*.
7. Екі-үш сөзден құралған кісі аттары мен географиялық атаулар: *Айнұр, Орынбасар, Екібастұз, Ақсу*.
8. Екінші сыңары *ұлы, қызы* болып келген кісі тегі: *Момышұлы, Сұлтанқызы*.
9. Салт-дәстүр, кәде, жоралғы атаулары: *атұстар, беташар, отқакүяр*.
10. Бірінші сыңары зат есім, кейде етістік, екіншісі *-ты* (-ti, -ды, -di) немесе *-па* (-пе, -ба, -бе) қосымшалы сөзден тұратын бейнелі тіркестер: *алыпқашпа* (сөз), *жолсоқты* (булу), *қағазbastы* (булу), *пышақkesti* (тыйылу).
11. *Бек, хан, мырза, құл, әлі* (әли, ғали) сияқты сөздермен жасалған есімдер: *Аманғали, Орынхан, Әбдуәлі, Құралбек, Рысқұл, Нұрғали*.

Ескерту:

- титул мағынасындағы *бек, хан, би, мырза* деген сөздер бөлек жазылады: *Абылай хан, Төле би, Құнанбай мырза, Құтлықтемір бек*.
- *ақ, қара, қызыл, қоңыр, сұр, шұбар* сияқты сын есімдер аң-құс, өсімдіктердің түсін айыру үшін қолданылатын болса, бөлек жазылады: *ақ аю, сұр жылан, шұбар бақа*.

Бөлек жазылатын сөздер

1. Анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері: *ағаш көпір, қой қора, қыз бала, ұл бала, асыл тас*.
2. Күрделі сан есімдер, күрделі сын есімдер: *он бір, бір мың тоғыз жүз елу үш, екі жарым, қара ала, ақ құба, ақ сары, қызыл күрен, қара торы*.
3. Күрделі етістіктер; есім, еліктеу сөздермен тіркескен құрама етістіктер: *жаза бер, жазып отыра бер, жүгіре жөнелді, қызмет ет, жәрдем ету, шап ету, лап қою, тап беру, қол шапалақтау, ду етеп түсті, баж ету*.

4. Толық мағыналы сөзбен тіркескен шылаупар: *жыл сайын, сабактan кейін, бұдан бұрын, туске шейін, бар ма екен? қалам мен қағаз, керек қой, халық та, үкімет те, сен ше?*

Ескерту: ұрда-жық, аста-төк, уда-шу тәрізді лексикаланған тіркестер бірге әрі дефис арқылы жазылады.

5. Негізгі сөзге тіркескен көмекші есімдер: *есік алды, үй арты, көпір асты, үстелдің үсті, қала маңы.*

Ескерту: атаулық мағынаға ие болған сөздер бірге жазылады: *сайлауды (науқан), мектепалды (топ), тіларты (дыбысы), жерусті (жұмыстар).*

6. Идиомалық, фразеологиялық тіркестердің әрбір сөзі бөлек жазылады: *жолы болды, қой аузынан шөп алмайды, қас пен көздің арасында, қол ұшын беру.*



4. Төмендегі сөздермен сөйлем құрастырып, емлесін есте сақтаңдар.

Атсалысу, бойყру, тісқаққан, көкезу, ақниет, ақкөніл, бас тарту, қырги қабақ болу, қол жалғап жіберу, алыпқашпа (сөз), жүрекжүтқан, жүрекжарды (хабар), қағазбасты, кітапқұмар.



5. Төмендегі сөздерді мағынасына қарай кестеге толтырыңдар.

Балық атаулары: айбалық, ...

Ойын атаулары: алтыбақан, ...

Өсімдік атаулары: ағашшырмауық, ...

Зергерлік бүйым атаулары: білезік, ...

Зоологиялық терминдер: айырқүйрық, ...

Ағашшырмауық, шашбау, алтыбақан, айырқүйрық, ақжапалақ, айғыржуа, айдаршөп, айбалық, айнакөз, ақбөкен, өңіржиек, қақпатас, ақбидай, ақжалбыз, ақжелек, ақтиін, қазандоп, ақкөз, ақсерке, қозыжарыс, білезік, ақшабақ, ақшағала, арқаржусан, арпабас, ашытамыр, итжидек, сартұқыш, өгістартыс, бүйраторғай, шағыршай, шайжапырақ, шайқурай, шаянмойнақ, шатыршөп, шегіргүл, шерменгүл, ақсүйек, бірқазан, ханталапай.



6. Мәтінді оқып, алған әсерлерінде талқыланадар. Тілдік құралдары арқылы стилін ажыратыңдар.

Гобелен өнері туралы не білеміз?

Тоқыма өнері – қолөнердің көнеден келе жатқан түрі. Кілем тоқушы шеберлер қазақтың ұлттық өнеріне өз үлестерін қоса білді. Тоқыма өнерінің түрлері: кілем, алаша, ши тоқу, гобелен өнері – жылдан жылға дамып келеді.

Суретті кілем – гобелен өнерінің шығу тарихы XV ғасырдан басталады. Ең алдымен Франция, Италия, Германия елдерінде дамыды. Кейіннен Балтық жағалауында, Кавказ және Ресей елдерінде кең өріс алды. Гобелен тоқуға кендір жіп, су өсімдіктері және жүннен иірілген жіп пайдаланылады. Балтық жағалауы суретшілері гобелен тоқуда көбінесе табиғат көрінісін белгілесе, Кавказ гобелен тоқымашылары тарихи оқиғалар мен эпостарды бейнеледі. Ресей суретшілері тақыр кілем үлгісімен суреттер салып тоқыды.

Гобелен өнерінің қазақ қолөнеріне қадам басуы 1970 жылдардан басталды. Осы жылдары біздің елде тақырыптық, терең философиялық мазмұнды көркем туындылардың алғашқы бастамасы қалыптасты. Ұлттық дәстүрлі тоқыма өнері аз уақыт ішінде жаңа сипатқа ие болып, гобелен өнерімен тоғысты.

Құрасбек Тыныбеков (1947–1980) шығармашылығының дамуы тікелей гобелен тоқу өнерімен байланысты. Оның шығармашылық ізденістегі басты жетістігі – классикалық гобелен тоқу дәстүрін ұлттық өнер дәстүрімен сабактастыруы. Ең алғаш орындаған гобелендері: «Шолпан», «Отбасы», «Көктем», «Tau мен дала» – композициялық құрылымы күрделі, бояу үндестігі басым туындылар еді. Қ.Тыныбеков гобелендер, текеметтер жасау барысында өртүрлі техникада жұмыс істеді.

(«Қазақ ұлттық әнциклопедиясынан»)



7. «Ұлттық қолөнерді бүгінгі күні өз кәдемізге жаратып, қолдана аламыз ба?» деген сұраққа өз ойларынды білдіріп, келісу/келіспеу әсессін жазыңдар. Сөз саны – 80–100.



8. Жақшаны ашып, сөздердің бірге не бөлек жазылу ережесіне сайдұрыс жазындар.

1. Бұдан бұрын (еш уақытта) Гүлсары қасқыр үнін естімеген, лезде тұла бойы мұздап, үрей қарман қалды (*Ш.А.*).
2. Абайдың (ақ мәндайы) кейде Құнанбай жүрісі баяуласа, жол жорғасын салады да, (сары жорға) қатты тайпалып кетсе, амалсыздан желе жөнеледі (*М.Ә.*). 3. Қаныштың (Қазақ Фылым академиясындағы) президенттік қасиеттерінің ең зоры – аса талантты және қажырлы, еңбекке төзімді үйимдастыруши екендігі (*М.Ә.*). 4. Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенинен де, болашағынан да (қол үзеді) (*F.M.*). 5. Иесі анау үйдің бұрын болған, кісі еді заманында (бақыт қонған) (*A.B.*). 6. Бұл (қара сөз) Абайдың өз тұсындағы күнделікті өмір шындығына қолма-қол қатынасып, (жәрдем етсем) деген талабын көрсетеді (*М.Ә.*). 7. Мамырбайдың бәйбішесі маң-маң басып, (киіз үйін) қағып-сілкіп, жинатқызып жүрген еді (*Ж.А.*). 8. Бұлар хазіреттің қорасына кіріп, асау құнанды ат қораға байлағанда, хазірет өзі кіріп, сыйлық екенін іші біліп, (үн қатпаған) болатын (*М.Ә.*).



9. Оқылым және тындалым мәтіндері бойынша «Плюс – Минус – Қызықты» кестесін толтырындар.

Не үнады?	Не үнамады?	Жаңа ақпарат, қызықты фактілер



10. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Гобелен өнеріне үлес қосқан суретшілер туралы мәлімет жирап, әссе жазындар. Тақырыбын өздерің қойындар. Сөз саны – 150–170.
2. Орфографиялық сөздіктен бірінші сыңары *tele, радио, авто, аэро, агро, авиа, фото, кино, ультра, инфра, электр* сөздерінен жасалған біріккен сөздерді теріп жазып, олармен сөйлем құрастырындар.

§5.

Қазақ киносы – қазақ тарихы



1. Сұрақтарға жауап беріндер.

1. Кинотеатрға жиі барасындар ма?
2. Қандай жанрдағы кинолар ұнайды?
3. Кинодан қандай тәлім-тәрбие алуға болады?
4. Отандық кино ұнай ма, өлде шетелдік кино ұнай ма?
5. Қазіргі қазақстандық кинолар туралы пікірлерің қандай?



2. Мәтіндерді оқып, негізгі ойды анықтаңдар. Терминдері мен тілдік оралымдары арқылы мәтіндердің стилін анықтаңдар.

Қазақ кино өнері

Қазақ киносының алғашқы қадамы 1925 жылы жасалды: Қазақстан туралы алғашқы деректі фильм түсірілді. «Ленфильм» студиясының ұжымы қазақтың кино қайраткерлесінің қатысуымен «Амангелді» (1938 ж. Реж. М.З.Левин) көркемфильмін жасады. Бұл фильмнің сценарийін Бейімбет Майлин мен Фабит Мұсірепов жазған. Қазақ көркем фильмінің тарихы осы туындыдан басталды.

1941 жылы Алматыда көркем фильмдер шығаратын киностудия үйімдасыш, 1944 жылы ол Алматының көркем жөне деректі-шежірелік фильмдер студиясы (1960 жылдан «Қазақфильм») деп аталды. Қазақ киностудиясы алғашқы үйімдасқан кезінен бастап 100-ден астам көркем фильм, 500-дей деректі фильм шығарған. Бұл фильмдер тақырыбы жағынан өр алуан. Экранға қазақ халқының өткен өмірін көрсететін, соғыс жылдарында халық батырлары туралы, заманауи тақырыпқа арналған картиналар шықты. Мысалы, «Абай әні» (1946), «Махаббат дастаны» (1954), «Шоқан Үәлиханов» (1957), «Ботагөз» (1957), «Віздің сүйікті дәрігер» (1957), «Мениң атым Қожа» (1963), «Атаманың ақыры» (1971), «Қызы Жібек» (1972), «Орман балладасы» (1972) т.б.

Қазақ киносын дамытуға режиссерлер Ш.Айманов, М.Бегалин, А.Қарсақбаев, С.Қожықов; актерлер Қ.Қуанышбаев, Е.Өмірзақов, Н.Жантөрин, С.Қожамқұлов, Ә.Өмірзақова т.б. мол үлес қосты.

(«Қазақ мәдениеті» энциклопедиялық анықтамалығынан)

Ш.Айманов туралы әнші Б.Төлегенованың естелік әңгімесі

Шәкен аға театр өнерімен өуестенді. Қазақ драма театрының сахнасында 20 жыл еңбек етіп, актерлік шығармашылығын шындағы. 1947–1951 жылдары М.Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театрының бас режиссері қызметін атқара жүріп, шығармашылықпен айналысты. 1954 жылдан бастап кино өлеміне шақырту алып, режиссерлікке бел шеше кірісті. 1959 жылды КСРО Халық әртісі атағын иеленді.

Бұкіл күш-жігерін, дарынын қазақ киносына жұмысады, қазақ киносының алғашқы кірпішін қалады. «Махаббат дастаны», «Алдар көсе», «Біз осында тұрамыз», «Атаманның ақыры», «Атамекен», «Өн қанатында» сынды фильмдерімен халқымызды күллі өлемге танытып, артына өлмейтін мұра қалдырды.

Оте сәтті шыққан киноларының ішінде әйгілі «Біздің сүйекті дәрігер» және «Тақиялды періште» атты екі музыкалық комедиясы бар. Сол екі фильмге де шақырту алды...

«Біздің сүйекті дәрігер» менің шығармашылығымда үлкен рөл атқарды. Фильм бұкіл Қенес Одағында кең көлемде жүргірді, тіпті шетелде де көрсетілді.

1970 жылды «Атаманның ақыры» фильмі үшін Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығы берілді, бірақ сол сәтті өзі көре алмады.

Шәкен Аймановтың қазақ киноөнері үшін сіңірген еңбегі ұлан-ғайыр.

(Меруерт Илиясова)

«Алмас қылыш»

Көрнекті жазушы I.Есенберлиннің «Алмас қылыш» романы желісімен қойылған кинодастанды түсіруге 500-ге тарта адам, 100-ге жуық актер жұмылдырылды. Фильм XV ғасырдың орта түсін, Әбілқайыр хандығынан бөлініп, Қерей мен Жәнібектің Жетісуда өз ұлыстарын құрған сәтін суреттейді.

Рұстем Әбдіраш, қоюшы-режиссер:

– I.Есенберлиннің үш томдық трилогиясының бірінші кітабын негізге алдық. Бірақ фильм тұтас кітаптағыдай болған жоқ. Себебі Илияс ағамыз кітапты жазған кезде тарихи деректердің кейбірі болмаған. Қенес идеологиясына сай көп нәрсе

айтылмады. Сондықтан біз тарихи оқигаларды қайтадан қалпына келтіруге тырыстық.

Қайрат Кемалов, Қерей ханның рөлін сомдаған актер:

– Берісі қазақ тарихы, әрісі жалпы түркі, Еуразия көшпенделер тарихы мені бұрыннан қатты қызықтыратын. Сондықтан бұл рөл менің мойныма жүктелгенде өте қатты қуандым. Бірақ ұлы тұлғаның сахналық бейнесін жасау оңай болған жоқ. Іздендік...

Deffis arқылы жазылатын сөздер

Дефис – орфографиялық, ал сызықша пунктуациялық таңбаға жатады. Сондықтан дефис келген жерде кідіріс жасалмайды. Бұл – оның сызықшадан ажыратылатын басты белгісі. Екіншіден, дефис сызықша секілді сөйлемнің мазмұнына әсер етпейді. Үшіншіден, шартты түрде алғанда, дефис сызықшадан қысқа болады.

Дефиспен жазылатын сөздер:

- 1) қос сөздер: *ата-ана, құрбы-құрдас, ауыл-аймақ;*
- 2) екі сөзден тұратын ғылыми дәреже, атақ не мамандықты көрсететін атаулар: *вице-министр, корреспондент-мүшес;*
- 3) қосалқы мүшелі құрделі атаулар: *кафе-бар, телефон-автомат;*
- 4) цифрмен жазылған реттік сан есімдер: *58-үй, 65-пәтер, 8-қатар, 12-орын;*
- 5) -ақ, -ай, -ау, -ды (-ді, -ты, -ті), -мыс (-міс) шылаулары: *айтқан-ды, балам-ай, естілті-міс;*
- 6) кейбір одағай сөздер: *моһ-моһ, құрау-құрау;*
- 7) түркі, парсы т.б. халықтар есімдерінің соңында келетін *паша, бей, заде, оғлы* сынды есімдер: *Осман-паша, Хамза-заде;*
- 8) араб халықтары есімдерімен келетін *әл, аш, ар, аз, әд, бен* сияқты элементтер: *әл-Фараби, Рашид әд-Дин;*
- 9) басқы әріптермен қысқарған сөзге, цифрмен жазылған сан есімге, жеке әріп түрінде алынған объектіге жалғанатын қосымшалар: *БҰҰ-га, 450-ден, 50%-ін;*

Ескерту:

- рим цифрынан кейін дефис қойылмайды: *XXI ғасыр, IV курс.*
- құрделі құрама атаулар жасайтын кейбір көмекші сөздер (*ат, ас, әл*) сөз басында келсе, бас әріппен, сөз ортасында келсе, кіші әріппен, дефис арқылы жазылады: *Әл-Фараби даңғылы. Институт әл-Фараби даңғылында орналасқан.*

Бас әріппен жазылатын сөздер

Темендегі жағдайларда бас әріппен жазылады:

- 1) жалқы есімдер: *Қызылорда, Абылай, Талас өзені, Шолпан жұлдызы;*
- 2) жоғарғы мемлекеттік қызмет атаулары мен құрметті атақтар: *Президент Әкімшілігі, Халық Қаһарманы;*
- 3) мемлекет, республика, жоғарғы мекемелер мен үйымдар атаулының әр сөзі: *Қазақстан Республикасы, Біріккен Ұлттар Ұйымы;*
- 4) нұкте, сұрау, леп белгілерінен кейінгі сөйлемнің бірінші сөзі, өлеңнің әрбір жолы: *Жанұя – шағын мемлекет, Мен – президент, сен – премьер (Қ.Аманжолов);*
- 5) кісі аттарымен қабабтаса айтылатын тұрақты әпиттеттері бар жалқы есімдер: *Жаяу Мұса, Ер Төстік, Қыз Жібек;*
- 6) бас әріптермен қысқарған сөздер: *БҰҰ, ТМД;*
- 7) түрлі мекемелер, білім-ғылым орындарының құрделі атауларының бірінші сөзі: *Павлодар мемлекеттік университеті;*
- 8) мифологиялық кейіпкерлердің, әулиелердің аттары: *Бекет ата, Арыстан баб (баба), Ойсылқара, Зенгібаба;*
- 9) мал, құс, ит т.б. қойылған аттар: *Байшұбар, Тайбурыл, Бәрібасар;*
- 10) маңызды тарихи оқиғалар, мерекелердің аттары: *Ұлы Отан соғысы, Ақтабан шұбырынды, Женіс күні;*
- 11) орден, медаль аттары; құрметті атақтардың бірінші сөзі: «*Құрмет*» ордені, «*Барыс*» ордені, «*Күлтегін*» медалі;
- 12) ресми құжаттардағы шартты атаулар: *Жоғары мәртебелі Президент мырза, Елбасы;*
- 13) көше, алан, парк, шоссе, көпір, жол және т.б. аттарының бірінші сөзі: *Жібек жолы көшесі, Республика алаңы;*
- 14) кітап, газет, журнал аттары: «*Қартқожа*» романы, «*Ана тілі*» газеті;
- 15) рудың аты жалқы есімнің алдынан келетін тұрақты әпиттеттің орнында жұмсалса: *Қызылқұрт Теке би, Қаракерей Қабанбай.*

Тасымал

Жазып келе жатқан жолға сыймаған сөз буын жігіне қарай тасымалданады: *ба-лу-ан, тәр-бие, өне-ге-лі.* Тасымалданбайтын сөздер:

- 1) бір буынды сөздер: *спорт, ұлт;*
- 2) бас әріптен қысқарған сөздер: *ИнЕУ, ҚазҰПУ;*
- 3) қысқартылған кісі есімін фамилиядан айырып тасымалдауға болмайды: *М.Әуезов, С.Мұқанов;*
- 4) қысқарған шартты белгілерді цифранан бөліп тасымалдауға болмайды: *5 m, 30 m;*
- 5) сөздің жалғыз әрпін қалдырып тасымалдауға болмайды: *i-лім, а-на.*



3. Сөйлемдердегі дефистің неге, қандай жағдайда қолданылғанын түсіндіріндер.

1. Киіз үйлердің жанында адамдар әңгіме-дуken құрып отыр (Ш.А.). 2. Жидебайға қайтардың алдында Абай әкесінен көші-қон жайын сұрастырған (М.Ә.). 3. Ауыл үстінен қашқандарын иттер қуып, Ботақан бойы азан-қазан болды (М.Ә.). 4. Азын-аулақ қойлар мен төртті-бесті ірі қараның айналасында қатын-қалаш, көрі-құртаң, ер-азамат көп-көптен келеді (М.Ә.). 5. Улкен күміс қапсырмамен бір-ақ жерден түймелеген камзолының қынама белі жеммен болымсыз тербеледі (Д.Ә.). 6. Ол – ашаң жүзді, мұрынды, жұмыр ақ саусақты Фан-Штейн еді (F.M.). 7. Бала у-шу, малай қиқу, мал маңырап, ит жаң-жүқ (Ж.А.). 8. Жасыбай көлі сол таудың қойнауында қызылды-жасылды көрден кесеге құйып қойған зәмзәм суындаі мөп-мөлдір (Б.М.).



4. Сөйлемдердегі бас әріппен келетін сөздерді анықтап, жазылу себебін түсіндіріндер.

1. аздан соң ербол абылардан бөлініп, көлқайнарға қарай тартып кетті (М.Ә.). 2. қасым пішенбаев көмір тапқаннан кейін, ол баянауыл, қарқаралы жерлерін сонау балқашқа дейін иемденіп алады. 3. ұлы сібір теміржолының салынуына байланысты XIX ғасырдың аяқ кезінде екіbastұз көмірін пайдалану үшін «воскресен тау-кен акционерлік қоғамы» ұйымдасады. 4. павлодар қаласына таяу, ертістің сол жақ жағалауындағы воскресенская пристанына екіbastұздан тар табанды теміржол тартылды да, сол жолмен екіbastұз көмірін дерев ертіс арқылы омбыға тасытады (Ә.Нүриш.). 5. араб басқыншылығынан кейінгі кездегі қараханид кезеңінің тілдік ерекшеліктерін сипаттайтын жазба материалдарға жүсіп баласағұнның «құтадғу білік» атты поэмасы, махмұд қашқаридің «диуани лұғат-ат түрік» атты лингвистикалық еңбегі, ахмет иүгінекідің «нибат-уль-хакаик» атты еңбегі, қожа ахмет ясаудің шығармалары («хикметі») жатады (С.И.). 6. шығыстың классикалық әдебиетінің қазақша еркін аудармалары, яғни шығыс сюжеттерін қайталап қазақша жырлаған туындылар: «шахнаме», «ләйлі-мәжнүн», «жүсіп-зылиха», «фархад-шырын»,

«ескендір», «мұңлыш-зарлық», «сейфүл-мәлік», «бозжігіт», «шахмардан», «шәкір-шәкірат» және т.б. (Р.С.).



5. Қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, мәтінді аяқтаңдар. Сөз саны – 80–100.

Шәкен Айманов – қазақ өнерінің шоқтығы биік тұлғасы, талантты актері өрі режиссері. Ол үлттық театр өнері мен кино саласының қалыптасуы мен дамуы үшін бүкіл ғұмырын арнады...



6. Тасымалдауға болмайтын сөздерді теріп алып, сөйлем құраңдар.

Шекшеката, қыын, айқас, А.Құнанбаев, ақуыз, мәдениет, дүние, айыл, әзіл, Ресей, Сәкен, ақылы, ҚазҰПУ, 5 метр, 2011 жыл, F.Мұстафин, қияр, суыр, киіз, сояу, ағашаяқ, алабұта, ақыл-ес, ашықауыз, белағаш, бесаспап, биялай, буынарлық, көусар, кейқуат, көкайз, көзақы, ашыот, ПМУ, 21 кг, 9 т, спорт, ұн, бауырсақ, өлем.



7. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Өздерің көрген қазақ кинофильмі туралы мақала жазындар. Сөз саны – 150–170.
2. Жақшаны ашып, сөздерді орфографиялық нормаға сай (бірге, белек, дефис арқылы) жазындар.

Абыр (күбір), авиа (апат), авиа (зауыт), авто (бекет), авто (жол), ағайын (жегжат), ағаш (үй), ағаш (тарақ), ағаш (көмір), адал (ақы), қалам (ақы), азу (тіс), айыл (тартпа), айыр (көмей), ақ (бата), ақ (бидай), ақ (бөкен), ақ (желек), ақ (жол), алма (ағап), алма (кезек), арпа (бидай), арпа (шөп), ауыз (су), ауыз (үй), ашық (хат), аэро (сурет), аэро (флот), әзіл (ажуа), әлде (бір), әр (кез), әр (қашан), әулие (әнбие), алмалы (салмалы).

§6.

Сөз мәдениетінің адам қарым-қатынасындағы орны



1. Тор көздерден Кей-Қабустың сөз мәдениеті туралы пікірін оқи аласыңдар. Төмендегі сұрақтарға берген жауаптарыңды Кей-Қабустың пікірімен салыстырыңдар.

		сөз		Жақсы сөйлей			
		білген жөн.	сөйлей білу.	білуге үйрен:		өйткені	
сөз өнері	Адам-заттың	Сөзді	сыпайы,	қандай	әдет-тенсек,		
Барлық өнерден	жақсы екенін	ең, асыл	өз орнымен	анық сөйлеуді	сөзді	тіл	соны айтады.
		қасиеттерінің бірі –	сөйле.	әдет қылғайсың,	айтуды		

1. Сөз мәдениеті дегенді қалай түсінесіндер? Адамдар арасындағы қарым-қатынаста сөз мәдениетінің рөлі қандай?
3. Қазақ тілінің қоғамдағы қолданылу аясы, езіндік орны қандай деп ойлайсыңдар?



- 2 Мәтіндерді графикалық ақпаратпен толықтырып оқып, негізгі ойды анықтаңдар. Мәтіндерге тақырып қойыңдар.



Сөз мәдениеті дегеніміз – «қарым-қатынас құралын қалай игеріп, өмірде қалай пайдаланып жүрміз; оның әрқи-лы амал-тәсілдерін дұрыс, дәл қолданып, мазмұнды, әсерлі

етіп жұмсай алдық па?» дегенге саяды. Сонымен, сөз мәдениеті – әдеби тілдің грамматикалық, лексикалық, стилистикалық, орфоэпиялық, орфографиялық нормаларын меңгеру, сонымен бірге бейнелеуіш, көріктеуіш амал-тәсілдерді қарым-қатынас жасаудың мақсаты мен мазмұнына сай қолдана білу.

Дұрыс сөйлеп, дұрыс жаза білуге дағыланған, әдеби тіл нормасына төсөлген адамның сөйлеген сөзі де, жазғаны да кедір-бұдырсыз жатық шығып жатады. Тіл амалдарын дұрыс қолданып, әдеби тіл нормасын сақтап, одан жөнсіз ауытқымауды сөз жатықтығы деп түсінуге болады. Тіл амал-тәсілдерін дұрыс жұмсауға, сөз жатықтығына ғана қанағат етіп қою жеткіліксіз. Сөйлеушінің сөзі әдеби тілдің нормасына сай дұрыс жұмсалуы және «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетіндей», ой мен сезімді дәл жеткізе алатындағы әсерлі болуы да қажет. Тілде толып жатқан амал-тәсілдер бар. Солардың ішінен аса қажеттісін талғап ала білу арқылы ой мен сезімді дәлме-дәл жеткізе білу шеберлігі – сөз мәдениетінің биік шыны. Мұндай шеберлік, ең алдымен, тіл амалдарын әдеби тіл нормасына сай дұрыс қолданудан, сөз жатықтығынан басталады. Сондай қасиетке ие болғанда ғана сөйлеуші, жазушы сөз байлығы, сөз тазалығы, сөз дәлдігі, сөз әсерлілігі тәрізді сапалармен тыңдаушысын я оқушысын баурап алады.

(Н.Уәли)

II

Қазақтың қарапайым қарым-қатынас түрлерінен бастап барша болмысына дейін айқын көрініс тауып отыратын нәрсе бар. Ол – сұхбаттасқан адамның жан дүниесін тануға деген құлшыныс, сырласының жүрек түкпіріндегі мұң-сырына ортақтасуға деген бейімділік.

Халқымыздың қарттықты құрметтейтін, жастықты үкілейтін, қайырымдылықты қастерлейтін игі дәстүрі және баляға мейірім, атаға қамқорлық, ағаға ізет, ініге ілтипатты кие тұтатын рухани өміршенендігі – осының бәрі әдептіліктің, мәдениеттің басты көрінісі емес пе?

Халқымыз анасын ардақтаған, қызын аялаған, жақсы сөз айтып, көңілін тасытпаса, қатты сөйлеп жасытпаған.

Қазақ – жан баласын жатсынбайтын, өзгенің түсінік-пайымына түсіністікпен қарайтын ел.

Қазақ халқы – болмысынан турашыл, адал, жомарт, батыр, қайсар, өжет ел. Бұл қасиеттер қазақтың қоғамдық өміріне өсер етіп, таңғажайып өмір салтын қалыптастыруды.

Бұл өмір-салт – қазақ мәдениетінің мәйегі. Ал қазақ мәдениеті – өрбір қазақ адамының рухани тірегі.

(«Әдептілік қагидалары» кітабынан)



Ауызекі сөйлеу стилі

Күнделікті қарым-қатынас, негізінен, ауызекі тілдесу арқылы жүзеге асады. Ауызекі сөйлеу барысында өзіндік мақсат, тілдік құрылым, қолданыс ерекшеліктері байқалады.

Мақсаты: кеңесу, көзбе-көз тілдесу, пікірлесу, ой бөлісу.

Қолданылу аясы: еркін әңгіме – сұхбат, дауласу, көпшілік алдында сөйлеу.

Стильдік сипаты: сөздер мен сөз тіркестерін еркін қолдану, даярлықсыз өткізілуі, ым-ишара қолдану.

Сөйлеу тілінің ерекшеліктері, тілдік амал-тәсілдері:

- лексикалық ерекшеліктері: қарапайым, бейтарап, диалект, кәсіби, ауыспалы мағынадағы бейнелі сөздер, метонимия, эвфемизм еркін қолданылады;
- фонетика-морфологиялық ерекшелік: дыбыстар түсіріліп, сөздер кейде қысқартылып айтылады, оқшау сөздер мен эмоционалды-экспрессивті сөздер қолданылады;
- синтаксистік ерекшеліктер: сұраулы, лепті, толымсыз, риторикалық сұраулы сөйлемдер қолданылып, диалогке құрылады.



3. Мәтіннен ауызекі сөйлеу тіліне тән қолданыстарды анықтаңдар.

Бір жүрттың бас өкімі екінші бір байға жолығысып, сөйлесіп тұрғанда, қасынан бір жарлы мұжық өтіп бара жатып, иіліп, бас ұрып сәлем берді дейді. Оған қарсы әлгі өкім одан да тәменірек бас ұрып сәлем алды. Қасындағы бай:

– Тақсыр, осыншама жүрттың үстінен қараған өкімсіз, осы бір мұжыққа неге сонша бас ұрасыз? – деп айтты дейді. Сонда өкім:

– Ешбір ілім-білім үйренбеген мұжық сонша иіліп, әдептілігін көрсеткенде, мен одан әдепсіз болып қалайын ба? – дейді.

(БІ.Алтынсарин)



- 4.** Мәтіндердегі қате қолданылған сөздерді түзетіп, редакциялад, қайта жазындар. Себебін кестеге түсіріңдер.

Үлгі:

Қате қолданған сөздер	Себебі
<i>Күлкінішті</i>	«Күлкілі» сөзінің бұзып айтылған нұсқасы.

- a) –Адик, Салтаға кітап керек, сен апара салшы.
–Күлкінішті. Енді кітап тасып жүрсем сол.
–Гүл боп айтқанды жасай салсаң қайтеді?
–Мазамды алмаш. Музыка тыңдалап тұрм. Жынды музыка.
- ә) –Автобустың артын аш.
–Алдымызға бешбармақ келді.
–Жанұяңыз аман ба?
–Жасаған жақсылықтарыңызға үлкен рақмет.
–Сау-салауат болыңыз!
–Мүмкін емес. Қумашы!
–Кеше өткеншекте кәшендік.

Шылау және одагай сөздердің жазылуы



Шылау сөздердің жазылуы:

- 1) шылаулардың көпшілігі өздері қатысты сөзден бөлек жазылады.
Мысалы: *Күні бойы мұз ойған жігіттің кешке қарай екі алақаны дуылдалап жаңып кетті* (Ә.Н.).
- 2) *ма* (*ме, ба, бе, па, пе*), соң шылаулары жіктік жалғауынан бұрын келсе, оның тұлғасы *-мы* (*-мі, -бы, -бі, -пы, -пі*), *-сын* (*-сін*) болып өзгеріп, сөзben қосылып бірге жазылады да, одан кейін жіктік жалғауы жалғанады: *барасың ба – барамысың, барған соң – барғасын*. Мысалы: *Мұнда келгесін Ебейсін өзінің дағдылы көсібіне кіріспіл, жүрттың тері-терсегін шай, шекерге айырбастай бастады* (Ә.Н.).
- 3) *-ак, -ай, -ау, -ды, -ді, -ты (-ти), -мыс (-міс)* шылаулары дефис арқылы жазылады. Мысалы: *Екі жігіт Еламанды екі жағынан тырп еткізбей сығып ұстап тұрған-ды* (Ә.Н.).

Одагай сөздердің жазылуы:

қайталанып айтылатын одагайлар дефис арқылы жазылады: *құрау-құрау, пай-пай, құр-құр, кес-кес* және т.б.



- 5.** Сөз орамдары мен анықтамасын сәйкестендіріңдер. Шылау сөздер мен одағай сөздерді қатыстырып, берілген сөз орамдарымен сәйлем құрастырыңдар. Емлесін түсіндіріңдер.

Сөз орамдары		Анықтамасы
Сөлеметсіз бе?		Мұсылман жұрты амандасқанда қолданылатын сөз орамы
Аман-есенсіз бе?		Жас шамасы бірдей немесе қызмет бабындағы адамдар қарым-қатынасында қолданылады
Ассалаумагалей-күм!		Құрбы-құрдас, достардың амандасуы
Сөлем!		Бір сәттік кездесуден кейін қолданылатын қоштасу түрі
Сау болыңыз!		Алыс сапарға бет бүрғанда айтылатын сөз орамы
Арайлы күндерде жүздескенше!		Көбінесе жасы үлкен адамдардың жағдайын сұрау барысында қолданылады
Сапар сәтті болсын!		Келесі кездесуді асыға күтер сезіммен айттылатын қоштасу



- 6.** Ауызша сөйлеуге қойылатын талаптар тізімін жазыңдар. Әуен, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданып, бір-біріңе оқып беріңдер.

Үлгі:

Ауызша сөйлеуге қойылатын талаптар:

1. Ойын жагымды сөздермен жеткізу...



- 7.** «Әсерлі сейлеу әсерлі ойлауға ықпал етеді» тақырыбына өз көзқарастарыңың себебін, дәлелдері мен мысалдарын дайындаңдар.

Мениң көзқарасым	Дәлелім	Мысал

§7.

Сөйлеу шеберлігі және тіл мәдениеті



1. Фалымдардың пікірлерімен танысып, тіл мәдениеті, сөйлеу шеберлігі туралы ойларыңды ортаға салындар.

Тіл мәдениеті – тілдің қолданыстағы дұрыстығы, заңдылығы, нормалылығы, сөз қолданудағы орындылығы, сөз мәдениеті. Сөздерді бір-бірімен қилюастырып, сөз зергерлері оюлап берген көркемдігі мен әсем өрнегін орнымен қолдану сияқты амал-әрекет.


(Р.Сыздық)

Қиуын тауып қаламасаң, байлауын тауып ұстапасаң, сөз бөлшектері де сөгіліп кетеді. Ондай сөгіліп кеткен сөз – сөз болмай шығады немесе адамға арнап салған үйің құстың күркесі болып шыққандай, керекті сөз болмай, басқа бір сөз болып шығады.

(К.Жұбанов)



- 2 Сызбамен берілген мәліметтерді мәтінге айналдырып оқындар. Мәтіннің стилін, авторын анықтаңдар.





-  3. Қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, оқылым мәтініндегі ақпараттарға «Фишбоун» әдісі арқылы тұжырым жасаңдар.

Балық қаңқасының басына – мәселе тақырыбы, денесінің жоғары бөлігіне – себептері, тәменгі бөлігіне – дәлелдер, құйрығына тұжырым жазылады. Бір-біріңің жасаған тұжырымдарын негізінде ой бөлісіндер.

-  4. Екі топқа бөлініп, мектепшілік мерекелік жаңалықтар бағдарламасын жасаңдар. Оқушылардың қисынды сөйлеуіне, сөз саптауына мән беріндер.

1-оқушы – телестудиядағы директор; жиынтық ақпарат береді.

2-оқушы – тілші; оқиға орнынан ақпарат ұсынады.

Қалған оқушылар – тілші сұхбат алатын куәгерлер.

-  5. Тілді шүбарлау мәселесіне байланысты Б.Момышұлының толғанысын (04. mp3) аудиожазбадан тыңдал, кестені толтырындар. Мәтінде көтерілген мәселені талдай отырып, ғаламдық мәселелермен байланыстырындар.

Алынған сөйлем	Автордың пікірі	Менің пікірім

-  6. Тыңдалым материалында көтерілген мәселе бойынша ойларынды дәлелдейп, келісу/келіспеу эссеесін жазындар. Сөз саны – 80–100.



Қосымшалардың жалғануы

- 1) қосымшалар сөздің соңғы дыбысының, буынының әуенімен үнде-сіп, бірге жазылады: *біл-ім-ді, дарын-ды, парасат-ты* т.б.
- 2) -*бан, -гер, -кент, -хана, -стан, -еке, -жан, -қар, -кеш, -дар, -кей, -гәй, -кор, -қой, -мар, -маш, -нікі (-дікі, -тікі), -паз, -тал, -уар, -мен* (-*бен, -пен*) қосымшалары буын үндестігіне бағынбайды: *мейірбан, еңбеккор, өнергаз, тілмаш, сөзуар, ділмар, қаскөй, Асеке* т.б.
- 3) жалқы есімдер *й, ш* дауыссыз дыбыстарына аяқталса, -*ев (-ева)*; басқа дауыссыз дыбыстарға аяқталғанда, -*ов (-ова)*; дауыстыларға аяқталса, -*ин (ина)* қосымшалары жалғанады: *Сәтбай+ев – Сәтбаев, Бегалы+ин – Бегалин, Шахан+ов – Шаханов*.
- 4) -*ов, -ев* жүрнақтары арқылы жасалған фамилияларға қосымша түбірдің соңғы буынының жуан-жіңішкеleiгіне қарай жалғанады: *С.Жұнісовке, С.Исаевтың*.
- 5) әріптерден қысқарған сөздерге қосымшалар оның айтылу әуеніне қарай, ал олардың ішінде дауысты дыбыс болса, сол дыбыстың айтылу әуеніне қарай дефис арқылы жуан не жіңішке болып жалғанады: *ПМПИ-ге, ПМУ-дың, ТУ-144-ке*.
- 6) *күнө, кінө, шубә, куә, інкәр, күмән, Күләш, Күлән сияқты соңғы буында жіңішке ә әрпі жазылатын сөздерге қосымшалар жіңішке жалғанады, тек барыс, жатыс, шығыс жалғаулары мен етістік тудыратын -ла жүрнағы жуан айтылып, жуан жалғанады: кінәсіз, кінәлі (кінәсіна, кінәлау), куәсі, куәлік (куәға, куәдан), Күләштің (Күләшқа, Күләштан)*.
- 7) *б, в, г, ә* дыбыстарына аяқталатын сөздерге дауыссыз дыбыстан басталатын қосымшалар тек қатаң дыбыстан басталып жалғанады: *штаб-тан, педагог-тер, парад-қа, актив-ке, резерв-тік*.
- 8) *ст, сть, зд, сс, пл, мм, тт* дыбыстар тіркесіне біткен сөздер түбір күйінде ешбір өзгеріссіз жазылады да, оларға қосымшалар жалғанғанда, түбірдегі соңғы дауыссыз түсіріліп жазылады: *трест – трес-тің, трес-іне; ведомость – ведомос-қа, ведомосы; съезд – съез-ге, съез-інің; металл – металдар; грамм – грамы; прогресс – прогреске*. Алайда жалқы есімдерде сақталып жазылады: *Донбасс – Донбассстан, Гrimm – Гrimmgе*.
- 9) *ауыл, дауыс* деген бірен-саран сөздерге тәуелдік жалғауы жалғанғанда, дыбысталу ыңғайына қарай *ы, і* әріптері түсіріліп те, түсірілмей де жазыла береді: *ауылы, аулы, дауысы, даусы*.

- 10) п, х дыбыстарына аяқталатын кірме сөздерге дауыстыдан басталған қосымша жалғанғанда, п, х дыбыстары ұяңдамайды: *принцип – принципi, тип – типi, цех – цехи, тарих – тарихи.*
- 11) нд, мп, кт, мб, ск, фт дыбыстарына аяқталған кірме сөздерге қосымша жалғанғанда, түбір мен қосымшаның аралығына дәнекер ы, і өріптерінің бірі жазылады: *штамп+ы+лау, факт+i+ге.*
- 12) Ог, уг, рк, рг, нк, нг, кс, кт, ск, нкт, кль, брь, бль дыбыстарына аяқталған кірме сөздерге жіңішке қосымша жалғанады: *геологi, педагогтер, ансамбльге, пунктi.*
- 13) орыс тілінен енген бірқатар кірме сөздер дыбысталуы қазақша қалыптасқан түрінде жазылады да, қосымшалар сөздің соғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарай жалғанады: *облыс-қа, пойыз-ға, бәтеңке-ге, бәшке-нi, зауыт-қа, тауар-ды.*
- 14) жіңішкелік белгісіне аяқталған сөздерге қосымша буын үндестігі бойынша жалғанады, дауыссыз дыбыстан басталатын қосымша жалғанса, ы сақталады; дауысты дыбыстан басталатын қосымша жалғанса, ы түсіп қалады: *лагерьге (лагерi), дизельдi (дизелi).*

Ескерту: ль дыбысына аяқталған соғы буыны жуан сөздерге дауысты дыбыстан басталатын қосымша жіңішке; дауыссыз дыбыстан басталатын қосымша жуан түрде жалғанады: *магистралi (магистральда), фестивалi (фестивальғa).*



7. Көп нүктенің орнына емле ережесіне сай тиісті қосымшаларды жалғап, жаттығуды көшіріндер.

1. Жапсарына өрнек жүргізілген көк бояулы оң қабырғадағы үлкен қара сағат күмбір-күмбір қоңырауын соғып, вестибюль... жаңғыртып өкетті (*С.Ш.*). 2. Етектен жоғары қарай жамырай тартқан қалың қарағайлар да мына альпинис... үқсан бетті биікке сілтеген (*С.Ш.*). 3. Он қадамдай алда асфальт... шағылышқан күн сөулесі қашқан қоянның қүйрығы тәрізді, айнымас бір қашықтықта шапшаң ілгері сырғанап, толқи зырлайды (*С.Ш.*). 4. Кемпір шалына кінө... қарал отырды да, астыңғы ернін тістеп алғып, қолындағы көктек отырган дүниесімен әуре бола берді (*Ш.А.*). 5. Алла тағалам сендерге бір бала беріп, соның іңгө... жылаған даусын естісем, арманым жоқ (*Ш.А.*). 6. Құтжан өлген сон, осы

көктемде жұрт Жексенді кінә... бастады (М.Ә.). 7. Қарқаралы деген округ... әміршісі – Құнанбай мен осы Майыр (М.Ә.). 8. Жер бетінің 70%-... астамын су басып жатыр. Кей жерде мұхиттың тереңдігі 10 км-... асады («Сурақ және жауап әнциклопедиясынан»).



8. Төменде берілген кісі аттарына -ев, -ева, -ов, -ова, -ин, -ина қосымшаларының тиістісін жалғандар.

Құнанбай, Айтолды, Амангелді, Сейфолла, Иса, Алтынсары, Қанапия, Аманша, Баймырза, Фарифулла, Байғали, Байділда, Әбілғазы, Аманғали, Есенөлі, Әбіш, Ақтан, Ысқақ, Жұніс, Бектүр, Әбу, Жұсіп, Сайранбай, Құдайберді, Қасен, Жұмабай, Оралбай, Қали, Қебей, Дулат, Мырзабек, Баймырза, Бекқожа.



9. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Кестені пайдаланып, ақын шеберлігін, сөзінің әсерлілігін анықтаңдар.

Әсер еткен сөздер мен сөз тіркестері	Несімен әсерлі? Ақынның шеберлігі

Поэзия!

Менімен егіз бе едің?

Сен мені сезесің бе, неге іздедім?

Алауыртқан тандардан сені іздедім,

Қарауыртқан таулардан сені іздедім.

Сені іздедім кездескен адамдардан,

Бұлақтардан, бақтардан, алаңдардан.

Шырақтардан, оттардан, жалаулардан,

Сені іздедім жоғалған замандардан.

Сені іздедім досымнан, қасымнан да,

Ақша бұлттан іздедім, жасыннан да.

Сен бе дедім ақ нөсер ашылғанда,

Қызыл-жасыл шүғыла шашылғанда,
Көкжиек пен көкжиек қосылғанда.
Сені іздедім, іздеймін тағат бар ма?
Сені маған егіз ғып жаратқан ба?

(М.Мақатаев)

2. Ақын шеберлігі туралы шағын пікір жазындар. Сөз саны – 100–120.

Бабамыздың шоқ басқан табанымен,
Бірдей екен жақсысы жаманымен.
Бір жаманы – тынымсыз көшे берген,
Бір жақсысы – қимаған даланы кең.

Бір жаманы – жел сөзге ерген екен,
Бір жақсысы – тілге ерік берген екен.
Бір жаманы – кетпенге орашолақ,
Бір жақсысы – найзагер, мерген екен.

Бір жаманы – қешігіп өліппе ашқан,
Бір жақсысы – құйлери көбік шашқан.
Бір жаманы – қыздарын малға сатып,
Бір жақсысы – сүйгенін алып қашқан.

Бір жаманы – шаруасын мандытпаған,
Бір жақсысы – құлықпен жанды ұтпаған.
Бір жаманы – үйленіп жеңгесіне,
Бір жақсысы – жесірін қаңғытпаған.

Тату-тәтті көршілер шыр бұзбаған,
Бірде тоңып суықта, бір мұздаған.
Бір жаманы – сонда да үй салмаған,
Бір жақсысы – абақты тұрғызбаған.

(К.Мырза Әлі)

ТОҚСАН БОЙЫНША ҚАЙТАЛАУ



1. Мәтінді оқып, негізгі ойды анықтаңдар. Мәтін бойынша маңызды деп санайтын үш сұрақ қойындар.

ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ САЛТ-ДӘСТҮР

Мәдениетті ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптан бөлек алып қараша ұлкен қателікке ұшыратады. Ата-бабаларымыз бірін-бірі сыйлас, соның арқасында рухани құндылықтарды бойларына жинап, ұрпақтан ұрпаққа дарыта білді. Бізге жеткен ұлттық дәстүр мен әдет-ғұрыптың бәрі де осыны аңғартады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: «Дәстүр мен мәдениет – ұлттың генетикалық коды. Патшалықтың, төңкеріс дүмпүі мен тоталитаризмнің барлық ауыртпалығы мен қынышылықтарына қарамастан, біздің еліміздің аумағында тұратын қазақтар және басқа да халықтардың өкілдері өздерінің мәдени ерекшеліктерін сақтай алды. Төуелсіздік жылдарында біздің мәдени іргетасымыз бекітүсті. Қазақстан – бірегей ел. Біздің қоғамда әртүрлі мәдени элементтер бір-бірімен біріккен және бірін-бірі толықтырып тұрады, біріне-бірі нәр беріп тұрады. Біз өзіміздің ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді қорғауымыз керек, мәдени игілігімізді бөлшектеп болса да жинастыруымыз керек», – деген болатын. Сондықтан да егеменді ел болып, өз тіліміз бен дініміздің тізгіні өз қолымызға берілгендейтін, мәдениетімізді жабайы көріністерінде жаңғыртуға тырысатындардың жолын бөгеп, оны ата-бабаның салт-дәстүрімен суарып жандандыра алсақ қана, оның ұлттық тарихи бейнесі сомдалмақшы. Қазақ мәдениеті мен салт-дәстүрін, оның тұнып жатқан асыл маржандарын толықтай жинақтап, қазіргі жастарға жеткізу – біз үшін парыз.

(Б.Төлеугалиұлы)



- 2.** Мәтінді оқып шығындар. Мәтінде көтерілген мәселе туралы ойлаурынды «ПСМТ формуласы» бойынша дәлелдендер.

1-сөйлем: «Менің ойымша, ... ».

2-сөйлем: «Мен оны былай түсіндіремін: ... ».

3-сөйлем: «Оны мынадай деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын: ... ».

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім: ... ».

«Қазақ тілі – бай, таза, іргелі жұрт тілі» деп бәріміз де айтамыз. Бірақ құр бай, таза деумен ғана тіліміз өздігінен сақталып, әдебиетіміз өрбіп кете ала ма? Қай жұрттың тілі болса да, ту басында біздікі секілді таза да бай болған. Бірақ көрші жұрттардың сөзі қосыла-қосыла, жүре бұзылған. Біздің қазақ тілі бұрын ылғалсыз таза болса да, бұл кезде басқа жұрттармен араласа бастадық, басқа жұрттардың оқуын оқыдық.

Бір жағы Бұхар, бір жағы Мекке, Медине, Стамбулдан оқып қайтқандарымыз бар. Бұлардың сөйлеген сөзінде, жазған хатында шет жұрттардың тілі аңқып тұр. Бұлар елге келіп жас балаларды оқытады. Сөйтіп, шет тілдер елдегі жас бала-ларға жұғады. Жас балалар – келешектегі бір буын халық. Орысша оқығандарымыздың көбі екі сөздің біріне орысша қатынастыруды үйреніс қылыш алған. Құні бұрын сақтауына қам қылмасақ, бірте-бірте таза деген қазақ тілінің де бұзылып кететінің осыдан топшылауға болады. Қазақ тілінің мұндай жолмен бұзылып кетуін көбіміз сезбей де қаламыз.

(М.Дулатұлы)



- 3.** Мәтінді оқып шығып, ойларынды жазындар.

Мен үшін жаңалық болған 3 мәселе	Менің назарымды аударған 1 нәрсе	Мен сенімсіздік танытқан салаға қатысты 2 сөз

Қазақтың той салты

«Түйемұрындық» – жолда отырған ауыл адамдарының үзатылып бара жатқан қыздың атының ноқтасынан не түйесінің бүйдасынан ұстап, көде сұрауы. Қыз көде беруге тиіс.

Кәде алған жұрт оған бақыт тілеп, батасын берген. «Түйемұрындық» – бүгінгі «Арқан керуге» ұқсас ғұрып.

Ескілікте «Шарғы салу» дәстүрі болған еken. Бұл дәстүр бойынша ұзатылған қыз өзінен кейінгі сіңлісіне басына тартатын орамалын береді. Ол – «ендігі кезек сенікі, бақытынды тап» дегенді білдіреді. Шарғы салынған қызға женгелері, замандастары тілек білдіріп, бірге шай ішеді еken.

Ілгеріде «Ілу салу» деген де дәстүр болған. Барған жерінде жаңа түскен келінге үй көрсету ағайынға міндет болған. Жас келін шақырған үйге көйлек, киім-кешек, мата, кілемше сияқты тартуын ала барған. Соны «Ілу салу» деп атаған. Күйеу бала да қайын жұртына барғанда ілу салған. Жас келінге ағайындардың үй көрсету дәстүрі қазір де бар. Дегенмен бұл дәстүр қолданыста «Ілу салу» деп аталмай, «келінді шақырып, шай беріп жіберейік деп едік», – деп, білмestікпен, шұбалтып айтып жатады.

(Дайындаған ЖАймаганбетова)



4. Мәтіндегі мәліметтер мен пікірлерді өндеп, сызба, кесте не сурет түрінде сипаттап көріндер.

Қазақ қолөнерінің өзіндік көпгасырлық шежіресі бар. Халық шеберлерінің қолынан шыққан бұйымдар XIX ғасырда Петропавл, Қекшетау, Төменгі Новгород және т.б. қалалардың көрмелерінің көркі болғаны анық. Бұйымдардың дайындалу тәсілі мен жасалу жолдары атадан балаға мирас болып қалып отырған. Сырмақ, текемет, төсеніш, алаша, түс-киіз, кілемдер көздің жауын алар қазақша ою-өрнектермен өсемделіп, жануарлар бейнелері, өсімдіктер суреттері, әртүрлі геометриялық сыйулармен өрнектелген. Сонымен бірге ер-тоқымды құміспен, сүйекпен өсемдейтін, қамшы өретін, асыл тастандардан бұйымдар жасайтын шеберлер де болған. Ағаш шеберлерінің өнері де өте жоғары бағаланды. Олардың қолынан шыққан бұйымдар сол замандағы өмір салтына, тұрмыс-тіршілігіне байланысты болды. Біртіндеп тұрғылықты өмір салтына көшу олардың өнерлеріне басқаша бағыт бере бастады.

Көне дәстүрлерді көздің қарашығындаң сақтап және байыта отырып, халықтық көркем қолөнер кесібі қазіргі

мәдениеттің айқын құбылысы болып, үй тұрмысының маңызды және бөлінбес құрамына айналды.

Қолөнер туындылары алуан түрлі: өсем өшекейлер мен шағын ойыншықтардан бастап көлемді кілемдерді, тоқыма матадан жасалған жиынтықтарды, шыны, ағаш және металл бүйімдарды қамтиды. Пішіндердің ықшам да мәнді үйлесімі, түстердің жоғары талғамы, өрнектердің өсемдігі, композициялық шешімі – барлығы шебердің көзінің мультіксіздігін, қолының дәлдігін және қиялышының ұшқырлығын көрсетеді.



- 5.** Суреттердегі фильмдер туралы билетін мәліметтерінді кестеге түсіріңдер.

Фильмнің атауы	Режиссері	Басты кейіпкерлері	Рөлдерде ойнагандар



- 6.** Қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, өздерің ұнататын кино кейіпкерлерінің сын-сипатын суреттеңдер.

Түр-әлпеті	Өнері мен таланты	Кинода өзін ұстаяу



7. Жамбыл мен Шашубайдың айтысынан берілген үзіндіні талдап, кестеге жазындар. Әуен, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданып, бір-біріңе оқып беріндер.

Шашубайдың сөз саптау ерекшелігі	Жамбылдың сөз саптау ерекшелігі

Алматы қаласындағы Байбұлан байдың үйінде қөшпіліктің басын қосқан үлкен жиын болады. Бұл жиында ел кезіп, серілік қып келген Шашубай ақын былай өлең бастайды:

Сөйлейді, сөйле десен, бұл Шашубай,
Дәреже өз басыма берген Құдай.
Алматының саңлағын тегіс жиып,
Той қылды компания Байбұлан бай.

Мен келдім Орта жүзден теңізді өрлеп,
Қызырып сөз қозғадым көлденендең,
Жол басып он сегіз күн зорға жеттім,
Саңлағын Жетісудың көрейін деп.

Біреуді Жамбыл деген мақтайсындар,
Жасырып оны қайда сақтайсындар?
Ақын болса, тез алдыр, Байбұлан бай,
Әйтпесе ел намысын таптайсындар...

Жүрмісің аман-есен, ақын Жамбыл,
Өлеңге жастайынан болған даңғыл.
Үндемейсің, үнжырғаң түскендей-ақ,
Күн туды не басыңа, тәйір алғыр!

Жамбылжан, танымайсың мен баяғы,
Қолында Асай-Мұсай шал таяғы.
Ағат кеткен сөзім жоқ, отырған көп,
Тең тиер өлеңімнің төрт аяғы...

Жамбыл:
Енді Жамбыл сөйлейді,
Ескен желдей гулейді,

Елірме, батыр, сен, – дейді!..
Ал Жамбылдан сөз шығар
Асылдан үшқан қылаудай.
Өлеңнің дария кенімін,
Еділ менен Жайықтай,
Зырқырап Жамбыл сөйлесін,
Өрге жұзген қайықтай.
Сынға түссін сөзіміз,
Осы отырған халыққа-ай.
Жетісудың саңлағы
Тегіс отыр қасымда-ай.
Ұраным менің Қарасай,
Қарасайдың ұлымын,
Айтұлының бірімін,
Нар кілемнің түрімін.
Қызыл тілін безеген,
Найзасын тасқа егеген,
Алды-артынды буамын
Сені асырмай кезеңнен!..

(«Шашубай Кошқарбайұлы шығармалары»
жинағынан)



8. Мәтіндегі құттықтау мағынасын білдіретін сөздерді көрсетіңдер. Өздерің білетін құттықтау сөздердің түрлерін «қандай жағдайда», «кімге», «қашан», «қай жерде» деген жүйемен саралап жазындар.

Шымылдық түсірулі. Үй ішіне үш ұлken өйел кірді. Ортадағысы Абайдың ұлken енесі – Алшынбайдың өйелі, семіз, қара бәйбіше. Қасындағы орта жаста, ақ сары өйел – Абайдың өз енесі, Тұсіптің қатыны.

– Ал, шешелер, көрімдік!

– Көрімдік көні!

– Болмаса, балаларынды көрсетпейміз, беті үялады! – деп, алғашқы келген келіншектер, күлген бойларында, шымылдықтың шетін үстады.

– Алындар! Көрімдік сендердікі! Бірақ бізге баламыздың жүзін көрсетіңдер, алындар! – деп, ұлken бәйбіше қолына шашуын алды. Сол сэтте атлас шымылдық шалқая ашылды. Күйеулер бұл кезде төмен иіліп, тәжім қып түр екен.

Үлкен бәйбіш:

– Өмір-жасың ұзақ болсын! Алдыңнан жарылғасын, қарагым! – деп шашуын шашты. Лақтырганы – бір табақ өрік, мейіз, көмпіт. Өздері осы ауылдың балалары болғандықтан иілмей, Абайларға қуле қараң түрған қыздар шашуды теруге тап берісті. Құлісіп, таласып алып жатыр.

– Қадамың құтты болсын! Қызығың ұзақ болсын, қарағым Абай! – деп, Абайдың өз енесі де тілеуін айтты. Қүйеулердің жауап айтуы шарт емес. Олар үндемей сызылыш қана түр. Сол кезде екі ене жақындал кеп Абайдың бетінен сүйді де, көп бөгелмей шығып кетті.

(М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясынан)

-  9. Фонетикалық принцип бойынша жазылатын сөздерге мысал келтіріндер, олармен сөйлем құрандар.
-  10. Төмендегі сөздерге түйік етістіктің журнағын жалғап сөйлем құрандар, емлесін түсіндіріндер.
-  11. Төмендегі сөйлемдерден бірге жазылған күрделі сөздерді тауып, ережесін түсіндіріндер.

1. Құн батар алдында да балықшы жігіт сыртқа өлденеше рет шығып, жар басынан теңіз жаққа көз салған-ды (Ә.Н.).
2. Балықтың келуі мен кетуі жайында да ұзақ-ұзақ ойласп, әрқашан уақыттың қалай өткенін білмей қалатын (Ә.Н.).
3. Бірталай қалың қошті арттарына салып ап, тұра Қарашоқының тоғайлы өзеніне кіріп, соны өрлеп келеді (М.Ә.).
4. Ұзамай Сейдахмет қалаға барады, ақшаның көбі қалалы жерде жұмсалады ғой (Ш.А.).
5. Былайғы күндері тап осы сәттері Ыстық-көлде ақ кеме көрінетін. (Ш.А.).
6. Абай Құлабестінің басын Қөлқайнар жаққа бұра бере, қамшы басты (М.Ә.).
7. Шыңғыстың қара желі өзге уақыттың бәрінде жақсы болғанымен дәл күздігүні жайсыз-ақ (М.Ә.).
8. Абай өз әкесінің өзге атқамінер атаулыдан мықты, қайратты екенін сезеді (М.Ә.).



- 12.** Берілген зат есімдердің алдына реттік сан есімдерді тіркең, емле ережесіне сай жазындар.

Фасыр, бала, жыл, ғимарат, қантар, апта, есеп, сөүір, бөлме, пәтер, қабат, қатар, тапсырма, жаттығу, желтоқсан, сұрақ, жауап, бет, тарау, том.



- 13.** Бірінші топтағы сөздерге дауыстыдан басталатын қосымша; екінші топқа дауыссыздан басталатын қосымша жалғап, емле ережесіне сай жазындар.

I. Фестиваль, жүрек, князь, ойын, тап, полк, салық, кітап, принцип, халық, тип, тарих, жап, тарақ, руль, Донбасс, кеп, дуэт, парк, дизель, балық, ансамбль, шаш, пойыз, теп, лагерь, лингвист, лицей, сценарий, линолеум, лифт, логопед, гербарий, герц, гипс, гидролог, графин, глобус, граммофон.

II. Кристалл, күө, С.Түгелбаев, ҚазТАГ, факт, кубок, күмән, кінә, Г.Гросс, ЮНЕСКО, Науай, М.Жетпісов, Б.Фалиев, кросс, МТЗ-82, подъезд, киоск, Қузбасс, актер, күнә, ПМПИ, Құләш, тест, педагог, пассив, ансамбль, клуб, полюс, парад, Түрксіб, геолог, ПМУ, педколледж, пединститут, ландшафт, лейтенант, лейтмотив, магистр, вахтёр, гармонь, галоген.



- 14.** Құрделі атауларды орфографиялық ережеге сай (бас әріппен не кіші әріппен) жазындар.

Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, ақан сері, сыртқы істер министрлігі, біріккен ұлттар үйіміның бас ассамблеясы, семенов-тяньшанский, ғылым академиясы, қазақ ұлттық педагогика университеті, ер тәстік, қазақстан халық қаһарманы, қазақстан республикасы президенті, ұлттық банк қоры, тіл білімі институты, қызы жібек, астана қаласы, біржан сал, жаңа жыл, қазақстан республикасының ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, түрксіб теміржолы, қазақстан республикасы білім және ғылым министрлігі.



- 15.** Мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормага сай жазып, «Тіл тазалығы үшін құресейік!» атты жазба жұмысын (хабарландыру, үндеу, газет мақаласы, сұхбат т.б.) орындаңдар.

ТЕСТ

(Тест тапсырмаларында бірнеше дұрыс жауап бар)

- 1. Бұын талғайтын дауыстыларды белгілеңдер.**
A) ө
B) ы
C) ө
D) ұ
E) о

- 2. Екінші бұында ө дыбысы естілетін сөздерді белгілеңдер.**
A) өнер
B) үдеріс
C) көрме
D) өлең
E) орақ

- 3. Төл сөздерімізде сөз сонында кездеспейтін, тек орыс тілінен енген сөздердің сонында жазылатын әріптерді белгілеңдер.**
A) б
B) ш
C) к
D) ф
E) д

- 4. Бірге жазылатын сөздерді белгілеңдер.**
A) ақ (бикеш)
B) ақ (жалбыз)
C) ақ (балта)
D) ақ (қоян)
E) ақ (киіз)

- 5. Дефис арқылы жазылатын сөздерді белгілеңдер.**
A) XXI ғасыр
B) 2014 жыл
C) 25 мамыр
D) 95 үй
E) 11 сиыншы

6. Қосымша дұрыс жалғанған сөздерді белгілеңдер.
- A) съездге
 - B) Гриммге
 - C) штабта
 - D) металлдың
 - E) Кузбассқа
7. Емле ережесі бойынша жазылған сөздерді белгілеңдер.
- A) Тұрсын-Заде
 - B) Қамбарата
 - C) Ер Тарғын
 - D) Біржан сал
 - E) Фон Бисмарк
8. Тарихи-дәстүрлік принцип бойынша жазылған сөздерді белгілеңдер.
- A) орыс
 - B) жаһан
 - C) кисель
 - D) кириллица
 - E) шауып
9. Фонетикалық принцип бойынша жазылған сөздерді белгілеңдер.
- A) зауыт
 - B) ирекгүл
 - C) кинескоп
 - D) көпене
 - E) үстел
10. Морфологиялық принцип бойынша жазылған сөздерді белгілеңдер.
- A) жал-құйрық
 - B) тасжүрек
 - C) Ботагөз
 - D) ендігәрі
 - E) жанпида

II

БӨЛІМ

ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ: ҰЛТТЫҚ ӨНДІРІС

СӨЗ МӘДЕНИЕТІ

Бөлімді оқып-білу арқылы сендер:

- ғылыми және инновациялық әлеуетіміздегі индустримальық жаңалықтармен танысасындар;
- жаңа индустримальармен қатар дәстүрлі базалық салалардың даму серпіні мен дамыту жолдарына өз жоспарларынды ұсынып, көзқарастыңды билдіресіндер;
- әлемнің ірі индустримальық алпауыттарының Қазақстанға қадам басуы, дамуы туралы ақпарат аласындар;
- сөздерді мағынасына қарай дәл қолдану, қиындықтың дүрыс айту, ойды қыска да нұсқа жеткізе білу және сөз тазалығы туралы мәлімет алатын боласындар;
- белгілі бір тақырып аясында сөздерді іріктеп, түрлендіріп, талғаммен қолдана білуді үйренесіндер.

Іздеген сайын табылып, игерген сайын көбейе беретін бір ғана қазына – бұл индустрия мен инновация.

(Н.Назарбаев)

§1.

Түрксіб теміржолы



1. Суреттермен танысып, сұрақтарға жауап беріңдер.



1. Алғашқы пойыздардың қазіргі пойыздардан қандай айырмашылығы болды деп ойлайсындар?
 2. Түрксіб теміржол торабы туралы жазылған қандай шығармаларды білесіндер?
2. Мәтінді оқып, теміржол индустриясы туралы ойларынды айтындар. Құрылымы мен ресімделуін, жанрлық ерекшеліктерін талдаңдар.

Кеңес Одағында көлік қатынасының, соның ішінде теміржолдың маңызы айрықша зор еді. Тұсті металлургия, көмір және мұнай өнеркәсібін құру көлік қатынасына айтарлықтай тәуелді болды. Түркістан-Сібір теміржолы XX ғасырдың 20–30-жылдары салынған ең ірі құрылыштардың бірі болды.

Түрксіб Орта Азияның мақта өсіретін аудандарын Сібір мен Жетісудың арзан астығымен, Сібірдің ағашымен, ірі қаррамен жабдықтауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қазақстаннан Сібірге азық-түлік тасымалдауға, сол арқылы Сібірдің экономикалық дамуын жақсартуға жол ашты.

Теміржол Қазақстан экономикасының дамуының қуатты факторына айналды, өсіреле малшаруашылығын және тау-кен ісін ілгері бастырды. Мақта егілетін жер аумағын шұғыл кеңейтуге, шетелден өкелінетін мақта мөлшерін қысқартуға мүмкіндік туғызды.

Т.Рысқұлов пен М.Тынышбаев қазақтарды теміржол жұмысына тартуға, оларды оқыту арқылы теміржол мамандарын дайындауға ерекше көңіл бөлді. Магистраль құрылышының жұмысына Қеңес Одағының ірі қалаларында оқып жатқан қазақ студенттері тартылды. Тек оңтүстік бөлігінің өзінде Орта Азия мен Қазақстанның жоғары оқу орындарының 100-ден астам студенті жұмыс істеді. Түрксіб жаңа қалыптастып келе жатқан ұлт кадрларының, әсіресе құрылышылар мен теміржолшылдардың ірі ұстаханасына айналды. Олардың арасынан беделді басшылар мен танымал теміржолшылар шықты.

(А.Кадыров, Ж.Байхадамова)



3. «Теміржол көлігі туралы» №266 Заңынан алғынған үзіндіні журналист пен вокзал бастығы арасындағы сұхбатқа айналдырындар. Мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен тілдік оралымдарды анықтаңдар.

Теміржол вокзалында билет кассалары, күтүге арналған бөлме, санитарлық-тұрмыстық, оның ішінде мүгедектер мен баяу қимылдайтын топтар үшін арнайы жабдықталған орындар, ана мен бала бөлмесі, ақпараттық қызмет көрсету нысандары, медициналық пункт, қоғамдық төртіпті сақтау пункті болуға тиіс.

Теміржол вокзалында жолаушыларды пойыздардың жөнелтілу және келу уақыттары, жол жүру және багажды тасымалдау құны, шұғыл медициналық көмек, билет және багаж кассаларының жұмыс режимі, халықта көрсетілетін қызметтер тізбесі туралы шынайы ақпаратпен қамтамасыз етеді.

Платформалар мен перрондарға өту және шығу мүгедектер мен халықтың баяу қимылдайтын топтарына қолжетімді болуы (пандустармен, мамандандырылған лифтілермен жабдықталуы) керек. Теміржол вокзалдары халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және техникалық регламенттің талаптарын сақтауға тиіс.

Теміржол вокзалдары тасымалдау процесінің ажырамас бөлігі болып табылады және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес пайдаланылуға тиіс.

(adilet.zan.kz)



Сөз дәлдігі



Сөзді тілдегі мағынасына лайық қолдану

Дәл сейлеуге қажетті алғышарттар



Мағыналас сөздерді, олардың деректі, дерексіз ұғымды білдіретін түрлерін талғап, таңдаң қолдана білу




Мысалы: *Оқу үлгірімі жақсарды (үлгірім емес, үлгерім).
Пойызга үлгірмей қаламын (үлгірмей емес, үлгермей).*



4. Сызбамен берілген мәліметтерді мәтінге айналдырыңдар, деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдал жазыңдар.

«Алматы» аймақтық қаржы орталығы» рейтинг агенттігінің есебі бойынша, 2016 жылы елдің жүк тасымалының проценттік көрсеткіші төмендегідей:




Өде, ішкі су жолдары, теңіз тасымалы көрсеткіштерінің төмен болуына, біріншіден, тарифтің жоғарылығы,


екіншіден, елдің географиялық сипаты өсеп етеді. Сондықтан негізгі тасымал түрі – автокөлік және теміржол тасымалы болмақ.

«2017 жылдың қорытындысы бойынша, теміржол арқылы жүктерді тасымалдау 14%-ке дейін өсті», – деп хабарлады finprom.kz. Әсіреле астық пен ұнды тасымалдау айтартылғатай өсті. 2017 жылғы ҚТЖ мәліметтері мынадай:

Астық тасымалы



Ұн тасымалы



2017 жылды астық пен азық-түлік тауарларының жүктемесі 13,5 млн тоннаны құрады. Бұл 2016 жылғы деңгейден 6,3%-ке жоғары. 2017 жылды астық эквивалентінің өсімі 805 мың тоннаны құрады. Экспортқа 547 мың тонна шығарылды.

(К.Дүйсенниң «Жүк тасымалының жүргі ауыр» мақаласынан)



Мұхамеджан Тынышбаев Түрксіб құрылышында алғаш рет аэрофотоларды қолданған. Соларға сүйеніп, ұзындығы 50–60 метрлік бірнеше жерасты жолдарын салуды, Қордай асуының орнына Шоқпар жобасын ұсынады... «Тескен тауладардың» есебінен қаржы үнемдеуге әрі 6 облысты байланыстыруға ықпал етті. Сөйтіп, жобаланған мерзімінен 540 күн бұрын ұлы жолдың соңғы шпалы төсөлді. 1931 жылды 1 қаңтар күні ресми түрде пайдаланылуға берілді...



(Т.Жұртбай)



5. Алғашқы қазақ инженері туралы ізденіп, «Артық болмас білгенің» мәтінін жалғастырындар.
6. Фаламтор ресурстары мен баспасөзден қате қолданыстағы сөздерді тауып, қатесін түзендер.



Үлгі:

Қате қолданыс	Дұрысы
<i>Мамандық таңдаганда маманга тек қана білімі мен іскерлігі гана емес, оның қабілеті мен жеке қасиеттерін дамыту деңгейі жағынан да қандай талаптар қойылатынын білу маңызды.</i>	<i>Мектеп бітіруші түлек мамандық таңдаганда, өзінің білім деңгейі мен қызығушылығын гана ескермей, қандай қабілеті мен жеке қасиеттері болуы керектігін білгені жөн.</i>



7. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.
 1. Түрксіб теміржолы туралы шағын баяндама жазып, топ алдында интонацияны сақтай отырып оқындар. Сөз саны – 150.
 2. «Теміржол – ел экономикасының тұғыры» тақырыбында аргументті эссе жазындар. Сөз саны – 150–170.

§2.

Тұлпар-Талъго



1. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Талъго вагондары туралы не білесіңдер?
2. Болашақта пойыздың қандай моделін ұсынар едіңдер?



2. Мәтінді «Бағытталған оқу» өдісімен оқыңдар. Мәтіндегі ақпаратты кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілермен беріп көріңдер.



Теміржол машиналарын жасау саласының өсім қарқыны мен жүрдек қозғалысты дамыту бағдарламасы іске асты. Талъго вагондарын шығаратын зауыт салынып, өнімдері елімізде кеңінен пайдаланыла бастады. Теміржол саласы үшін электровоздар мен тепловоздар ғана емес, заманауи жүк және жолаушылар вагондары да өзімізде жасалады. Қазір олар түрлі бағыттарда жолаушы таситын жүрдек пойыздарда пайдаланылады. Қесіпорынның өндірістік орынжайларының жалпы аумағы – 31 мың шаршы метр, өндірістік қуаты – жылдана 150 вагон. Еуропалық сапа стандарттарына сай озық технологиялар мен материалдарды қолдану пойыздың сағатына 200 шақырымға дейінгі жылдамдықпен жүруін қамтамасыз етеді. Вагондардың пайдаланылу мерзімі – 40 жыл.

2012–2015 жылдар аралығында «Жолаушылар тасымалы» АҚ үшін 436 вагон жасалып, жеткізілді. 2015 жылы шанағының ені кеңейтілген вагондар өндірісі қолға алынды. 2020 жылға дейін осындаи сериялы 603 вагон шығару жоспарланған. Испанияның «Patetg Talgo» фирмасы шығарған вагондардан жасақталған «Тұлпар-Тальго» пойызы Алматыдан Астанаға дейінгі жолды 13 сағат ішінде жүріп өтеді. Теміржолдың кейбір бөліктерінде бұл пойыздың жылдамдығы – 160 км/сағат.

(Д.Бітікова)



3. «Салыстырмалы карта» әдісімен «Кешегі және бүгінгі теміржол торабы» тақырыбын талқыладап, сұхбаттасындар. Мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талданадар.

Кешегі теміржол торабы	Бүгінгі теміржол торабы



4. Графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап, «Көлік инфрақұрылымы қалай дамымақ?» тақырыбына мәтін жазындар.

Заманауи көлік-логистика жүйесін қалыптастыру

Трансконтиненталды дәліздің мүмкіндіктерін пайдалану

Жүк қозғалысын онлайн режимде бақылау

Цифрлық технологияның игілігін пайдалану

Экономикалық-әлеуметтік тұрмысты жақсарту



5. Өз мәтіндерінде термин сөздерді іріктеп, түрлендіріп, талғаммен қолданындар. Бір-біріңің мәтіндерінде тексеріп, орынсыз қолданылған сөздер мен логикалық, стильдік қателерді анықтаңдар.



6. Жағдаяттық тапсырманы орындаңдар.

Өздерінді «Жолаушылар тасымалы» АҚ қызметкери деп елестетіндер. Жолаушылар пойызы 30 минутқа кешігуде, өз әрекеттерінді көрсетіндер.



7. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Әртүрлі көліктерді салыстырып, «Қазақстандағы транспорт түрлері» тақырыбында салыстырмалы эссе жазыңдар. Сөз саны – 150–170.
2. Мәтіндегі мәліметтерді сызба, диаграмма не кесте түрінде жазыңдар. Өздерің білетін мәліметтермен толықтырындар.

Теміржол стансысы – теміржол көлігі аялдайтын, жолаушыларға түрлі қызмет көрсететін кәсіпорын.

Атап айтсақ:

- жүктөрді қабылдау;
- жүк тиеу-тұсіру;
- сақтау және жеткізу;
- локомотивтер мен вагондар құрастыру;
- тасымал процесін басқару.

Теміржол стансысы жұмыс сипатына қарай:

- тораптық;
- аралық;
- беліктік;
- сұрыптау;
- жүк және жолаушыларға арналған стансылар болып бөлінеді.

Қазақстандағы ірі теміржол стансылары – Арыс, Шымкент, Тараз, Шу, Алматы-1, Семей, Заңбала т.б.

(«Қазақстан» үлттық энциклопедиясынан)

§3.

Қара көмір



1. Уш топқа бөлініңдер. Суреттердегі ақпарат туралы екі сұрақ жазып, келесі топқа беріңдер. Өз тобыңа келген сұрақтарға жауап беріңдер.



2. Мәтінді оқып, өткен сабактағы оқылым мәтінімен салыстыра талдаңдар. Стилін анықтаңдар.

«Тұлпар-Тальго» мәтіні	«Қара көмір» мәтіні
Тақырыбы	
Мақсатты аудиторияға сәйкес қызметі	
Тілдік ерекшелігі	
Стилі	

...Шахтаның ішіне түссең де сол қарандылық. Қолыңа ұсташтан қеросин фонарымен тар шахтаны бойлап жүргенде, алдыңдан адам итерген көмір тиеулі вагонеткалар кездесетін... Көмірді қол қайламен шауып жатқандарға барсаң, екі ұшы да сүйір қайламен жылтылдаған көмір пластасын дамылсыз үрған шахтердің өнімсіз еңбегіне жаңың ашитын.

Енді ше? Енді шахтаға электр лифтімен түсесің. Оның тазалығы да, жылдамдылығы да қонақ үйлердегі лифтілерге үқсайды.

Шахтаның ішіне түссен, ол да электрленген бір сарай. Тізбектелген вагонеткалар көмірді қазір электр күшімен ғана тасиды. Қөлбей жасалған шахталардан тізбектеліп өздері шығып жатады, тік шахталарда машиналар көтеріп жатады.

Көмірдің қызыарып жатқан жеріне барсаң – бүкіл денесімен тұтаса қимылдаپ жатқан комбайндар. Олар көмірді қазып жатқан сияқты емес. «Көмір» аталатын жердің өзегін үздіксіз және мол тарта сорып жатқан сияқты. Соған қарап тұрып, тапқыш адам ойының көмірге арнап шығарған бұл қуатына қайран қаласың да, тұрасың!

(С.Мұқановтың жолжазбаларынан)



3. Фылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, журналист пен көмір өндіруші шахтердің сұхбатын жазындар.
4. Интервьюде сөздерді іріктең, түрлендіріп, талғаммен қолдана біліндер. Жұптасып, бір-біріңін жұмыстарынды тексеріндер.
5. Жазушы қолданған әр сөздің мағына дәлдігіне назар аударындар, түсіндіріндер.

Мейрам көмір құдығының түбіне жеткенде, басқа бір дүниеге жеткендей болды. Тоғыз қанат киіз үйдің көлеміндей ғана қуыс, төбесінде кішкене шаңырақтай тесігі бар. Көмір тартқан екі шелек дамыл-дамыл түсіп-шығып, сол тесіктен жылтыраған көгілдір сөүлені бүркей береді. Құнбатысқа қарай жер астын кеуlep бір қуыс жатыр: биіктігі кісі бойы, ұзындығына көз жетпейді, көмір қабырғалары шамның жарығымен шағылсыып, жылт-жылт етеді. Төбеге қолдың саласындағы қылыш ағаш қыыпты, әр ағаштың екі басына тіреу қойып, қабырғаға жapsыра тіреп тастаған. Осы жолмен келіп-кетіп жатқан тәшкілердің дабыры, көтерілген көмір тозаңы тосян көзге жер астын алай-тұлей, даң-дұң, жат дүние көрсетіп тұр.

(F.Мұстафиннің «Қараганды» романынан)



6. «Қазақстандағы ауыр индустрияның болашағы» тақырыбында аргументті әссе жазындар.

§4.

Мыс кендері



1. Берілген сөздер мен тіркестерді тақырыпқа бөліп, кестеге бірінші болып дұрыс орналастырған оқушы жетеді.

Металлургия	Мұнай өндірісі

Түсті металдар, құбыр арқылы тасымалдау, минералдық шикізат, жанар-жағармай зауыты, қара металлургия, көмір-сүтектер қоспасы, руда, синтетикалық талшықтар, кентас, бензин, металл қорытпалар, керосин.



2. «Қаныш Сәтбаев – Қазақстан ғылыминың атасы» мәтінін (05.mp3) аудиожазбадан тыңдаңдар. Мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастырындар және баға беріңдер.



3. Суреттердегі ұлы тұлғаларды анықтап, мәтінді «Суреттер сөйлейді» әдісімен оқындар. Тыңдалым мәтінімен салыстырындар.

Оқылым мәтіні	Тыңдалым мәтіні
Тақырыбы мен мақсаты	
Стилі мен тілдік ерекшелігі	
Екі мәтіннің ұқсастығы	

Қазақ халқының зор ғалымы

Қазақ ғалымдарының алдыңғы қатарынан қадірлі орын алатын кісінің бірі – Қаныш Сәтбаев.

1926 жылдан санағанда, табандай 15 жыл бойы Жезқазған ауданының барлық кен байлығын зерттеді. Тәжірибесі өсіп, мемлекеттік ұлы шаруаны ойдағыдай басқарумен қатар, Қаныш сол жылдардың өзінде қазақ халқынан шыққан



жас инженер-геологтерді баулып, өсіре жүреді.

Үлкен талантпен қанаттанған талабының жемісі өз республикасына және Ұлы Отан көлемінде таныла бастайды.

2400 жыл бұрын грек тарихшысы Геродот: «Арал теңізінің алқабында сақ, массагет деген елдер бар. Қола мен жездің молы соларда. Өз жерлерінен қазып алады», – деген екен. XIII ғасырда соғып өткен бір кезбе: «Мұнда мол байлық жатыр», – деп кетіпті. Сол үлкен атақонысты мекен еткен «Бағанаты» деген жер атын «Жезқазған» қойыпты...



Сол Жезқазғанда 1926 жылды қызыу жұмыс басталады. Сарыарқаның өз баласы, беті-жүзі келбетті, жас шырайда жарқыраған көркі бар, білім-сана нұры бар, жиырма жеті жасқа келген жігіт келді. Аз тобымен іске кірісті.

Қаныш жалғыз жезді зерттеп келген жоқ, сол 15 жыл ішінде Арқаның Жезқазған, Қарсақбай атыраптарында талай да талай басқа қазына да ашты. Сол өлкеден Байқоңырдай, Қияқтыдай көмір ошақтарын өзі тапты. Еспедей елеусіз жерден есілген тағы талай қазына тапты. Қалың қатпар қорғасын мен күміс тапты. Зауытқа мол қор болардай қара темір, марганец кенін ашты. Үй, дүжен салар тастың асылын, тағы талай бүйім тапты. Мыс қорытқанда қоспа боп, себі тиетін тағы бірнеше қосымша кен затын тапты. Алтын мен молибден де бұғып қалған жоқ. Оны да ашты.

Ұлы Отан соғысы шағында Қаныш бастаған ғылым орындарының көмегі аса зор болды. Майданға керек болған кен қазынаның бәрін тез тапқызып, мол алғызып отырды.

(M.Әуезовтің «Қазақ халқының зор галымы» мақаласынан)



Медеу Сәрсеке – ұлттымыздың кеменгер перзенті Қаныш Сәтбаевтың ғұмыр жолын айшиқтауға қырық жылдан астам уақытын сарп етіп, тартымды еңбектерімен қазақ қауымына танылған қаламгер. «Нартұлға» сериясымен жарыққа шығып отырған «Қаныш Сәтбаев» ғұмырнамасы – деректі жанрдың айтулы шеберінің осы саладағы көпжылдық еңбекінің ең толымдысы.



4. Сабақтағы ақпараттарды пайдаланып, Қ.Сәтбаев туралы «Дара тұлға» тақырыбында эссе жазындар. Жұптасып, бір-біріңің жұмыстарында азатжолдарға бөліп, ақпаратты дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізіп, редакцияландар.



5. Суреттегі ақпараттарды пайдаланып, «Металлургияның дамуы – еліміздің экономикасының дамуы» тақырыбында сұхбаттасындар. Мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдаңдар.



6. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Фаламтор деректері мен энциклопедиялық мәліметтерді пайдаланып, Қазақстандағы металлургияның дамуы туралы мақала жазындар.
2. Еліміздегі металл өндірісінің болашағы туралы ойларынды жинақтап, «ПСМТ формуласы» өдісімен жазындар.

1-сөйлем: «Мениң ойымша, ...».

2-сөйлем: «Мен оны былай түсіндіремін: ...».

3-сөйлем: «Оны мынадай деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын: ...».

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім: ...».

§5.

Алматы метросы



1. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Алматы қаласындағы метромен жүріп көрдіңдер ме?
2. Метро бекеттерінің сәулеттің қалай бағалайсындар?



2. Мәтінді оқып, құрылымы мен рәсімделуін, жанрлық ерекшеліктерін талдандар.



Алматы қаласында алғаш рет метрополитен ашылды. Ресми мәліметтерге қарағанда, метро көлік кептелісін қысқартуға, қаланың экологиялық ахуалын жақсартуға, сондай-ақ көлік мәдениетін қалыптастыруға зор ықпал етпек.

1988 жылдың 7 қыркүйегінде метрополитен құрылышы басталды. Кеңес Одағының заңы бойынша, тұрғындар саны 1 миллионнан асатын қалада жерасты жолын салу міндеттегенді. Ал Алматы қаласы тұрғындарының саны 1981 жылы-ақ миллионнан асқаны жөнінде ресми ақпарат жарияланды.

Алматы метрополитенінің ұзындығы – 10,3 шақырым. Әзірге 9 бекеті бар, олар: «Райымбек батыр», «Жібек Жолы», «Алмалы», «Абай», «Байқоңыр», «М.Әуезов атындағы драма театры», «Алатау», «Сайран» және «Москва» бекеттері. Метрополитеннің тереңдігі – 40 метр. Пойыздың жылдамдығы – 40 км/сағ, жүру жиілігі – 10–13 минут.

Әр аялдаманы безендіруде үлттық ою-өрнектерге басымдық берілген. Сондай-ақ қазақтың тарихи болмысынаң сыр шертетін композициялық суреттер жерасты жолын әрлендіре туksen. Мәселен, «Абай» бекетінде қоладан жасалған панно флоренциялық нақышпен өрнектеліп, қазіргі заманға сай бенденділген. Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының бейнесі, ақынның өлеңдері мен қарасөздері тасқа қашалған.

Метрополитенде жолаушыларға желдеткіштер, эскалаторлар мен көтергіштер қызметі ұсынылған. Қазіргі заманға сай әрқайсысы 4 вагоннан тұратын сыйымдылығы 940 адамдық электропойыздар жолаушыларды тасымалдауда.

(Дайындалған А.Сматуллаева)

Сөз дәлдігі

Әдеби тіл стильдерінің (көркем әдебиет, публицистика, ғылыми стиль, ресми стиль) бәріне бірдей қажетті сапа

Сөз дәлдігі сөйлеу тіліне де қатысты. Мысалы: *университеттің қызыл дипломмен бітірді* (дұрысы: *университеттің қызыл дипломмен бітірді*); *емтиханнан бес алды* (дұрысы: *емтиханнан бес алды*)



3. Оқылым мәтінін 4 дәйексөзben қорытып, «Қосжазба күнделігін» толтырындар. Осы тақырып аясындағы сөздерді іріктеп, түрлендіріп, талғаммен қолданындар.

Дәйексөз (цитата)	Түсіндірме (комментарий)



4. «Метрополитен экологиялық ахуалды жақсартып, көлік мәдениетін қалыптастыра ала ма?» деген сұраққа екі түрлі пікірді жақтап, ойталқы өткізіндер. Қорытындысын кестеге жазындар.

Иә. Дәлелдемелер	Жоқ. Дәлелдемелер



Қазан метросы 2005 жылы қаланың 1000 жылдық тойын тойлау қарсаңында ашылышты. Ол – Ресейдегі жетінші, КСРО құлағаннан кейінгі алғашқы іске қосылған метро. Қазан метросы бір бағытта салынуда. Әзірге онда тоғыз бекет бар, таяу арада оныншы бекет пайдалануға берілмек. Қазан метросы жер бетіне өте жақын жүргізілген. Биіктігі өте бәсек, ішкі акваториясы тар. Қасбетінің өту алаңы цементтен құйылған. Пайдалануға берілгеніне небәрі 10 жыл болса да, ол ширек ғасырдың кейпін береді. Ишкі өрлеу жұмыстары көңіл көншітпейді, сөуле беру жүйесі күңгірт. «Кремль» және «Габдолла Тоқай» бекеттерінен өзге аялдамалары қарапайым. Нижний Новгород қаласы метрополитені – Ресейдегі үшінші, КСРО-дағы оныншы метро. Бұл жерде тараپ кеткен Одақты айтудағы себебіміз – құрылышы жүргізілген метролар сол тұстағы алып империя азаматтарының, салық төлеушілерінің қаржысына салынған. Сондықтан онда біздің де үлесіміз бар. 1973 жылы жоспарланып, 1977 құрылышы басталған Нижний Новгород метросы 1985 жылы пайдалануға берілген. Екі бағытта жұмыс істеп тұрған метроның жалпы ұзындығы 18,9 шақырымды құрайды екен. Әзірге онда 14 бекет бар.

(*ҚазАқпарат*)



5. «Артық болмас білгенің» мәтінін азатжолдарға бөліп, логикалық және стильдік түзетулер енгізіп, редакцияландар.
6. Фаламтор ресурстары мен баспасөзден ізденіп, Алматы метрополитенің бекеттері және олардың сәuletі туралы материалдар жинақтап, презентация жасандар.
7. Дүниежүзі бойынша метрополитен жүргізген мемлекеттер туралы мәлімет жинап, артықшылықтары мен ерекшеліктері туралы кесте құрындар.

§6.

Мұнай индустриясы



1. Суреттегі ақпаратты сөз дәлдігін сақтай отырып әңгімелендер.



2. Мәтінді оқып, өткен сабактағы оқылым мәтінімен салыстыра талдаңдар. Стилін анықтаңдар.

«Алматы метросы» мәтіні	«Мұнай мұхиты» мәтіні
Тақырыбы	
Мақсатты аудиторияға сәйкес қызметі	
Тілдік ерекшелігі	
Стилі	

Мұнай мұхиты

Маңғыстау... Сенің ғасырлар бойы құлазыған көне көкірегің бұл күнде мынау өмірге ғашық жандардың жүрегіндей

лұпілдейді. Сенің осы бір арай жүз келбетіңде қарап, менің де кішкентай жүрегім лұпілдейді. Қуана тұрып, бір тәтті ойларға еніп кетем... Тарихтай қатталған қара жер қабатының астындағы мұнай тасқыны зауыттар мен фабрикалардың жүргегіне қызу қан берер ғажап күш емес пе!?

Маңғыстау... Сенің даңқыңды, біздің дәуірдің ғажайып адамдары дүбірлеткен даңқыңды бұл күнде жер шарының біраз түпкірі біледі. Бұғін қазына аралына айналған сенің атағың қазақ даласының шекарасынан жырақ кеткен.

...Иә, сенің ғажайып болашағың өлі де талайларды таңырқатады. Өз үрпағыңа, өсіп-әркендеген ғаламат заманның кереметтерін құрыш қолдарымен өзі жасап жүрген үрпағыңа әлем алдында «Міне, қараңдар менің ғажайып өлкеме!» дейтіндей мақтан бола бересің, сен, дариялы мекен!

(Ф.Оңгарсынованың «Мұнаралы Маңғыстау» мақаласынан)



3. Мәтіндегі кәсіби сөздерді тауып, ірікте, түрлендіріп, талғаммен қолданып, 10 сөйлем жазыңдар.

...Енді бірде скважина аузы опырылып кетті.

Шыңыраудан шыңғыра шапшып, жөңкіле лықсыған жал-жал бүйра толқын жер бетіне шыққан соң арыстандай өкіре, тіп-тіке аспанға шашылды да, мұнара маңын самаладай жайнатқан көп прожекторды көме нөсерлетіп, тулас, бұлқынып, бұлығып, қайтадан кері құлап түсіп жатты.

Смена адамдары фонтанды скважина аузына арматура орнатпақ бол өуре-сарсаң, кейбіреулері селдеткен қара көк тасқынға кіріп-кіріп кетеді. Енді біреулер кезек-кезек привинторға жүгіреді, привинтор тұтқасын екеу-үшеуі қосыла жабылып бұрайды. Тұтқа сіреседі, қозғалмайды. Амалы құрыған бір-екі адам бір-біріне ажырая қарап, айқайласады:

- Тұтқа неше рет бұралды?
- Жиырма рет.
- Алты айналымы кем. Айттым ғой, кондукторды газ бұзып өткен.

Фонтан өрши түсті. Қарақошқыл қою бұрқақ бірден бірге жалданып, биіктей берді. Мұнара маңы қолма-қол мұнай теңізінде айналып барады. Шоқтығына қол тимеген асau тәрізді

жабайы, тағы табиғаттың біресе ішін тарта өксіген, біресе ах үра аңыраған үрейлі үні де толастар емес.

Болат мұнараға толқынды сел арасынан қорғасын бытырадай сырт-сырт соққан әлденелер жылт-жылт ұшқын шашыратқандай еді, ізінше моторлы будка жақтан қып-қызыл от жарқылдаپ, күп-күрең жалын сүйреңдей бастады...

(З.Қабдолловтың «Жалын» романынан)



Елімізде «қара алтын» өндіру 20 жылдың ішінде жылдық мөлшерін төрт есеге көбейтті, ал әлемде бұл көрсеткіш бір жарым есеге ғана артып отыр. Мұнай нарығындағы мемлекеттің ғаламдық үлесі 10%-ке өскендігі де хақ. «Қара алтынды» өндіру мен экспорттаудың әлемдік деңгейдегі жаңа орталығын Қазақстан дәйекті түрде қалыптастырып келеді. Төуелсіздік алған уақыттан бергі мерзім ішінде мұндай жетістікке жетуімізге осы салада жасалған түбегейлі өзгерістер негіз болып отыр.



4. «Артық болмас білгенің» мәтініндегі сандық деректерді негізге алып, «Мұнай өндіру ісінде нені ескеру керек?» деген мәселе бойынша мәтін жазындар. Жұптасып, бір-біріңің жұмыстарынды азатжолдарға бөліп, ойларынды (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізіп, редакцияландар.



5. Елімізде мұнай өндіру қалай жүзеге асатыны туралы мәлімет жинандар.



6. Жағдаяттық тапсырманы орындаңдар.

Екі топқа бөлініңдер:

1-топ – журналисттер;

2-топ – мұнай өндірушілер.

Мамандандырылған тар аядағы арнайы терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды қолданып, сұхбат құрындар.



7. «Мен мұнайлы даланың перзентімін» тақырыбына эссе жазындар. Сөз саны – 150–170.

§7.

Әлемнің ірі индустриялық алпауыттары Қазақстанда



1. Берілген сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Индустрияландырудың үлескери ретінде қай салада еңбек етер едіңдер?
2. Бұл тарау болашақта мамандық таңдауларыңа көмектес-ті ме?



2. Мәтінді оқындар. Мәтіндегі ақпаратты кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілермен беріп көріңдер.

Индустрияландыру – бүкіл қазақстандықтардың ісі. Өйткені бұл – күрделі жағдайды бастан кешіріп отырған жаһандық даму процесіндегі біздің мемлекетіміздің бөсекеге қабілеттілігін, даму мүмкіндігін айқындастырын маңызды шара.

Бес жыл ішінде Қазақстанда бұрын өндірілмеген тауарлар шығарыла бастады, бұған дейін Қазақстанда өндірілмеген, мұлдем жаңа 400 өнім түрі игерілді. Қазақстан Төуелсіздігін алғаннан бергі уақытта экономикаға салынған барлық шетелдік инвестицияның 70%-іне жуығын өңдеуші сектор осы индустрияландырудың бірінші бесжылдығында иеленді. Бұдан бөлек индустрияландырудың нәтижесінде 770-тен астам жаңа көсіпорын іске қосылып, мұлдем жаңа деңгейдегі 75 мың тұрақты жұмыс орны құрылды. Бүгінде өнеркәсіптік секторда жұмыс істейтін қазақстандықтардың жалпы саны 1 миллионнан асады.

Сонымен қатар өңдеуші өнеркәсіптегі еңбек өнімділігі 60%-ке артты. Әлемнің ірі индустриялық алпауыттары Қазақстанға қадам басты. Нарыққа «Airbus», «General Electric», «Alstom», «Eurocopter», «Toyota», «Ssang Yong», «LG» секілді әлемге танымал компаниялар енді. Олар бірлескен өнімнің нарыққа жол ашуына өз септігін тигізіп те келеді.

Индустрияландыру аясында инфрақұрылым базасы көңеіп, 4 мың шақырымнан астам автожол, 1700 шақырым теміржол салынды.

Индустрияландырудың алғашқы кезеңінде отандық құрылыс материалдары 2 есеге артты, қазіргі таңда құрылыс материалдарының 80%-і елімізде шыға бастады.

Ауылшаруашылығы саласы да жоспарлы түрде дамып келді. Мәселен, агрокұрылымда 2010 жылмен салыстырғанда ірі қара мал басының саны 50%-ке артқан. Ал өнеркәсіп жылышайларының алаңы осы жылдар ішінде 3 есеге өсken.

(*КазАқпарат*)



3. Мәтінді сөз дәлдігі тақырыбымен байланыстырып түсіндіріңдер.

Өмірбаян

Мен, Сарсенов Қуаныш Өмірбекұлы, Аягөз ауданы Баршатас ауылында 1973 жылы 1 мамырда дүниеге келдім. Үлтym – қазақ. 1980–1990 жылдары Баршатас ауылының орта мектебінде оқыдым. 1990 жылы Қазақ политехника институтының компьютерлік техника факультетіне оқуға түстім. Институт бітіргеннен кейін 1995–1998 жылдар аралығындағы жылдарда институттың кафедрасына ауыстыым. 1998 жылы 1 қыркүйекте Қазақ политехника институтының металлургия өнеркәсібі кафедрасына ауыстыым. Қазір осы кафедраның аға оқытушысымын.

Отбасым бар: жұбайым Жазира Дүйсенбайқызы Сұлтанова – жоғары білімді маман, дәрігер. Үш балам бар: ұлженім Әсел – студент, ұлым Асқар, қызыым Мира – мектеп оқушылары. Әскери қызметке міндеттімін, аға лейтенант атағым бар.

Қосымша мәліметтер: қазақ, орыс, ағылшын тілдерін жетік білемін. ЭЕМ (ЭВМ) бағдарламасын толық меңгергенмін.



4. Жағдаяттық тапсырманы орындаңдар.

Екі топқа бөлініндер:

1-топ – журналистер;

2-топ – өндіріс, ауылшаруашылығы, экономика, сауда, ғылым, техника салаларындағы инновация көшбасшылары.

2-топ журналистердің сұрақтарына жауап береді.

Бірлесіп «Инновация және Қазақстан» тақырыбын тал-
қылаңдар.



5. Мақаладағы мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдаң, сұхбат құрындар.

«Шеврон» – Қазақстанның сенімді серіктесі

Мұнай-газ өнеркәсібі қызметінің барлық салаларына: көмірсутектерді барлауға, өндіруге, тасымалдауға және өткізуге қатысатын, сонымен қатар мұнай-химия өнімдерін өндірумен, оларды бөлшек сауда бағасымен сату ісімен айналысадын «Шеврон» компаниясының дүниежүзілік мұнай өндіру саласында үлесі мол. 1873 жылы Лос-Анжелесте (АҚШ) құрылған «Шеврон» компаниясы қазір өлемнің 90-нан астам мемлекетінде жұмыс істейді. 23 елде мұнай мен табиғи газ өндіреді, олардың ішінде Қазақстан да бар. Қазақстанда компания – «Теңізшевройл» бірлескен кәсіпорнының басты құрылтайшысы. 1993 жылы 6 сөуірде ҚР Президенті мен «Шеврон» директорлар кеңесінің төрағасы Кеннет Дерр «Теңізшевройл» бірлескен кәсіпорнын құру туралы келісімге қол қойған-ды.

2018 жылы «Теңізшевройл» кәсіпорнының Қазақстанда жұмыс істеп келе жатқанына 25 жыл толды. Осы уақыт ішінде «Шеврон» Қазақстанның ең ірі өрі сенімді инвесторларының біріне айналды. Аталмыш корпорация, салықпен бірге есептегендеге, елімізге 123 млрд АҚШ доллары қөлемінде инвестиция құйды.

(Н.Жоямергенқызы)



6. «Шеврон» – Қазақстанның сенімді серіктесі» мәтінінде берілген ақпаратты графiktік мәтін түрінде «Торлы диаграмма» әдісімен жазындар.



7. «Қазақстан индустриясы дамыған алпауыт елге айнала ма?» тақырыбында дискуссивті эссе жазындар.

ТОҚСАН БОЙЫНША ҚАЙТАЛАУ



1. Мәтіннің құрылымы мен рәсімделуін, жанрлық ерекшеліктерін талдаңдар.

Қазақта «Су атасы – Сүлеймен» деген сөз бар. Бала кезімде мен: «Суға ата боп жүрген Сүлеймен деген кім екен?» – деп ойлайтын едім. Кейін сондай ата барын өзім де қөрдім, ол – Еңбек ері, КСРО Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, күріш өсіруден дүниежүзілік рекорд жасаған Үбырай Жақаев...

Біз теміржолды бойлай отырып, Бірлік бекетіне жеттік. Бірліктің жан-жағы қаптаған егін екен, бәрі де суармалы егін. Суды Шу өзенінен тартқан арықтан ішеді. Соларды арапап, жолмен келе жатып, біз бір тұста тоқтай қалдық.

– Осы ара егін бе, өлде Шудың жайылымынан шыққан шалғын ба? – деді жолдасым.

– Мениңше, бұл – күріш, – дедім мен, – соған үқсайды.

Машинадан түсіп байқасақ, пісуге таянған күріштің сабағы жантая жығылып қалыпты. Оларды күрішке көзі қаныққан кісі ғана танитын, қанықпаған кісіге құрақтармен, өлең шөптермен араласып шыққан күрішті тану қын...

(С.Мүқановтың жолжазбаларынан)



2. Сұрақтарға жауап беріңдер.
 1. Өндірісте дүниежүзілік рекорд жасау үшін не қажет?
 2. Күріш дақылын Қазақстанның қандай аймақтарында өсіреді?
3. Мәтіндегі мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдаңдар.

Бидай – дәнді-дақылдар тобына жататын, көбінесе біржылдық шөптейтін өсімдік. Дәнді-дақылдардың ішіндегі ең басты және ең көп өндірілетін дақыл. Бидайдың 20-ға жуық жабайы және мәдени түрі белгілі. Бидай бір гектардан 30–40 центнер өнім береді.

Бидай біздің заманымызға дейінгі V–VI ғасырларда Ежелгі Грекияда өсіріле бастаған. Мысыр мен Қытайда біздің заманымыздан 4000 жыл бұрын бидайдан тағамдар

жасаған. Адамдар ерте заманнан бидайды тағам ретінде ғана емес, сонымен қатар емдік қасиеттері үшін де бағалаған. Бидайдың дәні байлық пен жақсылықтың нышаны ретінде қабылданған, өйткені ол кезде көп қолданылған сұлы мен қара бидайға қарағанда, сұыққа және құрғақшылыққа төзімсіз бидайдан жақсы өнім алу қыын болған.

(«Қазақ энциклопедиясынан»)



4. Сұрақтарға жүптасып жауап беріңдер.

1. Қазақстан бидай дақылын қандай елдерге экспорттайды?
2. Бидай дақылынан қандай өнімдер шығарылады?



5. Мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастырыңдар.

Жібек жолын қайта жаңдандырып, қалпына келтіру Қытай мен Қазақстан үшін, сондай-ақ Орталық Азия мен Шығыс Еуропаның басқа елдері үшін де маңызды.

2008 жылы Женевада 19 елдің, оның ішінде Қазақстан, Қытай, Ресей, Түркия мен Иранның министрлері Жібек жолының бір бөлігін қалпына келтіру бойынша көлемді жоба қабылдады. Шамамен 7000 км-ге созылған Жаңа Жібек жолының жаһандық перспективасы тек ежелгі бағыттарды ғана емес, жаңа бағыттарды да қамтыған автокөлік жолынан және теміржолдан тұрады. Келешекте Қытайдан Еуропага дейінгі, Ресейден Оңтүстік Азия мен Түркияға дейінгі континентаралық жолды ашу жоспарланып отыр.

Жаңа Жібек жолын қалыптастыру Орталық Азия елдері үшін ерекше маңызды. Географиялық тұрғыдан қарасақ, Орталық Азия елдері материктің ортасында орналасқан, мұхитқа дейінгі ең жақын арақашықтық – 1700 км, бұл – халықаралық сауда үшін негізгі табиғи тосқауыл. Жаңа Жібек жолы материк ортасындағы елдерді біршама дамыған Қытай және Еуропамен жан-жақты ықпалдастыққа, сауданың дамуына мүмкіндік туғызып, аймақтағы кедейлік, жұмыссыздық мәселелерін шешуге септігін тигізетіндігі сөзсіз.

(А.Нұржановтың «Жібек жолы» мақаласынан)



- 6.** «Жұптас. Ойлан. Бөліс» тәсілімен сұрақтарға жауап беріңдер.
- 1) Қазақстанның қай өнірін туристік аймақ деп санайсындар?
 - 2) Қалай ойлайсындар, өздерің тұратын аймақта туризм индустриясын дамытуға бола ма?
- 7.** Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңдар, оған қазіргі заман талабы тұртысынан баға беріңдер.

Біреулер: «Таудан аққан бұлаққа бақыраш тосып ек, құмға аралас алтынның үгіндісі ақты», – деген кеңесті айтады. Сол кезде: «Біржан салдың моласының қасынан ағатын Біржан бұлағы маңынан көп алтын шығыпты, ол алтынды алуға үкімет кісі жіберіпті», – деген сөз дүңк ете түсті. Бұл – 1915 жылды еді. «Ата-бабаң іstemеген кәсіп», – деп, әркім тоқтау айтқанмен, алтын табуды арман еткен Алтынсары Біржан бұлағынан шыққан алтынды қазуға кете барды. Алтын қазушылармен ол екі жылға жақын шахтада жұмыс істеді. Сонда оның үққаны – алтынның көбі Көкшениң астында, бәрін жинап ала алса, көл болатыны рас.

Ала білген қолға Көкшениң байлығы жетеді. Мыңдаған адам, жүздеген жылдар қазып таусы алмайды.

– Бұның асты алтын дариясы екені рас. Бұл – алтын аймақ!..

(С.Мұқановтың «Алтын аймақ» әңгімесінен)



- 8.** Берілген мәтін бойынша «ББТЗО» кестесін толтырындар.

Б (білемін)	Ол туралы мен не білемін?
Б (білгім келеді)	Нені білгім келеді?
Т (табу)	Көбірек ақпаратты қайдан табамын?
З (зерделеу)	Нені зерделеу керек?
О (одан кейінгі іс-әрекет)	Одан әрі не істеу керек?

Дүниежүзіне ең көп тараған мәдени дақылдың бірі – күріш дақылы. Құріш – өте құнды дақыл. Дүниежүзінің 110-та жуық елінде 150 млн га жерге егілген, оның 90%-і Азияда, 4%-і Америкада, 2%-і, Африкада, 4%-і басқа құрлықтарда

өсіріледі. Құріш егіс көлемі жөнінен бидайдан кейін екінші, ал өнімділігі бойынша бірінші орын алады. Ақ ұсағынан спирт, крахмал алынып, парфюмерияда қолданылады. Сабағынан жоғары сортты қағаз, картон, жіп, қап, қалпақ, төсөніштер мен тағы басқа да тұрмысқа қажетті заттар жасалады.

Қазақстанда құріш Қызылорда, Алматы және Түркістан облыстарында өткен ғасырдың 90-жылдарына дейін 130 мың га көлемге дейін егіліп, одан 519 мың тоннаға дейін жалпы өнім алынды.

(ikaz.info)



9. Лексикалық құрылымдарды пайдаланып, ресми қарым-қатынас құжаттарын дайындаңдар.

- ... сіздің мекемеге тәжірибе алмасу мақсатында жіберіліп отыр;
- ... мекемеде орын алып отырған қазіргі қаржы тапшылығына байланысты...;
- ... туралы шешімнің қабылдануына байланысты...;
- ... жөндеу жұмыстарының аяқталуына байланысты...;
- ... алдын ала қолжеткізген келісімге сәйкес;
- Сіздің талабыңызға орай...;
- ...экономикалық жағдайдың қыындығына орай.... .



10. Мәтінді азатжолдарға бөліп, ақпаратты дұрыс жүйелеп, стильдік түзетулер енгізіп, редакциялаңдар.

Жазғы уақыттары өңірлерде жауын-шашын нормадан әлдеқайда көп түсіп, күн салқындау болды. Әрине, жазда жауын-шашын керек, алайда төменгі температура мен күн қызыуының жетіспеушілігі астық дақылдарының толық пісіп жетілуіне мүмкіндік бермеді. Сонын биылғы жылдың күзгі уақытында да жауын көп болды, жиын-терімді қынданатып тастады. Нәтижесінде Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарының жекелеген аудандарында жиын науқаны әлі күнге жалғасуда, Ақмола облысындағы екі аудандағы күзгі жұмыс аяқталуға жақын.

(ҚазАқпарат)



11. Суреттерге қарап, диалог жазындар. Сөздерді іріктең, түрлендіріп, талғаммен қолданындар.



12. Фаламтор ресурстары мен әнциклопедиялардан ізденіп, күріш есіруші Үбірай Жақаев туралы мәлімет жинақтап, презентация дайындаңдар.



13. Улгіні негізге алып, хабарландыру жазындар.

Құрметті мұғалімдер мен оқушылар! Сіздерді мектеп белсенділері мен өнерпаздарының үйымдастырымымен өтетін «Қазақстан – татулық пен бірліктің мекені» атты гала концертке шақырамыз. Әсем ән мен күй, түрлі ойындар сіздерді күттүде. Көруге асығыңыздар!

Басталуы: 30 сәуір, сағат 18.00-де.

Өтетін орны: Орталық алаң.



14. Әдебиет оқулығынан бір шығарманың үзіндісін дыбыс таспасына жазып, тыңдаңдар. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастырындар және баға беріндер.



15. Қазақстанның географиялық картасынан туристік аймақтарды айқындаپ, даму жоспарын құрындар.

ТЕСТ

1. Адамның кішіпейілділігін білдіретін сөзді көрсетіңдер.
 - A) Тоқтаңыз, қараңыз
 - B) Маған қажет
 - C) Рұқсат етсеңіз
 - D) Саған ыңғайлы
 - E) Менің ойымша
2. Үлкеннің кішіге ілтипатын білдіретін сөзді көрсетіңдер.
 - A) Дос
 - B) Туысқан
 - C) Інішек
 - D) Сен
 - E) Адамзат
3. Сөз дәлдігін анықтаңдар: *Когамдық көлікке мінген адам – ...*
 - A) Жүргізуші
 - B) Сатып алушы
 - C) Маман
 - D) Қызметкер
 - E) Жолаушы
4. Көп нұктенің орнына қажетті сөзді қойыңдар: *Ұшақ үшү жолагынан ... көтерілді.*
 - A) Ауаға
 - B) Қеңістікке
 - C) Аспанға
 - D) Өуеге
 - E) Биіктікке
5. Қате нұсқаны табыңдар.
 - A) Зерделенген ер-тоқым
 - B) Зерлі жіппен көмкеру
 - C) Өңіріне зер салған қамзол
 - D) Заттарға зер салып қарадық
 - E) Зерленген өшекейлер көздің жауын алады
6. Көп нұктенің орнына тиісті сөзді қойыңдар: *Мен емтиханнан ... баға алдыым.*
 - A) Бес
 - B) Жоғары

- C) Құшті
D) Үздік
E) Қызыл
7. «Қарт» сөзінің синонимдік қатарын көрсетіндер.
A) Қәрі, егде
B) Ұзын, бойшаң
C) Қиқар, қырт
D) Жас, балғын
E) Ер, жігіт
8. Мақалды толықтырындар: *Айтушы ақылды болса, ... дана болады.*
A) Жігіт
B) Оқушы
C) Тыңдаушы
D) Мақұлдаушы
E) Білімді
9. Сөз дәлдігіне қайшы келетін тіркестерді көрсетіндер: *Берекелі күздің алтын күрек жылы желі есті.*
A) Берекелі күз
B) Жел есті
C) Құздің алтын күрек жылы желі
D) Құздің желі
E) Алтын күрек
10. Мал төлдеген кезде, оны күтүге көмектесетін адам.
A) Қойшы
B) Қой төлдетуші
C) Қой өсіруші
D) Қозы өсіруші
E) Сақпаншы

III

БӨЛІМ

АДАМЗАТ ДАМУЫНЫҢ ЖАҢАНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ТІЛДІК ЖҮЙЕ ЖӘНЕ НОРМА

Бұл бөлімде сөндер:

- адамзат дамуының жаңандық мәселелеріне, яғни ұлттық мәдениеттің жаңандану үрдісіне, экономикалық, ақпараттық-коммуникациялық жаңандану мәселелеріне тоқталасындар;
- мәтінде көтерілген ақпаратты талдай отырып, негізгі ойды анықтап және ғаламдық мәселелермен байланыстыруды үйренесіндер;
- ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орындаңып, интервью жазу дағдыларынды қалыптастырасындар;
- сөз қолданысындағы ерекшеліктер және стиль, ғылыми әдебиет тілінің ерекшеліктері туралы мағлұмат аласындар;
- сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды сақтап, дұрыс қолдана білуге машиқтанасындар.

Бүгінгідей жаңандану жағдайында мемлекет пен адам озық бәсекеге сай болуы үшін ең бірінші білім мен ғылым өркендеуі қажет.

(Н.Назарбаев)

§1.

Ұлттық мәдениеттің жаһандану үрдісі



1. Суреттен қандай ой түйдіндер? «Мәдени жаһандану» терминіне түсінік беріп көріндер.



1. Ойды аяқтандар: «Мәдени жаһандану дегеніміз...».
2. Өз ойларыңа тұсіндірме (комментарий) жасап, көзқарастарыңды білдіріндер.

2. Екі мәтінді салыстырыңдар. Публицистикалық шығарма тілінің стильтік бедерін анықтаңдар.

Қазақстан әртістері Бейжінде өнер көрсетті

Концерттік бағдарламаны Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық халық аспаптар оркестрі «Көңіл ашар» күйімен ашты.

Қазақтың дәстүрлі аспаптары мен ұлттық өуендерінің үйлесімділігі көрермендерді көшпенді дала халқының ежелгі әрі жұмбақ әлеміне жетеледі. Екі жарым сағат ішінде фольклорлық туындылар классикаға ауысып, «Астана балет» би ұжымының балериналары көрермендерді «Аққу», «Қарлығаш» сияқты билерімен тәнті етті. Қазақстанның Еңбек сіңірген әртісі Бекболат Тілеухан қытайлықтарға «Сарыарқа» мен «Ақтамбердінің толғауын» орындалды.

Алыс-жақын мемлекеттерде Қазақстан мәдениеті күндері өткізіліп тұрады.

(*КазАқпарат*)

Қазақстандағы мәдени жаһандану

Мәдени жаһандану үрдісін жас әрі дамып келе жатқан төуелсіз Қазақстан мемлекетінен де көруге болады. Ұлттық қайта жандану үрдісі салт-дәстүрлер мен Әдет-ғұрыптарды жаңғыртумен байланысты жүріп жатыр. Қазақ халқы үшін бұл өте қыын және қурделі мәселе: жоғалған салт-дәстүрді қайта қалпына келтіру керек. Қазіргі қазақтар – бұрынғы малшы, көшпенді халық емес. XX ғасырда саналы түрде салт-дәстүрді жою және қудалау жүзеге асырылып келді. Жетпіс жылға созылған кеңестік кезеңде Қазақстанда салт-дәстүрмен «өткеннің қалдығы» ретінде күресті. Алайда халықтың қажырлылығының арқасында бұрынғы салт-дәстүрлер сақталып келеді.

(*M.Oспанғалиева*)

Тілдік норма тілдегі бірізділік, тіл материалдарын нормалау, белгілі бір тәртіпке, заңға бағындыру. Тілдік норма орфоэпиялық норма, орфографиялық норма, лексикалық норма, фонетикалық норма, грамматикалық норма деп бөлінеді.

Тіліміздегі грамматикалық тұлғалардың бір қалыпқа түсіп, дағдыға айналып жұмсалуы **грамматикалық норма** деп аталады. Грамматикалық норма үшке бөлінеді:

- 1) сөзжасамдық норма;
- 2) морфологиялық норма;
- 3) синтаксистік норма.



Сөзжасамдық норма дегеніміз – туынды сөздің тілдің қалыптасқан занұлылығына, амал-тәсілдеріне сай жасалуы. Мысалы, «семья» үғымына қатысты жаңуя, үйелмен, отбасы сияқты атаулардың ішінен әдеби тіл нормасына тек *отбасы* атауы ғана тұрақталды.

Сөзжасамдық норма сөз тудыруши қосымшалар мен сөздердің тіркесіміне де қатысты. Айталық, тілімізде *окы* етістігіне жүрнақ жалғану арқылы жасалған *окушы* және *окырман* сөздері бар. Тілдік қолданыс барысында мағыналары сұрыпталып, екеуі де әдеби нормаға сай екі үғымның атауы ретінде қалыптасты. Сол сияқты *ұшақ* пен *tīk* сөздерінің біргүйен *tīkұшақ* атауы, бейне сөзіне жазба, *таспа* сөздерін біріктіру нәтижесінде әдеби нормаға сай келетін бейнеказба, бейнетаспа атаулары енді.



3. Оқылым мәтінінен сөзжасамдық нормаға сай келетін сөздерді анықтап, жасалу жолдарын көрсетіңдер.



Жаһандану (ағыл. *global* – «әлемдік», «дүниежүзілік») – жаңа жалпыәлемдік саяси, экономикалық, ақпараттық және мәдени тұастық үрдісі. Терминді фылыми айналымға алғаш рет 1983 жылды америкалық экономист Теодор Левитт енгізді.

Жаһанданудың түрлі аспектілерін XX ғасырдың ортасынан бастап Уолт Ростоу, Дэниел Белл, Алвин Тофлер, Питер Дракер, Джон Нейсбитт, Лестер Туруу зерделеді. Олар ғылымға «интеллектуалдық индустриялар экономикасы», «ақпараттық қоғам», «техникалық революция», «ақпараттық жарылыш» деген үғымдарды енгізді.



4. Фылыми-көшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орындаңып, мәдени жаһанданудың пайдасы не зиянын сарапап, интервью жазындар. Тақырыбын өздерің қойындар.
5. Коммуникативтік жағдаятқа сай көшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды жаңтыту туралы пікір алмасындар.

Әдет-ғұрып	Мені қызықтырады	Өз ойым



6. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.
 1. Өздерің ізденіп, кестені толтырындар.

Салт-дәстүрдің түрлері	Заманауи өзгеріске үшыраған тұстары

2. Мәдени жаһандану туралы түсінгендерінді «БББ» өдісімен қорытындылаңдар.

Б (Мен не білемін?)	Б (Менің не білгім келеді?)	Б (Мен не білдім?)

§2.

Экономикалық жаһандану



1. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Еліміздегі жаһандану арқылы дамып келе жатқан салаларды атаңдар.
2. «Откенді аңсап, өткенмен ғана өмір сүру, ұлттық дамуды тежейді» дегенді қалай түсінесіңдер?
3. Жаһанданудың жақсы жақтарына кесте құрындар.



2. Мәтінді оқып, тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін талданңдар.

Жаһандану адамзат қоғамына не берді? Алдымен, ғылыми-техникалық, экономикалық жетістіктерді айтамыз. Әлемнің бір түкпірінде ашылған ғылыми жаңалық ғаламтор арқылы сол сәтте жер жүзіне тараپ, жалпы адам баласының игілігіне айналуда. Жер бетінде жаһандануға ұшырамаған ел кемде-кем. Ұлттық, мемлекеттік шекараларды білмейтін жаһандану бүкіл әлемді қоғамдық дамудың тайқазанында бүрк-сарқ қайнап жатқан біртұтас дүниеге айналдыруда. Қазір әлемде жаһандану қамтымаған сала жоқ. Ішіп-жеген тاماғымыздан бастап, киген киімімізге, мінген көлігімізге, өндіріс орындарының құрал-жабдықтарына, тұрғын, жатын, жұмыс жайларындағы жиһаздарға, техникаларға, өмір сүру, еңбек ету салттымызға дейін қамтып, өзінің өміршендігін көрсетіп отыр. Бірінде барды екіншісі пайдаланып, жер бетінде өмір сүріп жатқан халықтардың материалдық, қоғамдық, экономикалық, мәдени жағынан жетіле түсіне септігі тиері анық. Қазіргі заманда мәдениеттер мен өркениеттер қақтығысынан үркіп, жаңа заманға бейімделмей, өткенді аңсап, өткенмен ғана өмір сүру ұлттық дамуды тежейді, тіпті жолда қалдырады. Сондықтан жаһанданудың жақсы жақтарын ала білу ұлттық дамудың маңызды шарттарының бірі болып отыр. Бұл – жаһанданудың қоғамдық дамудың барысында туындаған қажеттілігі, пайдалы жағы.

(Д.БІсқақұлының «Жаһандану дегеніміз не?» мақаласынан)



Сөзжасамдық тәсілдер

Тілде жаңа сөз жасаудың қалыптасқан өзіндік жолы, заңдылығы бар. Жаңа сөздер қазақ тілінің заңдылықтары бойынша, яғни сөзжасамдық тәсілдер бойынша жасалады.

Қазақ тілінің сөзжасам жүйесінде әбден орнықкан, қалыптасқан негізгі тәсілдері мыналар:

- 1) синтетикалық тәсіл;
- 2) аналитикалық тәсіл;
- 3) лексика-семантикалық тәсіл.

Сөзжасамның синтетикалық тәсілі

Синтетикалық сөзжасамдық тәсіл – жаңа сөз жасаудағы негізгі тәсіл. Синтетикалық тәсіл арқылы туынды сөз жасауда екі тілдік бірлік қызмет атқарады: лексикалық мағыналы сөз және сөзжасамдық жүрнақ. Мысалы: жаңалық, жүлдегер, ақылды, ардагер, айыпкер, сөүлетші.

Туынды сөздің жасалуына негіз болған сөз берілгенде одан жасалған туынды сөздің мағынасы байланысты болатындықтан, туынды түбірдің қай сөзден жасалғанын дәлелдеуге болады. Мысалы, өнім деген туынды түбірдің лексикалық мағынасы өнү әрекеті арқылы шыққан. Өн, өнім сөздерінің мағыналық байланысы анық көрініп тұр, сол арқылы ол дәлелденеді.

Сонымен, сөзжасамдық мағынаны негіз сөз берілгенде туынды түбірдің мағыналық байланысы арқылы ажыратуға болады.

Негіз сөз дегеніміз – туынды сөздің лексикалық мағынасына арқау болатын сөз. Мысалы, кәсіпкер, қаламгер, аңшы деген туынды сөздер кәсіп, қалам, аң деген негіз сөздерден жасалған. Ал егінші, өнімді, білімпаз, сәнқойлық деген сөздерге егін, өнім, білім, сәнқой деген туынды түбірлер негіз болған.



- 3.** Оқылым мәтінінен синтетикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздерді теріп алыш, түбірін (негіз сөз) анықтап, кестеге түсіріңдер.

Туынды сөз	Түбір сөз



- 4.** Аудиожазбадан (06. mp3) «Дұрыс сөйлейік» мәтінін тыңдаңдар. Мәтіндегі негізгі ойды әрі қарай жалғандар. Көпшілік алдында сөйлеу әдебін; интонацияның құрамдас бөліктері: өуен, өуез, қарқын, кідірісті сақтап сөйлендер.



Экономикалық жаһандану екі үрдістің жиынтығын – нарықтардың жаһандануын (капиталдық, еңбек ресурстарының, тауарлардың және қызмет көрсетулердің) және экономикалық нысандардың жаһандануын білдіреді және экономиканың ұйымдық құрылымдарының – компаниялардың, фирмалардың, корпорациялардың іріленуімен түсіндіріледі. Қазіргі уақытта экономикалық жаһанданудың нақты сипаттары бар:

- үлкен компаниялардың жетекші рөлі;
- жаһандық қаржы, валюта және қор рыноктарының қызмет етуі;
- жаһандық ақпараттық желілердің қызмет етуінің нәтижесінде көлік ағындары құрылымының өзгеруі;
- жаһандық сауда-экономикалық бірлестіктер мен одақтардың құрылуды мен қызмет етуі;
- барлық ұлттық және халықаралық қаржылық, валюталық трансакциялардың жаһандық желіге аударылуы.
- бөлшек саудалық, банктік, сақтандыру және сауда операцияларын жаһандық желіге аударылуы;



5. «Артық болмас білгенің» айдарында берілген ақпаратты пайдаланып, ғылыми-көпшілік стильдің ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, «РАФТ стратегиясы» әдісімен бір компания жетекшісінен интервью алындар.



6. Қазақстандағы жаһандық сауда-экономикалық бірлестіктер мен одақтардың құрылуды және қызмет етуі туралы жарнама дайындаңдар.

§3.

Аумақтық жаһандану



1. «Жүзіп шығу» әдісі бойынша сұрақтарға жауап беріндер.
 1. Аумақтық жаһандану дегенді қалай түсінесіндер?
 2. Әскери-саиси одақтар жаһандануының қаншалықты маңыздылығы бар?
2. Мәтінді оқып, өткен сабактағы оқылым мәтінімен құрылымын, тілдік ерекшелігін, қызметін салыстыра талдандар.

Аумақтық жаһандану – мемлекетаралық құрылымдардың күшею үрдісі, мемлекетаралық әскери-саиси және экономикалық одақтардың құрылуды. Мәселен, Еуропалық одақ.

Жаһандану нәтижесінде болашақта ұлттық мемлекеттерге немесе аумақтық құрылымдарға бөлінбейтін біртұтас өркениет құрылуы мүмкін деген болжам соңғы кезде жиі айтылып жүр. Бірақ бұл процесс ұлттар мен халықтар арасындағы этникалық, мәдени айырмашылықтар түгел жойылған жағдайдаған жүзеге асуы мүмкін. Кейбір мамандар аумақтық қауымдастырыңың дәстүрлі мемлекеттерді ығыстыру үрдісі дами түседі деп есептейді. Ал енді бір зерттеушілер аумақтық қоғамдасу үрдісін бүкіләлемдік жаһанданудың зиянды әсерінен қорғанудың бірден бір жолы деп санайды.



Сөзжасамның аналитикалық тәсілі

Аналитикалық сөзжасамдық тәсіл – тілімізде көне замандардан келе жатқан, тілімізді көптеген күрделі сөздермен толықтырған өнімді тәсіл. Аналитикалық тәсіл дегеніміз – екі я одан да көп сөзден (сөздердің біргүі, қосарлануы, тіркесуі, қысқаруы арқылы) бір лексикалық мағыналы сөздің жасалуы.

Аналитикалық тәсіл барлық сөз табының сөзжасамынан кең орын алады. Мысалы: *үшбұрыш*, *тікұшақ*, *көмір қышқылы*, *ақсақал*, *төмірқазық* (зат есімдер); *қызыл ала*, *орталойлы*, *қызыл шырайлы*, *ақ шашты* (сын есімдер); *қырық сегіз*, *он алты*, *екі жүз*, *бес мың* (сан есімдер); *кіріп шық*, *алып кел*, *алып бар* (етістіктер); *күні кеше*, *күндерде бір күн*, *бүгін*, *быыл* (үстеулер); *тақ-түқ*, *тарс-түрс*, *жалт-жұлт* (еліктеуіштер); *пай-пай*, *ойпырмай*, *бәрекелді* (одағайлар).

Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздер **күрделі сөздер** деп аталады. Күрделі сөздер толық мағыналы сөздерден жасалады.

Қазақ тілінде аналитикалық тәсілдің бірнеше түрі бар: 1) сөзқосым, 2) қосарлау, 3) тіркестіру, 4) қысқарту.

Бұлардың әрқайсысы тілдің сөзжасамында өнімді қызмет атқарады. Аналитикалық тәсілдің осы ішкі төрт түрі күрделі сөздің төрт түрін жасайды. Олар: біріккен сөздер, қос сөздер, тіркескен күрделі сөздер, қысқарған сөздер.

Екі сөзден біріккен жалқы есімдер (*Қажымұқан, Дүйсенәлі, Кекшетау, Сырдария*), терминдік атаулар (бесжылдық, матанализ), тұрақты тіркестер (ден қою, құлақ салу, тіс жару, тіл қату), кіріккен сөздер (ендігіден әрі – ендігәрі, алып кел – әкел), қос сөздер (балашага, егжей-төгжей, қап-қара), қысқарған сөздер (*БҰҰ, FA, ҚазТАГ, кг, см*) және т.б. аналитикалық тәсілмен жасалған.

-  3. Мәтіннен аналитикалық тәсіл арқылы жасалған күрделі сөздерді тауып, қалай жасалғанын талдандар.
-  4. «Қазақстандық заманауи мәдениет» тақырыбы бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығарма жазындар.
-  5. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.
 1. Аналитикалық тәсілдің төрт түріне (сөзқосым, қосарлау, тіркестіру, қысқарту) мысалдар келтіріңдер.
 2. Аумақтық жаһанданудың оң және теріс жақтарын «ПСМТ формуласы» әдісімен жазындар.

1-сөйлем: «Менің ойымша, ...».

2-сөйлем: «Мен оны былай түсіндіремін: ...».

3-сөйлем: «Оны мынадай деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын: ...».

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім: ...».

§4.

Ақпараттық-коммуникациялық жаһандану



1. Сұрақтарды талқылаңдар.

1. Адамзат түрмисындағы көптеген үрдістердің компьютерлендірілуіне қалай қарайсындар?
2. XXI ғасыр қоғамының қалыптасуына қандай маңызды факторлар әсер етеді?
3. Суреттегі ақпараттың бүгінгі тақырыпқа қатысы бар ма?



2. Мәтінді оқып, құрылымы мен рәсімделуін, жанрлық ерекшеліктерін талдандар.

Әлемде болып жатқан кең ауқымды қайта құруулар ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды да-мымен тығыз байланысты. Фаламдық ақпарат, ақпараттық-коммуникациялық технологиилар – XXI ғасыр қоғамының қалыптасуына әсер ететін ең маңызды факторлардың бірі.

Ақпараттық дамудың жаһандық жүйесі – қазіргі заманғы интеграциялық процестердің ішіндегі аса ықпалдысы. Оған коммуникациялық мүмкіндіктерді дамыту және ғарыштық кеңістікті ақпарат беру үшін пайдалану, жаһандық ақпарат

желілерінің пайда болуы және тез қарқынмен дамуы, адамзат тұрмысындағы көптеген үрдістердің компьютерлендірілуі жатады. Сонымен қатар келешекте ақпараттық-коммуникациялық кешендердің көмегімен екі бағыттағы ғарыштық жүйені дамыту; бизнесті, өндірісті, үй шаруасын басқарудың біртұтас жүйесін құру; өмір сүру үрдістерінің мейлінше үлкен бөлігін компьютерлендіру мен роботтау жүреді. Олай болса, компьютерлік технологиялардың ғаламдық-ақпараттық кеңістікті қалыптастыруда, ақпараттық қоғамды дамытуда маңызы зор.

(Б.Сагындықова)

Сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі

Фылым салаларында лексика-семантикалық тәсіл арқылы терминдер көп жасалған: *сөз, буын, мағына, есім, шылау, үстем* (тіл білімі), *күн, нарық* (экономика), *тенеу, суреттеу, өлең, әңгіме* (әдебиет), *қимыл, қозғалыс* (физика), *үшбұрыш, көбейту, қосу, алу* (математика) және т.б.

Лексика-семантикалық тәсіл арқылы сөздің жаңа мағынаға көшуіне байланысты сөз бір сөз табынан екінші сөз табына ауысады, оны ғылымда **конверсия** деп атайды. Конверсия жолымен жаңа сөздің жасалуы – өте көп тараған тәсіл. Мысалы, зат есімге заттану арқылы көшкен сөздер өте көп: *булдірген, ағарған, қорған, қамал, айтыс, коршау, ақ, асар, жетісі, екпін, жасау* т.б.

Лексика-семантикалық тәсілде сөз ешбір тілдік бірліктің көмегінсіз, дыбыстық құрамын сақтай отырып, мағынасы өзгеріп, басқа сөз табына көшеді. Мысалы, *қорған, айтыс, жарыс, бірге, біреу* т.б. Бұл сөздердің тілде дәл осы тұлғада, осы құрамда басқа мағыналары бар және ол мағыналары алғашқы негізгі мағынаға жатады. Мысалы: *қорған, айтыс, жарыс* – етістік, қимыл; *бірге, біреу* – сан есім, сандық ұғым.

Лексика-семантикалық тәсілде мағынасы өзгерген сөз үнемі бір сөз табынан екінші сөз табына ауыса бермейді. Сондықтан лексика-семантикалық тәсілдің іштей айырмасы бар:

- 1) сөздің жаңа мағына алудың байланысты басқа сөз табына көшуі: *асар, жасау, қорған* т.б.;
- 2) сөз жаңа мағына алса да, сөз табын өзгертпей, өз сөз табының құрамында қалуы: *күн, нарық* (экономика), *буын, есім* (тіл білімі) және т.б.





- 3.** Оқылым мәтінінен лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған сөздерді табындар. Конверсия жолымен жасалған сөздердің қай сөз табынан қай сөз табына ауысқанын түсіндіріңдер.

Алғашқы негізгі мағынасы	Жаңа мағынасы



- 4.** Фылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, берілген ойды жалғастырып, шағын мәтін жазындар.

Ақпараттық-коммуникациялық жаһанданудың адамдардың жүргіс-тұрысына, олардың біліміне және жұмысына, сондай-ақ үкімет пен азаматтық қоғамның өзара қарым-қатынасына қатысы бар. Себеби...



- 5.** Өз мәтіндеріңің фылыми-көпшілік стилде жазылғанын таныттын терминдер мен тілдік құралдарды кестеге жазындар. Өзге стиль элементтерінің бар-жоғын анықтаңдар.

Терминдер	Тілдік оралымдар	Өзге стиль элементтері



- 6.** Күнделікті өмірде сенің жұмысынды жеңілдететін компьютерлік технологиялардың тізімін жасаңдар. Олардың ақпараттық-коммуникациялық жаһанданудағы рөлі туралы аргументті эссе жазындар. Сөз саны – 150–170.

§5.

Адамзат дамуының жаһандық мәселелері



1. «Ротация» өдісі. Әр топқа бір сұрақ жазылған параптер беріледі. Әр топ әр түсті қаламмен жауап жазады да, бір-бірімен алмастырады. Сонында дауыстап оқып, бірін-бірі толықтырады.

1. Жастар жаһандану үрдісіне өз үлесін қоса ала ма?
2. Қай мамандық иелері жаһандық мәселелерді шешуге атсалыса алады деп ойлайсындар?
3. Бәсекеге қабілетті, жаңашыл маман болу үшін қандай ғылым саласын таңдар едіңдер?



2. Мәтінді оқындар. Мәтіннің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін талдаңдар.

Жаһандық мәселелер дегеніміз – өркениеттің әрі қарай дамуына әсер ететін, адамзаттың өміріне өз ықпалын тигізетін мәселелер жиынтығы. Адамзаттың жаһандық мәселелері – планетамыздың барлық тұрғынының өмірлік қызығушылығын қозғайтын және әлемнің барлық мемлекеті ортақтасып шешетін мәселелер. Адамзаттың жаһандық мәселелеріне жататындар:

- дамыған елдер мен дамушы елдердің экономикалық қатынасы мәселесі;
- азық-түлік мәселесі;
- кедейлік мәселесі;
- энергетика мәселесі;
- экология мен тұрақты даму мәселесі;
- әлемдік мұхитты меңгеру мәселесі;
- демография мәселесі.

Бұл тізім тұрақты емес. Өркениеттің дамуымен бірге жаңа жаһандық мәселелер туып отырады. Мысалы, ғарыштық кеңістікті игеру, климатты қадағалау т.б.

Дамыған елдер мен дамушы елдердің экономикалық қатынасы мәселесіне олардың арасындағы әлеуметтік-экономикалық айырмашылықты азайту үшін дамыған елдер

нарығында дамушы елдердің тауарларына сұранысты өсіруді, дамушы елдерге капитал мен білімнің ағымын ұлғайтуды (әрине, көмек ретінде), сыртқы қарыздардың есептерін шығаруды және т.б. жатқызамыз.

Азық-түлік мәселесі дегеніміз – халықтың өзін-өзі ең қажетті азық-түлікпен толық қамтамасыз ете алмауы. Бұл мәселе өлеуметтік жағдайы төмен елдерде азық-түліктің абсолютті жетіспеушілігінен болса, дамыған елдерде тамақтану теңгерімсіздігінен болып отыр. Бұл мәселенің шешімі табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға, ауылшаруашылығындағы ғылыми-техникалық прогресске және мемлекет тараапынан қолдауға тікелей тәуелді.

Кедейлік мәселесі жаһандық мәселелердің ішінде ең негізгілерінің бірі болып отыр. Кедейлік – мемлекеттің сол елдегі адамдарды ең қарапайым және ең арзан өмір жағдайымен қамтамасыз ете алмауы. Дамушы елдердегі кедейліктің үлкен масштабы тек үлттық қана емес, сонымен қатар әлемдік тұрақты дамуға үлкен қауіп тудырады.

(Ж.Оспанбаев пен Д.Төленгітованың «Жаһандану және адамзат дамуының жаһандық мәселелері» мақаласынан)

Әдеби тілдің сөзжасамдық нормалары

Сөзжасам – тіл біліміндегі жаңа мағыналы туынды сөздердің қалыптасуын, мағыналық дамуын және жасалу тәсілдерін зерттейтін сала. Сөзжасамның зерттеу нысанына туынды сөздің жасалу сипаты, әдіс-тәсілдері, қалыптасуы, жаңа мағынаның ішкі құрылымы т.б. жатады.

Бұл күнде жанданған (активтенген) бірқатар жүрнақтар арқылы жасалған сөздердің норма болып танылуы осы модельдің тілдік жүйеде бұрыннан бар екендігін дәлелдейді. Айталық, адамның қызметін, кәсібін, мамандығын білдіруде -шы жүрнағы тек қазақ, араб, парсы сөздерінен ғана емес, орыс тілінен енген сөздерден де жаңа тұлғалар жасайды. Әншиⁱ, егіншиⁱ, тракторшы, комбайнши, футболшы дегендерді былай қойғанда, бұл күнде гипнозшы, памфлетші, парашютші, саботажшы, парламентші, газетші сияқты ондаған туынды сөздің еркін жасалуына жалпы тілдік модель (үлгі) негіз болған, яғни бұл сөздерді қазақ тілі табиғатын бұзбайтын нормадағы тұлғалар деп тану керек.



Ал тілдік нормаға сай келмейтін грамматикалық, сөзжасамдық құбылыстардың орын алу себептері әртүрлі болып келеді. Мысалы, *окырман*, *көрермен*, *сатарман*, *аларман*, *оралман* деген жаңа сөздердің жасалуына себеп болған қазақ тілінде XIX ғасырдың II жартысында жүйені бұзып, пайда болған *атарман*, *шабарман* сияқты бірді-екілі қолданыс сияқты. Мұндай негізі осал, яғни тілдік құрылымға сәйкес-пейтін нормалар кодификацияланбай, бірақ жарыса қолданылып жүре беруі әбден ықтимал. Тілдің табиғатынан шығып кететін нормалар бүкіл тілдік жүйені қамтымайды, жеке тұстарының ғана «шырқын бұзады». Сондықтан «норманың басты белгісі – тілдің құрылымдық табиғи заңдылықтарына сәйкес келіп отыруы» деген қағида әрдайым күшін сақтайды.

-  3. Уш топқа бөлініп, берілген тақырыптарға қатысты сөздерді атаңдар, олардың мағынасын, сөзжасам тәсілдерінің қай түрі арқылы жасалғанын түсіндіріңдер.

1-топ. Сауда-саттыққа байланысты сөздер.

2-топ. Елааралық қарым-қатынастан пайда болған сөздер.

3-топ. Саяси-әлемеуттік қолданыстағы сөздер.

-  4. Сұрақтарға жауап бере отырып, сұхбат құрындар. Мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдандар.

1. Жаһандану талабының қатаңдығынан бәсекеге әлсіз үлттардың жоғалып кетуі мүмкін бе?

2. Жаһандану жолында табигат ресурстарының жойылып кетпеуі үшін не істеу керек?

-  5. Аудиожазбадан (07. mp3) «Сөздерді дұрыс қолданайық» мәтінін тындандар. Коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында сөйлеу әдебін сақтай отырып, мәтіндегі ойды жалғастырындар.

-  6. Жаһандық мәселелер тізімі тұрақты емес, бұл тізімге өз тараптырынан қандай мәселелерді қосар едіндер? Ойларынды дәлелдей, аргументті эссе жазындар. Сөз саны 150–170.

IV

БӨЛІМ

АДАМ ӘМІРІН САҚТАУ

ТІЛДІК ЖҮЙЕ ЖӘНЕ НОРМА

Бұл тарауды оқып-білу арқылы сендер:

- адам әмірінің мемлекет үшін маңыздылығы және осы бағытта мемлекеттің атқаратын іс-шаралары туралы оқып, білесіндер;
- өз әмірінді сақтау үшін білуге тиіс факторлар, әмірлік ұстанымдар мен қаралайым ережелер, ғалымдардың кеңестері туралы оқып, ойларында ортаға салып, ортақ бір шешім шығаруды үйренесіндер;
- БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік еңбектерден алынған де-ректорге сілтеме жасап, өз көзқарастарынды білдіресіндер;
- берілген ақпараттарды конспектілеп, сөзжасам мен синтаксистік нормаларды емлеке сәйкес қолдануды үйренесіндер;
- автордың көзқарасын ескере отырып, сұрақ қойып, сұхбаттасудың бірнеше тәсілімен танысадындар.

Адамдарға ақыл-парасат өз әмірін жақсарту үшін берілген.

(Н.Назарбаев)

§1.

Адам өмірін қорғау – басты міндет



1. Топқа бөлініп, сұрақтарға жауап беріндер. Жауаптарыңды салыстырып, өз нұсқаларыңды дәлелдендер.
 1. Халық денсаулығына елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы қалай өсер етеді?
 2. «Мемлекет адам өмірін кез келген қауіптен сақтап қалуға міндетті» деген ұстаныммен келісесіндер ме?
2. Мәтіндегі негізгі ойға ақпараттар қосып, құрылымы мен рәсімделуін, жанрлық ерекшеліктерін талдаңдар.

Мемлекет міндеттерінің бірі – азаматтардың қалыпты тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оларды экстремалды жағдайлардан сақтау. Қазақстан Республикасы Конституциясында: «Адам, оның өмірі, құқығы мен тәуелсіздігі – еліміздің ең басты байлығы», – делінген. Сол себепті де мемлекет адам өмірін кез келген қауіптен сақтап қалуға міндетті.

Қазақстан Республикасында заңнамалық база қалыптасып, оның негізінде халық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің көпқырлы механизмі іске қосылды. Ел аумағында бұл механизм қауіптің алдын алу, зақымдануды төмендешу мен төтенше жағдайлар салдарын жою секілді сұрақтар бойынша жұмыстар жүргізуде.

Әрбір адамның денсаулығы – оның толыққанды тіршілік етуін ғана емес, адам мүмкіндігінің әлеуетін анықтайтын фактор. Халық денсаулығының деңгейі өз кезегінде елдің әлеуметтік-экономикалық, мәдени және индустримальық даму шамасын да айқындайды. Халық әл-ауқатының орнықты және тұрақты өсуі тұрғысынан алғанда, медициналық көмек көрсетудің қолжетімділігін, сапасы мен сабактастығын қамтамасыз ететін, жақсы дамыған, әлеуметтік бағдарланған денсаулық сақтау саласы республикадағы негізгі басымдықтардың бірі болып саналады.

(ҚР ішкі істер органдарының медиаорталығы)



Тіркестердің мағыналық байланысы

Өзара байланысы айқын емес тіркестер білдірейін деген ой-пікірді түсініксіз етеді. Тіркестер мағыналық және синтаксистік байланысқа түспесе, ой жұтандығын да аңғартады. Мысалы, *көргенді шығарма, тиянақты табыс, үрдіс келбет* сияқты тіркестер тіліміздің көркін келтіріп тұрмағаны белгілі. Бұл сөздерді еріксіз тіркестіргенмен, олардың арасында жатықтық, мағыналық үйлесімділік жоқ. Бұндай қолданыс **синтаксистік нормадан ауытқу** болып саналады.

Сөздердің мағыналық байланыста айтылып, өзара тіркесе алу қабілеттілігі – олардың ең басты грамматикалық қасиетінің бірі. Сөз тіркесінің белгілерін, яғни құрамында кемінде толық мағыналы екі сөздің болуы, өзара сабактаса (бағыныңқы, басыңқы сыңар) мағыналық, синтаксистік байланыста айтылуы – осыған дәлел. Мысалы, *момын су, үркек тауық* деп байланыстыру мүмкін емес, дұрысы – *момын адам, үркек мал*.



- 3.** Синтаксистік нормаға сай келмейтін тіркестерді «Қосжазба күнделігі» әдісімен түсіндіріңдер. Тізімді өздерің жалғаңдар.

Тілдік мәлімет	Менің түсіндірмем

Көрі қарт, шынайы шындық, балғын сәби.



Сөз тазалығы



Тіл мәдениетіне қажетті аса маңызды сапалардың бірі, тілімізде бөгде тілдік элементтердің болмауы



Ескерту. Әдеби тілімізде өзге тілдерден енген сөздер бар. Мысалы: *республика, диктатура, формула* (латын); *грамматика, геометрия, физика, экономика, телефон, опера, симфония, газет* (көне грек, рим); *чемпион, руль, рельс, клуб, вокзал* (ағылшын); *бюро, депо, партизан, метр, кабинет* (француз); *офицер, штаб, матрас* (неміс) т.б.

Тіл тазалығы – ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шүбарламау, ес-кірген сөздерге жоламау, жергілікті сөздерден қашу (*А.Байтұрсынұлы*).

Таза сөйлеу дегеніміз – сол тілдің жалпыға ортақ байлықтарын пайдаланып, «бөгде» сөздерді араластырмай сөйлеу (*М.Балақаев*).



4. Аудиожазбадан (08. mp3) «Сақтандыру тарихы» мәтінін тыңдаңдар. Қазақстандағы адам өмірін сақтандыру туралы не білесіндер? Мәтінде көтерілген мәселеғе автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастырындар.



5. Түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпаратты іріктең жазындар.



6. «Адам өмірін сақтандыру дұрыс па, өлде бұрыс па?» тақырыбы төңірегінде пікір таластырындар. Кірме сөздердің қолданыс ерекшеліктерін түсіндіріңдер.

Еуропа елдерінде халықтың 98%-ке жуығы сақтандыру компанияларында өмірін сақтандырып қойған. Бір қызығы, адамның өзіне табыс өкелетін қабілетін сақтандыру қалыпты жағдайға айналып барады. Мысалы, спортшылар дене мүшесін, әншілер дауысын деген секілді.

Статистикалық мәліметке сүйенсек, Қазақстанда өмірін сақтандырған адамдар саны 25%-ті ғана құрайды. Халық өз өмірін сақтандырудың тиімділігі туралы біле бермейді. Сақтандыру компаниясының негізгі мақсаты – денсаулыққа зақым келген жағдайда емделуге қаржылай көмек беру; қайтыс болған жағдайда табысына тәуелді адамдарды қаржымен қамтамасыз ету. Заң бойынша өмірін сақтандыра алмайтын тұлғалар да бар. «Зейнеткерлер, мүгедектер, нашақорлар мен алкогольді ішімдік тұтынатын тұлғалар, психологиялық аурумен ауыратын және бұрын қамауда болған қылмыскерлер өмірлерін сақтандыра алмайды», – дейді сақтандыру менеджерлері. Қазіргі таңда елімізде адам өмірін сақтандыратын 7 компания бар. Өмірді сақтандырудың бастапқы құны 150 мың теңге болса, жоғарғы құны 2 млн теңгені құрайды.

(Дайындаған Ф.Бақыт)



7. Өтілген тақырып бойынша ойларынды қорыттындылап, «Креативті матрица» кестесіне түсіріңдер.

§2.

Адамның денсаулығы – қоғам байлығы



1. «Жұптас. Ойлан. Бөліс» тәсілімен сұрақтарға жауап беріндер.
 1. «Ауруды емдеме, адамды емде!» сөзінің негізгі ойы қандай?
 2. Адам өмірін сақтау үшін тағы қандай құрылғыларды ойлап табу керек деп ойлайсындар?
2. Мәтіндерді оқындар. Әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдандар.



Пайдалы құрылғылар

Еуропадағы бір компания қатты пластик пен соңғы үлгідегі сүзгіштерден жасалған су тазартатын құрылғы ойлап шығарды. Оның арқасында адам ластанған суды ішсе де, ауырып қалмайды. Осы сынды құрылғылар табиғи апат орын алған кезде көп көмегін тигізді. Мысалы, аталмыш құрылғы 2010 жылы Гаитиде болған жер сілкінің кезінде қолданылды.

Фылымның тағы бір жетістігі – жаһандық позициялау жүйесі (GPS). Ол аспан кеңістігіндегі Жердің жасанды серіктерінің сигналымен жұмыс істейді. GPS жүйесі алғашында өскери мақсатта жасалған. Ал қазіргі таңда осы жүйе арқылы көлік, кеме жүргізушілері, ұшқыштар, тіпті аңшылар мен саяхатшылар да өз жолынан адаспайды. GPS жүйесін ойлап тапқан ғалымдардың арқасында қалаған жерімізге жету оқайтай түсті.

(География оқулығынан)

Ауруды емдеме, адамды емде!

Қатардағы дәрігердің бөрі шама-шарқынша адам емдейді, білімін аяп, керенау еңбек істеген жері жоқ, бар ынтасымен қызмет етіп жүр.

Дәрігер болсаң, баяғы институтта алған біліммен рецепт жазып: «Күніне үш рет тамағынды шай!» деп самарқау емдеме, ізденіп, әр науқасқа еңбек сіңір, өнерлі дәрігер атан!» деген принципті қолдайды Нияз. Клиникалық медицинаның

атасы Боткин не деді? «Ауруды емдеме, адамды емде!» деген жоқ па? Әр адамның организмі әрқиң, біріне қонған емекіншісіне қонбауы да ықтимал, ендеше оған жаңа бір тәсіл тап!..

Рентген сәулесімен емдеуде Нияз медицина ғылымында бір жаңалық ашып, атақта ие болам деп құлшынбайды. Бұл емнің өз авторы бар, ол – профессор Штокин. Нияз – сол жаңа емді іске асырушы ғана...

(3.Шашкиннің «Доктор Дарқанов» романынан)



3. Фаламтор желісінен алынған үзінділерде сөзжасамдық және синтаксистік нормалар сақталған ба? Қате қолданыстарды тауып, түзетіп жазыңдар.

1. Салауатты өмір салтын қалыптастыруды әрқайсымыздың дene тәрбиесімен айналысұмызға, дұрыс тамақтануымызға, тазалық шараларын сақтауымызға тікелей бағытталған.

2. Дүниежүзілік медицина ғылымдарының ұлы өкілдері денсаулық адамзат баласына тартқан үлкен сыйы деп түсініреді. Медицина ғылымы адамдардың денсаулығын сақтауға, аурулардың алдын алуға, ауруларды емдеу әдістерін тауып, оны жетілдірумен шұғылданып отырған ғылым екені байқалады.

(stud.kz)



4. Ғылыми-қөпшілік стильге тән тілдік құралдарды орынды қолданып, денсаулықты қалай күту керектігі туралы тәменгі сынып оқушыларына нұсқаулық жазыңдар.



5. «Данаалық ағапы» әдісімен оқылым мәтіндері бойынша сұрақтар дайындандар.



6. Тілдік нормаларды сақтап, мәтінді өз ойларыңмен аяқтаңдар. Тыныс белгілерінің дұрыс қойылуына мән беріңдер.

Әрбір адам өз денсаулығының мықты болу жолдарын қарастыруы керек. Дені сау адамның көңіл күйі көтеріңкі болып, еңбекке әрқашан құлшына кіріседі...

§3.

Адам өмірі және қоршаған орта



- Сұрақтарға жауап беріп, ойларыңды ортаға салындар.
 - Қоршаған орта мен адам өмірі арасындағы байланысты қалай түсіндіресіндер?
 - Денсаулыққа жағымды өсер ететін факторларды білеңдер ме?
 - Бүкіләлемдік денсаулық сақтау күнін атап өту неліктен маңызды?
- Мәтінді оқып, құрылымы мен рәсімделуін, жанрлық ерекшеліктерін талдандар.



Адамның денсаулығына оны қоршаған табиғи ортаның өсері зор. Дем алатын ауаның, күнделікті пайдаланатын ауызсудың, тағамның таза болуының маңызы ерекше. Қоршаған ортаның бұзылуы адам денсаулығына кері өсерін тигізеді.

Денсаулығы мықты болуы үшін, адам саламатты өмір сұру салтын ұстануы керек. Темекі тарту, ішімдікті пайдалану, дұрыс тамақтанбау, кей жағдайда мұлде қимыл-қозғалыссыз болудан да денсаулық бұзылады.

Денсаулыққа жағымды өсер ететін бірнеше фактор бар:

1. Бұлшық ет қимылдарының белсененділігі. Адамның барлық тіршілік өрекеті түрлі қимыл-қозғалыстар жиынтығынан тұрады. Қозғалыс – тіршілік тірегі. Спортпен айналысып, дene шынықтыру жаттығуларын жасайтын адамның жұмыс істеу қабілеті жоғары болады. Спорт адамның түрлі ауруға қарсы тұруына көмектеседі: тыныс алу мүшелерінің жұмысын жақсартып, жүрек бұлшық еттерін шынықтырады, зат алмасудың қалыпты жүруін қамтамасыз етеді.

2. Еңбек пен демалысты дұрыс үйімдастыру. Адам өмірінде еңбек басты орын алады. Еңбек ету арқылы адам өзіне қажетті жағдайларды жасайды. Бірақ шектен тыс еңбек ету ағзаның қажуына әкеп соқтырады. Сондықтан да еңбек ету мен демалысты дұрыс үйлестіре білу қажет. Бұл – адам ағзасындағы барлық мүшелердің жұмысын жақсартады.

3. Дұрыс тамақтана білу. Дұрыс тамақтанудың нәтижесінде асқорыту мүшелерінің жұмысы жақсарады, зат алмасу процестері қалыпты жүреді. Адамның ұзак өмір сүруіне дұрыс тамақтанудың да әсері бар. Қебіне көкөніс, жеміс-жидектерді пайдалану, тамақтану ережелерін мұқият сақтау, майлы тағамдарды шектеп пайдалануды естен шығармау қажет. Дұрыс тамақтану адамның дене салмағын бірқалыпты ұстайды. Артық салмақ аурудың пайда болуына әкеп соқтырады.

Әрбір адам өз денсаулығына қамқорлық жасап, үнемі көңіл бөліп отыруы тиіс. Ұзак өмір сүрудің негізгі шартының денсаулықты сақтау мен нығайту екенін естен шығармауымыз керек.

Дүниежүзілік денсаулық ұйымының шешімімен 7 сәуір «Бүкіләлемдік денсаулық сақтау күні» деп белгіленген. Біздің елімізде де адамдардың денсаулығын сақтауға ерекше көңіл бөлінуде.



3. Клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша ойларынды дәлелдейп, дискуссивті эссе жазындар. Сөз саны – 80–100.



Сөйлем мүшелерінің орын тәртібі

Сөйлем мүшелерінің орын тәртібі дегеніміз – синтаксистік бірліктердің дұрыс қолданылуы. Синтаксистік норма сөйлем мүшелерінің қалыпты орын тәртібінің сақталуын талап етеді. Сөйлем мүшелерінің дұрыс орналасуы – баяндауыштың сөйлем соңында келуі, пысықтауыштың баяндауыштың алдында келуі, анықтауыштың өзі анықтайтын сөздің алдында келуі және т.б.

Мысалы: Ұзын мүйізді көршінің қызыл сиыры жайылып жүр. Мұнда ұзын мүйізді деген анықтауыш өз орнында тұрмай, сөйлемнің басына шығып кеткендіктен, «ұзын мүйізді көрші» болып тұр. Дұрысы – көршінің ұзын мүйізді қызыл сиыры жайылып жүр. Тағы бір мысал: көп тараған қазақтың халық музыкасынан концерт береміз деу дұрыс емес; дұрысы – қазақтың жүртқа көп тараған халық музыкасынан концерт береміз.



4. Фаламтор көздеріндегі ақпараттарды пайдаланып, адам денсаулығының басты үш көрсеткішін жазындар. Сілтеме көрсетіндер.




- 5.** Мәтіндегі сөйлем мүшелерінің қалыпты орын тәртібінің және сөз тіркестерінің мағыналық байланысының сақталмау себептерін түсіндіріп, түзетіп жазындар.

Халық денсаулығының нашарлауы және демографиялық көрсеткіштердің төмендеуіне əсер ететін себептердің негізгісінің ішінде климаттық, өлеуметтік, экономикалық ахуалдармен қатар, экологиялық қолайсыздықтар да ерекше орын алады.

Қазіргі кезде жер шарының көптеген аймақтарында табиғатты бұлдіріп, адамның өмір сүруіне тәндіретін қауіп зиянды əрекеттер көбейді. Жер үстінде экологиялық тұтас апат аймақтары пайда болды.

Өндірісті ірі қалаларда, техногендік елді қоныстарда қоршаған орта қатты ластануда. Осы қоршаған бүлінген ортада адам ағзасына залалды заттар молайды. Кеселді мұндай заттар адам өміріне қауіп тәндіреді.



- 6.** Елбасының «Адамдарға ақыл-парасат өз өмірін жақсарту үшін берілген» деген сөзін эпиграф ретінде алып, синтаксистік норманы сақтай отырып, көркем əдебиет стилінде шығарма, өлең, хат не әңгіме жазындар.

§4.

Спорттың адам өміріне пайдасы



1. Сұрақтарға жауап беріп, өз ойларыңмен бөлісіндер.

1. «Спорт көңіл күйді көтеріп, өз-өзінді көңілді сезінуге көмектеседі» деген пікірмен келісесіндер ме?
2. Күйзелісті жоюға әсер ететін қарапайым жаттығулар бар екенін білесіндер ме?



2. Мәтінді оқып, мәтіндік зерттеу жүргізіндер.

Мәтіннен негізгі ойды табындар.

Мәтінде қандай тосын ой кездесті?

Мәтіннен шығатын өмірлік қағида қандай?

Бұрыннан таныс және таныс емес ақпараттарды белгілендер.

Саламатты өмір салтын ұстанып, түрлі аурудың алдын алуға болатынын білеміз бе? Ауыр күйзеліске ұшыраған Клер есімді арудың қыындықты қалай жеңгені туралы ғаламтор желісінде жарияланған еді.

Ол емдеу курсынан толық өткен соң, өзінің өмірін тубегейлі өзгертуге бел буады. Клер өмір бойы дәрінің күшімен жүрген: оған адофамин мен серотанин жетіспеді. Өрімдей қызы бұл дерптің алдын алатын басқа амалдарды қарастыра бастайды. Бірде әйгілі Гиппократтың күйзеліс жайлы жазбаларын оқиды. Гиппократ депрессиядан құтылу үшін жүзумен айналысады, күн сайын жүгіруді, жалпы спортпен шұғылдануды әдетке айналдыру керектігін жазған. Спорт көңіл күйді көтеріп, өзінді көңілді сезінуге көмектеседі. Өйткені жаттығу барысында эндорфин гормоны көптеп бөлінеді. Оны «бақыт гормоны» деп те атайды. Ол адам жанын тыныштандырып, рақаттандырады. Жүгіру мен жүзу де өте пайдалы. Спортпен шұғылданатын адамдар өзінің денесін жақсы көре бастайды, денсаулығына мән береді. Сонымен қатар терең тыныс алушы да үйренеді. Терең тыныс алу кезінде сіз күйзелісті есіңізге де алмайсыз. Міне, осындағы күнделікті жаттығудың арқасында Клер өзінің ауруымен мәңгілікке қош айттысты. Қазір Клер спортты өмірлік серігіне айналдырып, ауруын ұмытқан. Мұндай жағдай бөріміздің де

басымызда тууы мүмкін. Сондықтан спортпен айналысып, саламатты өмір салтын ұстанған жөн.

(Дайындаған Ж.Исакаев)



Мәтіндегі сөйлемдердің орын тәртібі

Қазақ тілінің синтаксистік мүмкіндіктерін дұрыс пайдаланып, әртурлі оға сәйкес етіп алуан түрлі сөйлемдер құрай білу тіл шеберлігін қажет етеді. Адамның басқаға хабарлайтын пікірі жеке сөздермен шектелмей, ұласа айтылған сөйлемдер қатарымен тиянақталып тұрады. Сондықтан сөйлемдер арасы өзара дұрыс құрылуы тиіс. Сонда ғана тыңдарман не оқырман сөйлеушінің не жазушының ойын түсініп, не айтпақ болғанын үфады.

Қате қолданыс



Жас кезінен асық атып, атқа мініп, теңге іліп, бәйгеге шауып, күреске түсіп өскен ата-бабамыздың шымыр да шыныққан, епті де икемді болғанын білеміз. Бұған дәлел – қазақтың спорттық ойындары. Қазақ халқы ерте кезден бала тәрбиесіне, баланың ақыл-оїнының, дene бітімінің дұрыс қалыптасуына ерекше көңіл бөліп отырган. Бұған дәлел – қазақтың спорттық ойындары. Жас кезінен асық атып, атқа мініп, теңге іліп, бәйгеге шауып, күреске түсіп өскен ата-бабамыздың шымыр да шыныққан, епті де икемді болғанын білеміз.

Дұрысы



Қазақ халқы ерте кезден ба-ла тәрбиесіне, баланың ақыл-оїнының, дene бітімінің дұрыс қалыптасуына ерекше көңіл бөліп отырган. Бұған дәлел – қазақтың спорттық ойындары. Жас кезінен асық атып, атқа мініп, теңге іліп, бәйгеге шауып, күреске түсіп өскен ата-бабамыздың шымыр да шыныққан, епті де икемді болғанын білеміз.



3. Синтаксистік норманы сақтай отырып, мәтінді редакцияландар. Сөйлемдердің орындарын ауыстырып жазындар.

Сондықтан құтқарушылар «ел қауіпсіздігі жолында тәуекелге бел буа енбек ету – кәсіби өрі адамдық парызымыз» деп санайды.

Қалалық төтеншe жағдайлар басқармасының аға инженері:

– Тамыр соғысын тексеріп едім, соғып түр екен. Содан тез далаға алыш шықтым. Өкпесін сүзгілеп, түтінді шығардым. Осы өрекеттерді 7–8 минуттай жасадым. Бір уақытта әлгі адамның тыныс алуы қалпына келді.

Кәсіби өрт сөндірушілер мен құтқарушылар үшін жинақтылық пен ширақтық – аса қажет мінездер. Оқыс оқиға кезінде адам өмірін сақтау үшін өрбір секунд санаулы, әр минут қымбат.

(24.kz)



4. Фылыми-көпшілік стильдің тілдік құралдарын орынды қолданып, жасөспірімдердің спортпен айналысу тәртібі туралы нұсқаулық жазындар.



5. Дендерің сау болу үшін құнделікті спортпен шұғылдану міндетті ме? Жұптасып, сұхбат құрындар.



6. Жағдаяттық тапсырманы орындаңдар.

«Тақырыптық теннис» ойынына екі ойыншы, төреші, тілші қатысады. Екі ойыншы деңсаулық туралы мақал-мәтілдерді жатқа айтады және мазмұнын түсіндіреді, төреші жазып отырады және есеп жүргізеді. Тілші ойынның өтуі туралы хабарлап отырады.



7. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. «Өз өмірінді сақтау – өзіңе деген жауапкершілік» тақырыбында дискуссивті эссе жазындар.
2. Мәтіндегі тыныс белгілерін емлеке сай қойып шығындар.

Өмірден қымбат еш нәрсе жоқ өйткені өмірде бәрі бар қазіргі заманда өмір ең қымбат байлық болып есептеледі адамның ең негізгі мақсаты өмірді сақтап қалу адам осы өмірде жоспар құрады сол жоспарларды іске асыру үшін жұмыс жасайды және көптеген нәрселерді үйренеді.

Көбіне өз өмірін және өз жақындарының өмірін сақтап қалу үшін қарапайым ережелерді білу маңызды мысалы алғашқы медициналық көмек төтенше жағдайлар кезінде қауіпсіздік негіздерін өркім білу керек сіздің жасаған көмегіңіз бір адамның өмірін сақтап қалуына мүмкіндік жасайды сол себепті бұны білу және оны дұрыс қолдану біздің міндеттіміз.



1. Мәтінді детальді түрде оқып, берілген сұрақтарды «Микрофон» әдісі арқылы талдандар.
 1. Фылым дамуының басым бағыттарына көзқарастарың қандай?
 2. Жаһандану үрдісіндегі жастардың үлесі қандай? ҚР статистика агенттігінің мәліметтеріне сүйене отырып, жауап беріңдер.
 3. Бөсекеге қабілетті маман, ғылыми жаңашылдықтардың авторы болу үшін қандай ғылым саласын таңдайсыңдар?

Мемлекеттің ең құнды капиталы – адам. Жастар – мемлекеттің болашағы. Әлемдік жаһандану, экономикалық дағдарыс, ғылым мен техникалық прогресс сияқты сөздер XXI ғасырдың басты терминдеріне айналды. Баршамызға белгілі ғылым мен техникалық прогресс ай сайын емес, апта сайын әлемге өзіндік жаңашылдығымен, инновациялық жаңа жобалармен, «Ноу-хау» технологиялық өзгерістерді алып келуімен ерекшеленуде. Кез келген технологиялық өзгеріс мемлекеттің экономикалық дамуында белгілі бір деңгейде серпіліс алып келері сөзсіз. Ал ғылыми жаңашылдыққа ілесе алмаған мемлекеттің экономикалық дамуда қындықтарға тап болатынын әлемдік тәжірибе көрсетіп келеді.

Ғылымның дамуындағы негізгі басым бағыттар анықталды:

- энергетика;
- шиқізат өңдеу;
- ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар т.б.

Дамыған елдерде жүргізілген зерттеулер әлемдік экономикалық дамудың жаңа үлгісі пайда болғанын көрсетеді, оның негізінде адам капиталы мен инновация ең қымбат ресурс болып есептеледі. Қазақстанда 400-ден аса ғылыми мекемелер бар, олардың 95-і – мемлекеттік ғылыми институттар, 121-і – жоғары көсіби білім беру мекемелері, қалғандары – кәсіпкерлік саласы бойынша және коммерциялық

емес үйымдар. Елімізде шамамен 18 мыңға жуық адам ғылыми жұмыстармен және ізденістермен айналысады.

Тәуелсіз Қазақстан өз дамуында тарихи кезеңді бастан өткөріп келеді. Еліміздің «Мәңгілік Елге» айналуы тікелей жастанға байланысты болмақ. «Ақыл жастан...» демекші, бәсекеге қабілетті мамандар, ертеңгі ғылыми жаңалықтардың авторлары – бүгінгі жастан.

(Ж.Молдамураев)



2. Мәтіндердің тақырыбын, стилін, тілдік ерекшелігін салыстыра талдандар.

Жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтар

Жаһанданудың жойқын толқынында жаңқадай жұтылып кетпеу үшін өрелі халықтар өздерінің ұлттық кейпін сақтап қалудың қамын ойлап, амал-әрекет жасауда. Жаһандануға үйлесімді кірігу дегеніміз – ана тілі, ұлттық сана, озық салт-дәстүр мен тарихи танымыңды сақтай отырып, адамзаттың алдыңғы қатарлы мәдениетін солармен үйлестіре қабылдау арқылы өлемдік қауымдастықтан өз орныңды табу деген сөз. Бұған қазақ тілі мен әдебиетін оқытуудың сапасын арттыру, салт-дәстүр мен тарихи зердені нығайту арқылы қол жеткізуғе болады. Елбасымыз өзінің «Қазақстандық жол» еңбегінде жаһандану жағдайында ұлтты сақтап қалатын бәсекеге қабілеттілік сапа туралы былай деп жазады: «Бәсекеге қабілетті тұлға, алдымен, өз халқының мәдениеті мен тілін білуі керек. Туған тілдің мәдени бастаулары мен рухани дәстүрлерін сақтау жас үрпақтың бойында жаһанданудың барлығын жұтатын, бірыңғайлайтын және кіріктіретін үрдістеріне қарсы тұра алатындаид иммунитеттің қалыптасуына көмектеседі».

Қай халықтың болмасын, өзге жүртқа ұқсамайтын бөлек болмыс-бітімін даралап, өзіндік тағдырын айқындайтын басты белгілері – ана тілі мен әдебиеті, салт-дәстүрі, өнері мен мәдениеті. Ана тілі мен ұлттық әдебиет – ұлттың өткен тарихы мен бүгінгі тағдырының сабактастығын орнықтыруда, тұлғааралық мәдени қарым-қатынас орнатуда, жастандарды отансүйгіштікке тәрбиелеуде басты құрал. Сонымен бірге әдебиет – ұлттың рухани жады, адамзат дамуының қозғаушы күші және тарихи-көркем баяны. Сол мол мұраны жас жеткіншектерге менгертуде қазақ тілі мен әдебиеті

пәнінің мұғалімдеріне жүктелер міндеп зор. Ана сүтімен бойға сінетін туған тілдің құдіретін таныту – сәби шақтан бастап үздіксіз жүретін процесс.

(*ҚазҰУ хабаршысынан*)

Құндылық – мәдениеттің құрамдас бөлігі

Құндылық – мәдениеттің құрамдас бөлігі. Құндылық адамдардың өзін ұстауын реттейді, олардың шынайы тәртібін айқындайды. Мәдениет құндылықтары материалдық және рухани болып бөлінеді. Құндылықтардың мазмұны қотамның мәдени жетістіктерімен байланысты. Құндылықтар әлемі дегеніміз – мәдениет әлемі. Ол – адамның рухани қызмет аясын, оның санасының дұрыстығын айғақтаушы, яғни адамның рухани байлығының өлшеуіші іспетті. Құндылықтарды мұдделердің қарапайым жалғасы немесе бейнеленуі ретінде қарастыруға болмайды. Олар салыстырмалы даралыққа ие.

(«*Қазақ мәдениеті*» энциклопедиялық анықтамалығынан)



3. Мәтінді оқындар. Автор мен оқырманның қарым-қатынасын ес кере отырып, мәтінде көтерілген мәселелеге сұрақтар құрастырындар және бағалаңдар.

Жаһандық энергетика мәселесі

Жаһандық энергетика мәселесі дегеніміз – адамзатты энергия және отынмен қамтамасыз ету. Бұл мәселенің туындауының негізгі себебі – XX ғасырда минералды отынды пайдаланудың өсуі. Дамыған елдер бұл мәселені энергияның жұмсалуына сұранысты кеміту арқылы шешсе, жаңа ірі индустріалды елдерде энергия жұмсалуы құн санап өсуде. Осы жайттар және кей аймақтардағы өскери-саяси тұрақсыздықтар энергоресурстардың әлемдік бағасының ауытқуына алып келеді. Сонымен қатар кризистік жағдайларды туғызып, ұсыныс пен сұраныстың динамикасына, энергетикалық тауарлардың өндірісі мен тұтынуына айтарлықтай әсер етеді.

Әлемдік экологияның өлеуеті адамзаттың шаруашылық қызметі себебінен жиі бұзылууда. Бұған жауап ретінде экологиялық тұрақты дамудың тұжырымдамалары даярланды.

Олардың мәні – болашақ үрпақтың мүддесін және қазіргі кездегі қажеттіліктерді ескеріп, әлемнің барлық елдерінде қоршаған ортаны сақтау.

Қоршаған ортаны қорғау – табиғат пен қоғамның өзара үйлесімді әрекетін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік және қоғамдық іс-шаралар жүйесі. XX ғасырдың 70-жылдарынан бастап ғалымдар қоршаған орта мәселесінің экономикалық даму үшін өте маңызды екенін түсінген. Себебі қоршаған ортаның деградациялық процесі жедел қарқынмен жүріп жатыр. Бұл – ресурстардың толықтай жойылып кетуіне алып келуі мүмкін.

Қорыта айтқанда, адамзат дамуының жаһандық мәселелері оның кез келген даму кезеңдерінде өзекті болды. Десек те, аталған мәселелер XXI ғасырда ерекше маңыздылыққа ие болып отыр.

(ҚазҰУ хабаршысынан)



4. Мәтінді «ТВ-шоу» әдісі бойынша оқындар. Жаһандық мәселелердің әдебиетке де қатысты екеніне дәлелдемелер тізбегін құрастырындар.

Жаһандану дәуіріндегі поэзия және аударма мәселелері

Поэзияны басқа тілге тәржімелууге қатысты көзқарастар әрқиылды. Көзқарастар, негізінен, екі арнаға бөлінеді. Бірінші – Роберт Просттың «басқа тілге аударылғанда, поэзия – жоғалатын дүние» деген пікірі. Екінші – Доналд Дэвидтің «басқа тілге аударылғанда, ұлы шығарманың өзін жоғалтпайтын қасиеті болады» деп есептеуі. Ендеше, поэзия аударыла ма?

Гете «әлем әдебиеті» деген терминді айналымға кіргізген күннен бастап аударма әдебиеттің маңызды бір бөлігіне айналып үлгерді. Оның бүгінгі әдебиет көп дүниені жоғалтқан болар еді. Аударманың арқасында Шығыс пен Батыс әдебиетінің байланысы орын алды. Оның жарқын бір мысалы ретінде А.Пушкин жазбаларында қазақ халық ауыз әдебиеті үлгісі – «Қозы Қөрпеш-Баян сұлу» жырының кезігуін айтар едік. Бұдан байқайтынымыз, әдебиет, поэзия аударылады, бірақ оның өз заңдылығы болады.

Бүгінгі жаһандану дәуірінде әлем әдебиеті үлкен бетбұрыс кезеңіне дөп келіп тұр. Поэзия әлемде ең көп тараған

тіл – ағылшын тіліне, содан басқа тілдерге аударылуда. Бұны жаһандық әдебиеттің бүгінгі көрінісі деп қарауға болатын шығар. Сондай-ақ бұл – жаһандану дәуірінде аударма мәселесінің болашағының зор екенін көрсетсе керек.

(А.Нұргазыұлы)

-  5. Топқа бөлініп, берілген оқылым мәтіндеріндегі негізгі ақпараттарды іріктеп, түртіп жазу (конспектілеу) арқылы шағын мәтін жазындар.
-  6. Мәтінді азатжолдарға бөліп, редакцияландар.

«Жер шары халқының үштен екі бөлігін құрайтын, аумағы ұлан-байтақ, ресурсқа бай, өлемдік өндірістің ширектен астамын беріп отырған Азия өлемдік экономиканың, саудасаттықтың, саясаттың маңызды ойыншысы болып отыр. Азия мемлекеттері аумағы жер шарындағы энергияға бай аумақ болып саналады. Сонықтан да энергетика мәселесі – Азия елдерінің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі және тұрақты дамуындағы айтулы факторлардың бірі», – деді фурмада О.Мұхамеджанов. Мәжіліс төрағасы мұнай, газ, көмір, уран сынды энергетикалық қорға иелік ететін Қазақстан осы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге өзінің нақты үлесін қосып жатқанын жеткізді. «Сөз жоқ, Азия елдеріндегі партиялық элиталардың сындарлы диалогі, өзара құнды идеяларымен алмасуы, келісілген іс-әрекеттері қазіргі заманда бүкіл өлемге төніп түрған қауіп-қатерлердің тұтастай кешенін табысты шешуге ықпал ете алады және ықпал етуге тиіс», – деп атап көрсетті.

(ҚазАқпарат)

-  7. Сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды сақтай отырып, жастар форумында жасайтын «Жаһандану: ғылым және жастар» тақырыбындағы баяндаманың алғы сөзін (4–5 сөйлем) жазындар.
-  8. Мәтіндегі кей мәліметтерді сызба, кесте не диаграмма түрінде бейнелеп, аралас мәтін құрастырындар.

Этникалық жаһандану екі негізгі үрдістен тұрады: планета халқының санының өсуі және өртүрлі этникалық

топтардың өзара ассимиляциясы. Жаһанданудың жағымды нәтижелеріне мыналар жатады: неғұрлым жылдамырақ экономикалық даму, өмір деңгейінің жоғарылауы, техникалық жаңалықтар мен басқару дағдыларын жеделдетіп енгізу және тарату, жеке тұлғалар үшін де, ел үшін де жаңа экономикалық мүмкіндіктер туғызу. Жаһандану тұңғыш рет біртұтас ақпараттық кеңістік арқылы өлемдік экономиканың барлық құрамдас бөліктерін – өндірісті, ғылымды, қаржыларды тұтынуды біріктіруде. Олардың өзара тәуелділігі соншалықты – ұлттық және аймақтық нарықтардың өлемдік нарықтан оқшаулануы ол ұлтты немесе аймақты құлдырауға ұшыратады. Жаһандану кері айналмас сипатқа ие болып, экономикалық дамудың шартына айналуда.

(«Саяси-түсіндірме сөздіктен»)



9. «Адам өмірін сақтау – басты міндет» тақырыбында аргументті әссе жазындар.



10. Тілек сөздердің қандай жағдаятта айтылатынына түсінік беріңдер. Көркем шығармалардан қарастырып, салыстырындар.

- | | |
|--------------------------|----------------------------|
| 1. Еңбегің жансын! | 5. Аспаның ашық болсын! |
| 2. Мерейің үstem болсын! | 6. Арманың асқақ болсын! |
| 3. Елге абырайлы бол! | 7. Еңбегің жемісті болсын! |
| 4. Өркенің өссін! | 8. Денсаулығың зор болсын! |



11. Баталардың қай кезде берілетін анықтап, өздерің жалғасырып көріңдер.

Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын! Ұлыс бақты болсын, төрт түлік ақты болсын! Астарыңа адалдық берсін, бастарыңа амандық берсін! Тойың тойға ұлассын! Жолыңды Алла қолдасын, жаманшылық болмасын!

ТЕСТ

- 1. Қайсысы стиль түріне жатпайды?**
A) Коммуникативтік
B) Көркем әдебиет
C) Фылыми
D) Ресми
E) Публицистикалық
- 2. Техникалық әдебиет тілі қай стильге жатады?**
A) Ауызекі сөйлеу стилі
B) Көркем әдебиет стилі
C) Фылыми стиль
D) Ресми стиль
E) Публицистикалық стиль
- 3. Бейнелегіш, көркемдегіш сөздерді қолданып, автордың өз сезімін қоса суреттеуі қай стильге тән?**
A) Ауызекі сөйлеу стилі
B) Көркем әдебиет стилі
C) Фылыми стиль
D) Ресми стиль
E) Публицистикалық стиль
- 4. Баспасөзде қай стиль қолданылады?**
A) Ауызекі сөйлеу стилі
B) Көркем әдебиет стилі
C) Фылыми стиль
D) Ресми стиль
E) Публицистикалық стиль
- 5. Фылыми стильде қандай сөздер көп қолданылады?**
A) Термин сөздер
B) Диалект сөздер
C) Қасіби сөздер
D) Қонерген сөздер
E) Қаратпа сөздер
- 6. Көркем әдебиет стилін көрсетіндер.**
A) Олардан титтей де пайда жоқ.
B) Гипербола – бір нәрсені өсірелеп айту.
C) Тәуелсіз Қазақстан өз дамуында тарихи кезеңді бастан өткөріп келеді.
D) Египетте құл иеленуші құрылыш қалыптаса бастады.
E) Биылғы қыс сықырлаған аязсыз, құтырынған борансыз жұмсақ басталып еді.

- 7. Әлеуметтік-тұрмыстық саладағы қарым-қатынас қандай ортада жүзеге асады?**
- A) Ресми ортада
B) Еларалық қатынаста
C) Қызымет орнында
D) Әріптестер, серіктестер, сыныптастар т.б. арасында
E) Үй-іші, ағайын туыс, жора-жолдас т.б. арасында
- 8. Үзінді әлеуметтік-тұрмыстық қатынастың қай үлгісіне жатады?**
- Тұлпар бар ма түягы майырылмаган,
Сүңқар бар ма қияғы қайырылмаган.
Қашан да тағдыр ажал жеткен күні
Кімдерден кімдер жылап айырылмаган.*
- A) Амандасу
B) Құттықтау
C) Көңіл айту
D) Бата беру
E) Қаратпа сөз
- 9. Үзіндіде әлеуметтік-тұрмыстық қатынаста қолданылатын сөздердің қай түрі келтірілген?**
- Тілің шешен, ойың көсем болсын, — деп маган әжем тіл берді.
- A) Амандасу
B) Құттықтау
C) Көңіл айту
D) Бата беру
E) Тілек айту
- 10. М.Әуезовтің «Абай жолы» романында мына үзінді амандасудың қай көрінісіне жатады?**
- Сол уақытта Абай үлкен ықылас білдіріп, айрықша бір тағзылмен төсін басып, қатты дауыстап:*
- Ассалаумагалейкүм!.. — деп сәлем берді... Бөжей он назарын салып:
- Уагалейкүмассалам, балам! — деп тоқтай қалды...
- A) Кішінің үлкенге берген сәлемі
B) Мектеп шәкіртінің ұстазына берген сәлемі
C) Үлкенің кішігে берген сәлемі
D) Таныс не бейтанаисқа берген сәлемі
E) Ресми жағдайда берген сәлемі

V

БӨЛІМ

СӘУЛЕТ ӨНЕРІ

ТІЛДІК ЖҮЙЕ ЖӘНЕ НОРМА

Бұл бөлімді оқып-білу арқылы сендер:

- сәулет өнері (архитектура) туралы кең түрде түсінік аласындар;
- сәулет өнері туындысының берік, жайлы, сұлу болуы үшін қандай мәселелерді ескеру керектігі туралы оқып білесіндер;
- ғасырлар бойы ата-бабаларымыздың басты баспанасы болған киіз үй түрлерінің атаулары, бөлшектері, киіз үй тігі жолдары туралы білімдерінді жетілдіресіндер;
- «Дүниенің жеті ғаламаты» аталаған кереметтер туралы білетіндерінді ортаға салып, жаңа деректермен танысасындар;
- Қазақстан сәулет өнерінің көне ескерткіштері туралы білімдерінді көңілдіресіндер;
- қазақтың танымал сәулетшілерінің туындыларымен танысасындар;

Архитектура – кеңістіктегі әуен, қатып қалған, қозғалыссыз музыка.

(Фридрих Шеллинг)

Атам – Алаш, керегеміз – ағаш, киіз туырлықты, ағаш уықты қазақпыз.

(Нақыл сөз)

§1.

Таңғажайып сәulet өнері



1. Сұрақтарға жауап беріңдер. Шаршылардағы сабак тақырыбына сәйкес түйінді сөздерді белгілеңдер. Барлық түйінді сөзді бірінші болып анықтаған оқушы жеңіске жетеді.
 1. Сәulet өнері (архитектура) туралы не білесіңдер?
 2. Сәulet өнерінің құндылығы неде?
 3. Сәulet өнері ескерткіштері тарихтан қандай сыр шертеді деп ойлайсындар?

Кесене	Медресе	Құмбез
Архитектура	Сәuletші	Кеңсе
Жеті ғаламат	Фимарат	Гүлзар



2. Аудиомәтінді (09. mp3) тыңдалап, сәulet өнері түрлерімен танысындар. Мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіннің мақсатты аудиторияға арналған терминдері мен ұғымдарын, тілдік оралымдарын талдандар.



3. Мәтінді оқып, «Тыңдалап отырған үштік» стратегиясы бойынша негізгі ақпаратты анықтаңдар. Мақаланың құрылымы мен рәсімдеуіне, жанрлық ерекшеліктеріне талдау жасандар.

Архитектура гректердің «architekton» деген сөзінен алынған. Дәл аудармасы – «құрылым өнері» деген сөз.

Архитектура шығармасын алыстан іздеудің қажеті жоқ. Үйде отырсаныз – үйіңіз, қызметте – қызмет орныңыз, демалсаңыз – театр және тағы басқа мәдени орындар.

Сәulet өнерінің құнды еңбек болуы үшін төрт түрлі мәселені ескеру керек.

Біріншіден – қолайлыштық. Мысалы, түрғын үй өрі жарық, өрі жылы, онда тұрмыста пайдаланылатын керек-жараптың бәрі сай болуға тиіс. Театрлар мен стадиондар түрлі ойындарды көріп, естуге икемделіп, көп адамның кіріп-шығуына ыңғайлышты, іші-сырты сөнді, ауасы таза, орындықтары жайлыш болғаны шарт. Ал зауыт пен фабрикалар жұмысшылардың

аз шаршап, жұмысты жеңіл істеуіне ыңғайлыш етіп жасалғаны аблаз...

Екінші мәселе – беріктік. Үйлер, зәулім сарайлар бір-екі жыл түрмайды, ғасырлар бойы адамға қызмет етеді. Демек, олар адам өміріне қауіпсіз, түрлі жағдайға төзірліктер берік болуы керек. Құрылыштың беріктігіне жер сілкінетін аудандарда қатты қоюлған болуы керек. Алматыда барлық құрылыш тоғызы балдық жер сілкінісіне төтеп беретіндегі есеппен салынады. Жері дүркін-дүркін сілкініп тұратын Жапония астанасы Токиода американцы архитектор Ф.Райттың жобасымен салынған 22 қабат «Империал» атты қонақүй бар. Ол беріктікке байланысты талаптарға сай болғандықтан, талай жер сілкінісінен аман қалып келеді.

Үшінші – экономика мәселесі. Тұруға, жұмыс істеуге, демалуға қолайлы әрі берік болумен бірге, құрылыштың арзанға түсүі де маңызды. Адам баласы бұл мәселеге үзбей назар аударып келе жатыр. Біздің дәуірімізге дейінгі I ғасырда өмір сүрген Марк Витрувий деген ұлы ғалым «Сөuletтөр өнері тұралы» деген еңбегінде мынадай бір мысал келтіреді. Эфес қаласында сөuletшілер үшін қатаң, бірақ өділ заң болыпты. Үлкен құрылышқа кірісіп, оның жобасын жасаған кезде, жұмысқа қанша қарожат керектігін сөuletші күні бұрын айтады екен. Егер жұмыс аяқталған соң, айтылған сома дұрыс шықса, сөuletшіге сыйлық беріледі. Көрсетілген қаржы және тағы соның төрттен біріндегі шығын шықса, жаза қолданылмайды, артық сома үкіметтен төленеді. Ал соңғы мөлшерден асып кетсе, сөuletшінің бар дүниесі құрылышты аяқтауға жұмсалады екен.

Қазіргі заманда сөuletшіге нақ мұндай талап қойылмағанымен, құрылышты мол көлемде, тез әрі сапалы, индустримальық өдістерді батыл қолдана отырып салу керектігі қадағаланады.

Төртінші шарт – әдемілік. Бастапқы кездегі үйлер тек баспаған, яғни үңгір, күркө, киіз үй болып келсе, қазіргі үйлер көпқабатты, өйнек пен бетоннан, пластмассадан жасалған зәулім сарайларға айналды. Адамның эстетикалық тілекталғамын қанағаттандыру керек деген занды талап сөulet өнеріне де ортақ.

(Шот-Аман Уәлиханның «Таспен жазылған симфония» мақаласынан)



Тілдік жүйе және норма

Тілдік норма дегеніміз – тілдік таңбалардың (сөз, қосымша, сөйлем), тілдік амал-тәсілдердің қолданыстағы бірізділігі мен реттілігі. Әдеби тілдің заңдастырған нормасы – сөзді дұрыс қолданудың, грамматикалық амал-тәсілдерді дұрыс пайдаланудың көпшілік таныған, тіл тәжірибесінде сыннан өткен қағидалары. Тілдік норма – әдеби тіл туралы ұғымның маңызды заңдылығы. Сөйлеуде, жазуда тіл амалдарын дұрыс қолдана білу әдеби тіл нормасын сақтау болып саналады.

Тілдік жүйе, дағды, норма ұғымдарының байланысын мынадай қарапайым мысалмен түсіндіре кетсек. Қазақ тілінің сөз жасау жүйесінде -ла, -ле, (-да, -де, -та, -те) қосымшалары есім сөзден етістік тудырады. Мысалы: *бас-та, қол-да, үтік-те, су-ла, шөл-де* т.б. Бірақ осы жүрнақты кез келген сөзге жалғай алмайсыз. Мысалы: *кірпік-те, кітап-та, соғым-да* т.б. мағынасыз етістіктер біздің қолдану дағдымында орын алмаған.



- 4.** Мәтінді оқып, қай баланың тілдік норманы сақтамай сөйлегенін анықтаңдар.

– Арман, Арман деймін, жүрші, барайықшы анау магазин.

Мениң қолымнан тартып, мазалап тұрган – Алматыдан келген бөлем Едіге. Қызылды-жасылды ойыншықтар дүкеніне қарай қолын шошайтып алған.

– Едіге, тоқтай тұршы. Қазір барамыз.

– Арман, барайық магазин.

– Едіге, «магазин» деген – орыс сөзі, біз қазақша «дүкен» дейміз. Дұрысы «барайық магазин» емес, «дүкенге барайық» деп айтылады.

– Мен үқты. Сен жүрші...

– Арман, мен қорқады, анау қарайды.

Едіге көрсеткен жақта көршінің күшігі тұр.

– Е, ол күшік қой, сен одан қорықпа.

– Жоқ, мен қорықпайды. Мен оны кірпіштеп жіберем.

Арман жерден кірпіштің сыннығын алғып, сес көрсетіп қояды. Мен ойланып қалдым.

(А.Асыл)





5. Берілген мысалдардан тілдік нормаға сай келетін сөздерді теріп жазыңдар.

1. Менлі – менді; жылқыдар – жылқылар.
2. Жұмыршағым ауырды – асқазаным ауырды.
3. Мата – кездеме.
4. Шыны – шөлмек – шиша – бөтелкө.
5. Сосын – содан кейін.
6. Құман – құмған.
7. Жиырманшы – жиырмасыншы.
8. Төртеуі – төртеусі.
9. Көбі – көбісі.
10. Сен бар – сен барғын.



6. Ежелгі және заманауи ғимараттарды салыстырыңдар. Фылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала жазыңдар. Сөз саны – 100–120.





Сөйлем және мәтін деңгейінде қойылатын тыныс белгілер.

Үтір

1. Үтірмен сөйлемдегі қаратпа сөздер, қыстырма сөздер, одағайлар бөлінеді. Мысалы: *Сөйлей бер, ақ домбырам, күмбірлеғен* (Ж.Ж.). Ақылды кісі мен ақылсыз кісінің, менің білуімше, бір белгілі паркын көрдім (Абай). Бәрекелді, өзінді момын ғой деп жүрсем, ыстығың түрінде екен ғой (М.Ә.).
2. *Бәсө, жә, қош, құп, жарайды, мақұл, дұрыс сияқты* сөздер үтірмен бөлінеді. Мысалы: *Бәсе, даланың көркі енді кірді ғой* (С.М.).
3. Сөйлемдегі *иә, жоқ, мә* деген сөздер үтірмен бөлінеді. Мысалы:
– *Иә, содан соң не болды?* – *деп ар жағын айтқызыбақ өді* (М.Ә.).
4. Үтір сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің арасына қойылады: *Абай қажымаі, жалықпай, ынтыға тыңдайтын* (М.Ә.).
5. Сөйлемдегі онашаланған айқындауыш мүшелер үтірмен бөлінеді: *Ұлжан енесіне бағана, Абай ұйықтап жатқанда, бар жайды айтқан* (М.Ә.).
6. *Сияқты, ретінде, қатар, емес, түгіл* деген сөздермен келген және -дай, -дей, -тай, -тей жүрнақтары қосылған тізбектер де (мысалы: *Үйге кіру түгілі, жақындаамады;* *Өлеңдермен қатар, дастандар да жазды т.б.*) үтірге алынады.
7. *Қарамастан, қоспағанда, есептегендे* деген сөздерге аяқталатын сөз тізбектері үтірмен ажыратылады. Мысалы: *Аяғының ауырғанына қарамастан, ол шапшаң жүріп отырды.*
8. Үтір құрмаласқа енген жай сөйлемдердің арасына қойылады: *Сол жылы Есіл мол тасып, егін мен шөп көп шықты* (С.М.).
9. Екіге бөлінген төл сөздің алғашқы бөлігі хабарлы сөйлем немесе сөйлемнің бір бөлігі болса, одан кейін үтір (және сыйықша) қойылады: – *Мені, – деді Амантай далага шыққан Асқарға, – губернатор шақырған екен* (С.М.).
10. Бірдей немесе әркелкі тұлғада қайталанып келетін жеке сөздер мен тіркестердің (мысалы: *Лаула, лаула, жалын; Үйінде отырса, отырсын* т.б.) арапарына үтір қойылады.
11. Ол – *ол ма, бұл – бұл ма, ол – ол болсын* деген тіркестер сөйлем ішіндегі басқа сөздерден үтірмен бөлінеді.
12. Бірнеше тіркестен құралған тұрақты тіркестердің (мысалы: *ұзын арқау, кең тұссау; сегіз қырлы, бір сырлы* т.б.) арасына үтір қойылады.



7. Оқылым мәтініндегі үтірлердің қойылу себебін түсіндіріңдер.



8. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Берілген шумақта тілдік нормаға сәйкес емес қандай қолданыс бар? Баспасөз беттерінен осындай қолданыстарды тауып, бірнеше мысал жазыңдар.

Ой-қырымда елімнің аты қандай,
Әр атауда талай сын жатырғандай.
Жай көл емес, киелі мынау айдын –
Жазираға жарасқан жарқын маңдай.

2. Үтірлерді қойып, мәтінді көшіріңдер. Себебін түсіндіріңдер.

Сырдария Іле Талас Лепсі Есік Шелек Шарын Қеген өзендері аңғарларында көптеген ұлкенді-кішілі обалар шоғырланған. Бесшатыр қорымы Іле өзенінің оң жағасында орналасқан. Ол 31 обадан тұрады олардың 21-і таспен ал 10-ы қиыршық таспен топырақпен жабылған. Үлкен обалардың диаметрі 45 м-ден 105 м болса биіктігі 6 м-ден 18 м-ге дейін жетеді.

Біздің заманымызың V–VII ғасырларында керуен жолының үстінде Тараз Құлан Сайрам (Исфиджаб) Отырар Сығанақ Құмкент Созақ Алмалық сияқты ірі қалалар; Ақыртас Баба Ата Ақсұмбет сияқты қорған-бекіністер болған.

Торғай Жыланшық Қеңгір Жезді Сарысу өзендері бойынан X–XI ғасырларда өмір сүрген алпысқа жуық қалашық орындары анықталды. Бабаджа хатун күмбезі Айша бибі мазары Жұбан ана күмбезі сөulet өнерінің күрт дамығанын көрсетеді. Қарахан өулеті тұсында Алаша хан күмбезі Жошы хан күмбезі Аяққамыр күмбезі Ясауи кесенесі X–XIV ғасырлардағы Қазақстандағы сөulet өнерінің жоғары деңгейін танытады.

(«Қазақстан тарихы» (көне заманнан бүгінге дейін), 1-том)

§2.

Киіз үй – ғажап сәулет туындысы



1. Төмендегі кестеден киіз үйге қатысты сөздерді тауып оқыңдар.

к	т	у	ы	р	л	ы	қ
е	ш	а	ң	ы	р	а	қ
р	б	ж	е	л	б	а	ү
е	а	т	ұ	н	д	і	қ
г	с	ы	ы	м	а	қ	ұ
е	қ	а	л	а	ш	а	з
ү	ұ	қ	и	і	з	о	і
ы	р	б	а	қ	а	н	қ
қ	т	е	қ	е	м	е	т



2. «Шаңырақ» энциклопедиясынан алынған «Киіз үй құрылымы» аудиомәтінін (10. mp3) тыңдаپ, терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдаپ, сұхбат құрыңдар. «Атаулар туралы ұш сурақ» әдісі бойынша жауап беріңдер.

Қайда? Бұл терминдерді бұрын қайда кездестіріп едіңдер?

Қалай? Өз тәжірибелерінде осы атауларды қалай қолданасыңдар?

Қандай? Осы сабакта бұл атаулар қандай қолданыста болады деп ойлайсыңдар?



3. Мәтінді оқып, киіз үй бөлшектерін суреттерден көрсетіңдер. Көпшілікке арналған мақаланың құрылымы мен рәсімделуін біліп, жанрлық ерекшеліктерін талдаңдар.



Киіз үй – ата-бабамыздың басты баспанасы, тек қазақ халқының қана емес, түркілердің және көптеген көрші елдердің киелі тұрақ-мекені болды.

Фасырлар бойы көшпелі тұрмыс тәжірибесінен туған қазақтың киіз үйі оның қастерлеп ұстаған, киелі тұтқан тұрағы, мекені, баспанасы, мақтанышы болған. Киіз үй – баспана ғана емес, сәулет, құрылым, қолөнер жетістігінің тамаша үлгісі.

Киіз үй – көшіп-қонуға ең қолайлы жәдігер, біздің заманымыздан 3 мың жыл бұрынғы қола дөуірінен бері белгілі. Киіз үйдің жалпы салмағы жиһаздарымен қосқанда 300–400 кг-ға жуық. Бұл салмақты бір түйе еркін көтере алады. Киіз үйдің іші қыста жылы, жазда салқын және жер сілкінісіне де ыңғайлыш, оңайлықпен бұзылмайды.

Киіз үйдің негізгі бөлшектері: кереге, шаңырақ, уық, сықырлауық.

Кереге киіз үйдің негізін құрайды. «Кереген кең болсын!» деген тілек осыдан шыққан. Өйткені үйдің берік болуы, кеңдігі осы керегеге байланысты. Кереге санына қарай киіз үй 4, 6, 8, 12 қанат етіп тұрғызылады.

Шаңырақтың пішіні күмбез төріздес, уықтардың ұштарын біріктіріп ұстап тұрады. «Шаңырақ» деген сөз «үй, отбасы» деген тұтас ұғымды да бейнелейді. Жаңа үйленгендерді «шаңырақ көтерді» дейді.

Уық – кереге мен шаңырақ ортасын қосатын негізгі бөлік-тің бірі. Әр үйде көлеміне қарай 60–160-тай уық болады.

Киіз үйде есік екеу болады: ішкі есік – сықырлауық, ағаштан жасалады, екіншісі – киіз есік, ол киізден жасалады, сықырлауықтың сыртынан жабылады.

Киіз үйді қазақ халқы қасиетті, киелі қара шаңырағымыз деп дәріптейді. Өйткені киіз үй – қазақтың баспанасы, мұлқі, мақтанышы.

(«Шаңырақ» энциклопедиясынан)



4. Керекті мәліметтерді түртіп жазу (конспектілеу) әдісімен тыңдалым материалындағы киіз үй түрлеріне «Қосжазба күнделігі» бойынша түсінік беріндер.

Киіз үйдің атаулары	Түсіндірме (комментарий)
Абылайша немесе жолым үй	

Киіз үйдің атаулары	Түсіндірме (комментарий)
Жаппа үй	
Қара құрым үй	
Ақтағыр	
Алтын орда	
Алтын үзік орда	
Ақ ала орда	
Отау үй	



Тырнақша

- Мәтін ішінде дәйексөз тырнақшаға алынады. Дәйексөз бірнеше азатжолдан құралса, әрқайсысы бөлек-бөлек тырнақшаға алынбайды. Тырнақша дәйексөздің басталған жерінен ашылып, біткен жерінен жабылады.
- Шығарманың ішінде келтірілген үлкенді-кішілі хаттар тырнақшаға алынады. Мысалы, С.Мұқановтың «Ботагөз» романындағы Асқардың, Кенжетайдың хаттары: «Ботагөз!.. Сен берген аманатты Сағит қолыма тапсырды... Омбы, 1919 жылдың 6 қантары».
- Диалог емес төл сөздер тырнақшаға алынады: «Осы өнерді қайтсем де менгеремін», – деп өзіме ант бердім.
- Нысан етіп алынған сөздер не сөз тізбектері, әріптер тырнақшаға алынады: «Жаз шықты» деген сөйлемнің бастауышы – «жаз». Дауысты «а» – жуан дыбыс.

Ескерту. Оқулықтар мен әдістемелік құралдарда бұлар тырнақшаға алынбай, басқа шрифтімен (қою қаріп, курсив) берілуі мүмкін: **Тарақ** дегендегі *та* – ашық буын.

- Мақал-мәтепдер, афоризмдер сөйлем ішінде келтірілгенде, тырнақшаға алынады: «Баланың ісі шала» деген – осы.
- Сөйлемде авторы көрсетілмей берілген біреудің сөзі тырнақшаға алынады: Қазіргі жазушылар шығармаларынан «тілге женіл, жүрекке жылы» сөз түйдектерін кездестіруге болады (К.Аханов).
- Біреудің айтқанынан алынған жеке-жеке сөздер тырнақшамен жазылады: Соңғы айтқан «мылжың», «мақтаншақ», «данғой» дегендегі осы арада *төрт* көзі түгел отыр еді (М.Әуезов).
- Кекету немесе ауыспалы мағынада қолданылған сөздер тырнақшаға алынады: Қоян «батыр» қорыққанынан зытта жөнелді (ертеғіден).

9. Газет, журнал, кітап, шығарма, қаулы, кино т.б. аттары тырнақшаға алынады: «Ана тілі» газеті, «Парасат» журналы.
10. Зауыт, фабрика, комбинат, шаруашылық, ұйым, мәшине, ұшақ т.б. аттары тырнақшаға алынады. Ал олардың жалпы ресми атаулары тырнақшаға алынбайды: «Азовсталь» зауыты, «Ерміс» параграфы, «Волга» көлігі.
11. Кейбір ойын, әдеб-салт аттары тырнақшаға алынады: «Қол ұстасту», «шаш сипату» дәген атақты ырымдар – осы (М.Әузев).



5. Ақселеу Сейдімбековтің «Күмбір-күмбір құмбездер» атты кітабынан алған үзіндіні оқып, ой қорытындысын жасаңдар.

Көшпелілердің сұлулық туралы талғам-түсінігі осы киіз үй арқылы көрініс тапты. Киіз үйдің сықырлауығынан бастап шаңырағына дейінгі әрбір бөлшегі – өз алдына оқшау өнер туындысы, олар бір-бірімен мінсіз үйлескен шақта керемет өнер туындысын құрайды. Осынау өнер туындысы көшпелілердің күнкөріс мұқтажынан бастап, рухани талғам-талабына дейін қызмет еткен.

(А.Сейдімбеков)



6. Тырнақшаны қолданып, ғибратты сөзден түйген ойларынды 6–8 сөйлеммен жазыңдар.



7. Берілген екі тапсырманың бірін таңдал, орындаңдар.
1. Фылыми-көшпілік стильде «Қазақстанның сөулет өнері және киіз үй» тақырыбына мақала жазыңдар. Сөз саны 150–170.
 2. Берілген сұрақтар бойынша киіз үй жабдықтарын жазып шығыңдар.
1. Киіз үйдің есігі не деп аталады?
 2. Шаңырақты жабатын киіз қалай аталады?
 3. Ең бірінші киіз үйдің несі құрылады?
 4. Керегені жабатын киіз қалай аталады?
 5. Уықты жабатын киіз не деп аталады?
 6. Киіз үйдің ағаш сүйегіне нелер жатады?
 7. Киіз үйдің киіз жабдығының атауларын білесің бе?
 8. Шаңырақ пен керегені бекітетін ағаш қалай аталады?
 9. Үйдің уық қадайтын дөңгелек шеңбері қалай аталады?

§3.

Таспен жазылған тарих



1. Әлемді таңғалдырған қандай кереметтерді білесіндер?



2. Мәтінді оқындар. Өздерің бұрыннан білетін мәліметтеріңді ортаға салып, дереккөзіне сілтеме жасаңдар.

Архитектураны «Таспен жазылған тарих» деп бекер айтпаған. «Дүниенің жеті ғаламаты» аталған кереметтердің бесеуі – сәулет өнері перзенттері. Олар: Мысыр пирамидалары, Эфестегі Артемида ғибадатханасы, Галикарнастағы Мавсол патшаның зираты, Вавилонның аспа бағы және Александрія қаласындағы маяк.

Хуфу патша біздің әрамызға дейінгі 3000 жылы дүниедегі жеті ғаламаттың бірі аталған Хеопс пирамидасын салғызызады. Құрылышты Хемиун атты сәулетші басқарыпты. Пирамида салуға екі миллион үш жұз мың тас жұмсалған. Грек тарихшысы Геродоттың айтуынша, тастарды өкелетін жолды салудың өзіне он жыл уақыт кетіпті. Отыз жыл бойы жұз мыңданған адам ертеден қара кешке дейін еңбектенген. Екі тоннадан артық салмағы бар тасты құммен ықылап жылтырату, олардың жігін білдірмей өзара тақап салу, көтеріп орнына қою – мыңдаған адамның өмірін мезгілінен бұрын үзілті.



Екіншісі – Эфес ғаламаты. Ұзындығы жұз тоғыз метр, ені елу метр ғибадатхананы биіктігі он сегіз метрлік екі қатар мәрмәр колонналар қоршапты. Сыртқы қатардағы отыз алты колонна Құдайлардың бейнелері бар рельефпен (мұсінді бедермен)



көмкөріліпті. Ішінің көркі сыртынан да әдемі болыпты. Қымбат ағаштан жасалып, сырты алтынмен қапталған Артемида-ның мұсіні ғибадатхананың ең үлкен мақтанышы еken. Атақты грек мұсіншілері Пракситель, Скопас жасаған мұсіндер ғибадатхананы табынатын орын емес, ғажайып өнер жетістіктерін тамашалайтын музейге айналдырыпты.

Галикарнастағы Мавсол деген патшаның ғажайып зирағы – жеті ғаламаттың бірі. «Мавзолей» деген сөз осыдан шыққан еken. Зират – үш қабатты, биіктігі қырық алты метр, төрт бұрышты келген ғимарат. Бірінші қабаты аппақ мәрмәрдан салынған бітеу құрылыш болыпты. Скопас атты мұсіншінің еңбегі мұнда да бар. Ол бірінші қабатына гректердің мифтік амазонкалармен шайқасын зор шеберлікпен нағымды бейнелейді. Екінші қабатта отыз алты ионикалық колоннаның араларына мұсіндер қойылышты. Зиратқа шатыр салынбаған. Төбесі жиырма төрт баспалы пирамида бол біtedі де, оның төбесіне квадрига (төрт ат жегілген екі дөңгелекті арба) орнатылышты.

Квадрига ішінде Мавсол патша мен оның әйелі Артемисияның бейнесі дәл беріліпті. Мавзолейді айнала үлкен-үлкен етіп жасалған салт аттылардың және арыстандардың мұсіндері қоршаган еken. Мұны жасаушылар: грек мұсіншілері Бриаксис, Тимофеос, Леохар және басқалар.

Төртінші ғаламат – Вавилонның аспа бағы. Оның салыну тарихы да өсерлі. Вавилон патшасы Навуходоносордың әйелі Амитис ханым Миддий патшасының қызы еken. Тұрмысқа шыққаннан кейін өзінің туып-өскен жерін, оның орман-тогайын, өзенсүйн, тау-тасын сағыныпты. Ал Вавилон – шөл далада



орналасқан қала той. Әйелінің көңілін аулау үшін, патша өзінің сарайының қасынан таңғажайып бақ салдырады. «Аспа бақ» аталған себебі мынада: өсімдіктер мен гүлдер төрт қабатты мұнараға егілген екен. Әр қабаттың үстіне топырақ үйіліп, оған неше түрлі жеміс ағаштары отырғызылыпты. Құлдарға Евфрат өзенінен су өкеліп, бақшаны суару да оңай-ға түспепті.

Александрия қаласында кемелердің айлаққа кіруі үшін алыстан белгі беріп тұратын ғаламат құрылыс – Александр маягі еді. Оны Фарос атты кішкене аралға 280 жылы Сострат деген сөүлетші орнатыпты. Биіктігі жүз жиырма метр маяк үш қабаттан тұрыпты. Квадрат формалы бірінші қабаты жоғарыға қарай жіңішкеріп барып біткен екен. Оның төрт қабырғасы күннің төрт бағытын нұсқаған. Он бес метр биіктікте кіретін есік болған. Маяктың екінші қабаты сегіз жақтан соғатын желдің бағытымен сегіз қырлы болған. Дөңгелек келген сегіз колонналы үшінші қабатта от жағылады екен. Құмбезінің үстіне теңіз Құдайы Посейдонның қоладан жасалған биіктігі жеті метрлік мұсіні орнатылады. Ғаламат маяктағы жағылған от түрлі айналардың шағылысуымен он үш шақырым жерден көрінетін болған.

Маяк мың бес жүз жыл тұрып, жер сілкінуінен құлаған.

(Шот-Аман Үәлиханның «Таспен жазылған симфония» мақаласынан)



-  3. Қазақстанның жеті кереметі туралы не білесіндер? Коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, сұхбаттасындар.
-  4. «Сәулет ескерткіштері тарих қойнауынан сыр шертеді» тақырыбында аргументті эссе жазындар. Сөз саны – 100–120.



Тілдік норма және жаңа қолданыстар

Әдеби тіл нормалары оқулықтарда, тиісті сөздіктерде көрсетіліп отырады. Ал ол қағида-ережелерді сақтамау – нормадан ауытқу. Біз сөздіктерде тіркелемеген, түрлі оқулық пен анықтағышта ұшырата бермейтін сөздердің жарыспалы қолданыстағы түрлерін кездестіріп жүрміз. Бұл сөздер жиі қолданылып, өз қажеттілігі мен қолайлығын дәлелдеп, тәжірибе-сынақтан өтіп, әбден қалыптасқан соң ғана термин ретінде тіркеледі. Мұны төмендегі кестеден көруге болады.

Оқулықтағы термин	Жарыспалы қолданыс	Қабылданған баламасы
саммит	басқосу, кездесу	саммит
фасад	қасбет, мандайша	қасбет
принцип	қағидат, устаным	принцип
планета	ғаламшар	планета
музей	мұражай	музей
астана	елорда	астана
публицистика	көсемсөз	публицистика



5. Берілген сөйлемдерден жаңа қолданыстағы сөздерді тауып, жарыспалы қолданысы мен тілдік нормаға қабылданған нұсқасын кестеге жазындар.

Сөз	Жарыспалы қолданыс	Қабылданған баламасы

1. Қаладағы бірқатар ірі мекемелер Алматы қалалық «Қазақ тілі» қоғамына демеуші болуға ынта білдіреді. 2. Тарихи дерекнама көзіне сүйенер болсақ, XX ғасырдың өзінде Түркістан шаһарында медресе жұмыс істегені мағлұм. 3. Таяуда «Жұлдыз» журналының дөңгелек үстелі Жамбыл облысының Талас ауданында өткізілді. 4. Басқалардың қолына түспейтін тапшы затты қалайды табуға тырысады. 5. Менің байқауымша, олар делдалдық қызмет көрсетеді. 6. Орта бойлы, қара торы қызы дәрісханадан көңілді шықты. 7. Дәмқосар – тағамның дәмін кіргізу үшін пайдаланатын қоспа. 8. Түрік жігіті бізді Ата Түрік өуежайына алып келді. 9. «ИЛ-62» самурығы бірте-бірте биіктей берді. 10. Мұнда негізгі еңбекақыға 15 пайыз қосымша беріледі. Еңбекақымен бірге сыйақы беріліп тұрады.



Жақша

1. Өзінен бұрынғы сөздің немесе сөз тіркесінің мағынасын айқындау мақсатында қолданылған түсіндірме мәнді қыстырма сөздер жақшаға алынады: *Салжігіттен* (*Темірбекті «Салжігіт» дейтін*) неге қалдым? (С.Мұқанов).
2. Сөздерді түсіндіру үшін берілген аудармасы, синонимі т.б. жақшаға алынып жазылады: 1900 жылдың желтоқсанында «Искра» («Ұшқын») газетінің бірінші нөмірі шықты.
3. Дәйексөздің, мысалдың кімдікі екенін, қайdan алынғанын көрсету үшін, кітаптың аты, авторы т.б. жақшаға алынып беріледі: «Абайға сүтпен кіріп, сүйегіне сіңген әдебиет үлгісінің бірі – халық әдебиеті. (Қ.Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, «Ғылым» баспасы, 1966, 296-бет).
4. Драмалық шығармалардағы ремаркалар (автордың түсіндірмелепі) жақшаға алынады: Амангелді. Әкет мыналарыңды! (Жайнақ Жапарларды айдал кетеді.) (F.Мұсірепов).
5. Мәселенің талас я күдікті екендігін көрсетіп, оқушының назарын аудару үшін, біреуден келтірілген дәйексөздің ішіндегі жеке сөздерге не сөйлемге қойылатын леп, сұрау белгілері жақшаға алынады: *Мұнда аудармашы сөзге сөз тауып, сан жағын ғана сақтаған: ломберный стол – төрт таған стол (?)*, салфетка – орамал, образ – сурет (?)... (Ә.Нұрпейісов «Анна Каренинаның аудармасы»).
6. Келтірілген мысал не дәйексөздің ішіндегі белгілі бір сөздерді не сөйлемдерді санамалап көрсету үшін қойылатын цифrlар (не әріпптер) екі жағынан жақшаға алынады: *Мына сөйлемде уш жай сөйлем бар: (1) Жасыл желеғін бүркенген қарағайдың арасымен жүріп отырып, (2) Асқар көлдің қабағына шықса, (3) мұз бетінде бірсыптыра кісі сырғанақ төуіп жүр екен.* («Қазақ тілі грамматикасы»).
7. Санамаланып айтылған ойды білдіретін сөйлемдерде сан есімнен не алфавит тәртібімен берілген әріпперден соң жақша бір жағынан қойылады да, жақшадан соң көбіне кіші әріппен жазылады: *Механика заңдары: 1) кинематика, 2) динамика, 3) статика, 4) сакталу заңдары, 5) гидродинамика. Құрмалас сөйлемдер: а) салалас құрмалас сөйлем, ә) сабактас құрмалас сөйлем, б) аралас құрмалас сөйлем болып, уш топқа жіктеледі.*

Нүктелі үтір

Цифр немесе әріптер арқылы санамаланып айтылған сөйлемдерден кейін нүктелі үтір қойылса, олар кіші әріптен басталып жазылады.

Мысалы: *Мына басты міндеттерін атап көрсетуғе болады:*

- а) прозалық фольклордың өлең ұласінен айырмасын белгілеу;*
- ә) халық прозасының өз ішіндегі жанрлық топтарды ажыратудың принциптерін анықтау (С.Қасқабасов).*

Санамаланып келетін конструкциялар бір-бірінен әріптер немесе цифrlар арқылы дараланып көрсетілмеуі де мүмкін. Мысалы: *Шешім – шығарма сюжетінің шешуші кезені; суреткердің өзі суреттеп отырған өмір шындығына шығарған «үкімі»; кейіпкердің ақырғы жай-күйі; күллі құбылыс-көріністің соңғы сахнасы (З.Қабдолов).*

Мазмұны әуенде болып келетін бірынғай сөйлемдердің әрқайсынан кейін нүктелі үтір қойылады:

Біз Алатаудай ел едік, – Тенемек болды ойға жау;

Біз тасыған теніз сел едік, – Тенемек болды шәлге жау;

Жау ма бізді бөгейтін?! Жау ма бізді женетін?! (Жамбыл).



6. Сөйлемдердің тиісті жеріне жақша мен нүктелі үтірді қойып, көшіріндер. Қойылу себебін ереже бойынша түсіндіріндер.

1. Сәкен Сәдуақас Сейфуллин – қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. 2. 1985 жылдан бастап Целиноград қаласында қазіргі Нұр-Сұлтан қаласы С.Сейфуллин музейі жұмыс істейді (*inform.kz*). 3. Бастауыш баяндауышпен жақ жағынан жекеше, көпше түрде қыыса байланысады. Мысалы: Сен оқыдың, білім алдың, ұстаз көрдің II жақ, жекеше. Біз надан өстік I жақ, көпше (*itest.kz/ru*). 4. Ораз. Мылтығын Қорабайға беріп. Мынаның көзін құрт! Мен бандыға кеттім. Жөнеледі (*Ж.Аймауытов*). 5. Бақпен асқан патшадан мимен асқан қара артық сақалын сатқан көріден еңбегін сатқан бала артық (*Абай*). 6. Жаман дос көлеңке: басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың басыңды бұлт алса, іздел таба алмайсың (*Абай*).



7. Оқылым және сұхбат материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдары арқылы негізгі ақпаратты іріктең жазындар.

§4.

Қазақстан сәулет өнерінің көне ескерткіштері



1. Сөзжұмбақты шешіндер.

1.	F					
2.		I				
3.	M					
4.	A					
5.	P					
6.	A		*			
7.	T					

1. Қожа Ахмет Ясауи кім?
2. Түркістандағы кесене кімнің мазары?
3. Қожа Ахмет Ясауи кесенесін салдырған адам.
4. Кесене сөзінің халықаралық атауы.
5. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі орналасқан қала.
6. Қожа Ахметтің рухани ұстазы. (ескертү: * бос орын)
7. Әлемдегі ең үлкен кітапхана (391–1220 жж.) орналасқан қала.



2. Екі топқа бөлініп, мөтіндерді оқындар. Құрылымы мен рәсімде-луіне, жанрлық ерекшеліктеріне талдау жасандар.

Таспен жазылған симфония

Әрине, Қазақстан сәулет өнерінің маржаны деп, сөз жоқ, Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі аталады. Фимарат XV ғасырдың бас кезінде салынған.

Фимараттың ауданы – 2937,5 м², төртбұрышты. Ортаңғы «Қазандық» аталатын бөлмені диаметрі 18 метрлік биік күмбез жауып тұр. Кесене осы үлкен күмбезді бөлменің айналасына орналасқан қабірхана, асхана, кітапхана және тағы басқа 30-дан астам бөлмеден тұрады.



Кесененің жарығы ерекше. Ол тек сағанаға (қабірге) түсіп тұрғандықтан, сөуленің сан құбылуы адамның өулиеге деген сенімінің арта түсуіне себепші болып отырған. Мазардың есіктері тамаша шеберлікпен жасалған, ал сыртқы қабырғасындағы көгілдір тұсті сырлы кірпіштердің бояуы осы күнге дейін түсін бермеген. Оның құрамы қандай, қасиеті неде? Бұғінге дейін құпия сырын ашпай келеді.

Қожа Ахмет Ясауи ғимараты бар қасиетімен, көз тартар көркемдік шешімімен, монументалды ерен тұлғасымен дүниежүзілік даңққа ие болып отыр.

(Шот-Аман Уәлихан)


Шырқап салынған ән

Айша бибі мазары да, шамамен, XI ғасырда салынған. Мазардың сыртқы қабырғасының төрт бұрышында диаметрі 60–80 сантиметрден төрт бағанасы бар. Төрт қабырғадағы төрт есік кішкене бағаналар көтеріп тұратын жартылай күмбезben жабылған, бүкіл мазардың шаңырақ күмбезі сақталмаған.

Бұл ескерткіш қазақ ою өнері, қолөнері жетістіктерінің музейі төрізді. Мұнда қазақтардың үй бүйімдарында күні бұғінге дейін кездесетін түрлі нақыштар бейнеленген. Мазардың кішкене бөлшегіне дейін зергердің қолынан өткен нәзік бүйім төрізді, гармониялық тұтастығымен таңғалдырады. Қай жағынан айналып қарасаңыз да, көз талмайды, қараған сайын өзіңізге белгісіз жаңа қырын аңғарасыз.

Мен Айша бибі мазарын «шырқап салынған ән» дер едім. Ол «қалқып тамылжиды», «жүрек тербеп», «миды оятады». Ғасырлар бойы пайдаланылып келе жатқан қарапайым кірпішті әнші қылған қазақ шеберін данышпан десе болмас па!

(Шот-Аман Уәлихан)





Сызықша

1. Сызықша бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылады: *Тұған жер – алтын бесік*.
2. Сызықша бірыңғай мүшелерден кейін келген жалпылауыш сөздің алдынан қойылады: *Пайда, мақтан – бәрі тұл*.
3. Алдында жалпылауыш сөзі бар бірыңғай мүшелерден кейін сөйлем аяқталмаса, ең соңғы бірыңғай мүшеден соң сызықша қойылады: *Бірсылпыра ірі өзендеріміз: Лена, Обь, Енисей – Солтүстік Мұзды мұхитқа құяды*.
4. Диалог төл сөздің алды-артынан, тырнақшаға алынған төл сөздің артынан сызықша қойылады: – *Әй, мынаның ән салғаны әжепте-үір ғой, – деді Арын*.
5. Сызықша жалғаулықсыз салапастардың арасына қойылады: *Үйде шешен, – дауда жоқ*.
6. Оңашаланған айқындауыш мүшелердің екі жағынан сызықша қойылады: *Біраздан кейін үйге Мақсұттың тағы бір-екі жолдасты – Жұмағұл мен Ақтай – кірді*.
7. Бірыңғай сұраулы мүшелерді немесе сұраулы сөйлемдерді жи-нақтап тұратын әйттеүір деген сөз түсіп қалған жерге сызықша қойылады: *Ісінгендіктен бе, таяқтан әлсірегендіктен бе – денесі зілдей ауыр екен*.
8. Сонда, сонша, сондай, соншалық, сол, мынау, мынадай деген сөздерге аяқталған тіркестен кейін жеке сөйлем тұrsa, бұл сөздерден кейін сызықша қойылады: *Жастардың білімге құмарлығы соншалық – қолдарынан кітап түспейді*.
9. Мекен, уақыт, сан шенdestігін білдіретін сөздердің арасына сызықша қойылады (ол -дан жалғауы мен шейін шылауының мағынасын білдіреді): *Институтта күніне 6–8 сағат лекция болады*.

Ескерту. Белгісіздік-жалпылық және болжалдық мағынасындағы қосарлы сан есімдер дефис арқылы жазылады: *Екі-үш күннен бері жаңбыр жауып тұр* (мұнда екі-үш – болжалды сан есім).



3. Клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, «Сыры мәлім болған бір құпия...» тақырыбында достарыңа хат жазындар.

Қойылатын талаптар:

- өткен шақта жазу;
- төл және төлеу сөзді қолдану;

- сөйлем ішіндегі тыныс белгілерді дұрыс қою;
- бірінші жақты қолдану;
- уақытқа байланысты жалғаулықтарды қолдану;
- толық сипаттау;
- соңында эмоциялар мен сезімдер жазу.



4. Өздерің жазған хаттағы сызықшаның қолданылу себебін түсіндіріндер.



5. Тірек сөздермен Қожа Ахмет Ясауи кесенесін сипаттап, сұхбат құрындар. Мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұфымдарды, тілдік оралымдарды анықтаңдар.

Тірек сөздер: қазақ хандарының астанасы – *Түркістан, Әмір Темір, зәулім гимарат, ортагасырлық сәулет өнерінің көрнекі ескерткіші, Әзірет Султан, тайқазан, нақышты өрнек, құмбез, ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұра тізіміне енген*.



6. Мына жаңа сөздердің қалай қалыптасқанын айтындар. Өздерің жиі естітін жаңа сөздерді пайдаланып, бірнеше сөйлем жазындар.

Жадуал, зейнетақы, зейнеткер, тұғырнама, ереже, қағида, өкілеттік, дәйектілік, қаулы, баж салығы, алғышарт, кәсіпкер, кәсіпкерлік, ізашар, жекешелендіру, үкім, сыйбайлас, бағдарлама, салым, жарнама, сөзтізбек, саламаттылық, бейнетаспа, өтемақы, қолжазба.



7. Екі тапсырманың бірін орындандар.

1. Баспасөз беттерінен Арыстан баб кесенесі туралы деректер жинап, мақала жазындар. Қандай дереккөзден алғандарынды көрсетіп, авторына сілтеме жазындар. Сызықшаның қызметін анықтаңдар.
2. Қазақстан сәулет өнерінің інжу-маржандары туралы ойларынды жинақтап, «ПСМТ формуласымен» қорытынды жазындар. Сызықшаның қызметін анықтаңдар.

§5.

Қазақтың танымаған сәулетшілері



1. «Ойна, ойла». Аралас әріптермен жазылған сөздерді ұяшыққа дұрыс орналастырып, сәулет өнеріне қатысты сөздерді табындар.

ктуартерохи
тебәрейк
құлысыры
тимагар
напасаб
номменут
леусәшіт



2. «Қазақтың танымаған сәулетшілері» аудиомәтінін (11. mp3) тындаған, коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, өз ойларында «А, В, С» әдісі бойынша дұрыс жеткізіндер.

А оқушы сұрақ қояды.

В оқушы жауап береді.

С оқушы айтқан жауаптарды бақылайды, толық болмаса, толықтырады.



3. Мәтінді оқып, «Бес W және бір Н» сұрақтарға жауап беріндер. Қазақстанның ең үлкен қалалары туралы билетін ақпараттарында ортаға салып, дереккөзіне сілтеме жасаңдар.

Who? Кім? Кто?

What? Не? Что?

When? Қашан? Когда?

Where? Қайда? Где?

Why? Неге? Зачем?

How? Қалай? Как?

Бұгінде қазақ сахарасы әлемнің үздік сәулетшілерімен қатар, отандық сәулет өнері шеберлерінің керемет идеяларын іске асыратын құт мекенге айналды. Сарыарқа төрінде XXIғасырдың ең сұлу шаһары жыл санап емес, ай, тіпті күн санап өсіп келеді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың идеясын жүзеге

асыруға Кисе Қурасава, Норман Фостер бастаған заманауи сөүлетшілер Ұлы Даңаға ат басын бұруда. Отандық сөүлетшілер де бай тарихымызды паш ететін, ұлттық нақыштағы өсем гимараттар мен ескерткіштерді көз алдымызға алып келді. Ақмырза Рұстембеков, Сағындық Жанболатов, Шоқан Матайбеков бастаған бір топ сөүлетшілер сіз бен біздің ойда жүрген бар арманымызды, сан қатпарлы қиялымыздың бейнені қыруар еңбекпен жүзеге асырды. Осы жылдар ішінде Азиада мен Универсиадаға арналған өлемдік деңгейдегі спорт кешендері бой көтерді. «ЭКСПО-2017» қалашығы құрылышынан стандарттарымен салынды.

Елордамыз туралы айтқанда, бәріміздің жадымызға, ең алдымен, «Бәйтерек» оралары сөзсіз. Бастанқыда елорда символына өлемнің ондаған сөүлетшілерінен қос-қостап көздің жауын алар неше түрлі нұсқалар келіп түскең. Бірақ сөүлетші Ақмырза Рұстембековтің тамыры терең тарихымызды бойына сіңірген «Бәйтерегі» озып шықты. Монумент азғана уақыттың ішінде Есілдің сол жағасынан бой көтерді.

Еуразияның кіндігінде, кең-байтақ жазиралы далада Мәңгілік Елді ұран еткен Ұлы даланың ұландары мекен етеді. Әлбетте, қазақтың асқақ абыроіын бұдан да асыл сөздермен биіктете аламыз. Алайда «Мәңгілік Ел» салтанат аркасы мұны сөзben емес, сөүлетімен жеткізіп тұр. Сөүлетші Сағындық Жанболатовтың төл туындысы жасампаз қазақ елінің бар рухын, болмыс-бітімін әрбір кірпішімен, құйылған қола мүсінімен айбарлап тұр.



Париждегі осы текстес арканың құрылышын 3 жыл бойы жүргізсе, бізде небәрі 3 айда салынды.

С.Жанболатовтың тағы бір туындысы – таза қазақы үлгідегі «Әзірет Сұлтан» мешіті. 11 гектардан аса аумаққа орналасқан мешіттің ішкі аумағы – 17700 шаршы метр. Бір мезгілде 10 мың мұсылман намаз оқи алады.

Шоқан Матайбеков – елге белгілі сәулетшілердің бірі. 2005–2007 жылдар аралығында астананың бас сәулетшісі болған. Министрліктер үйінен бастап, «Шабыт» шығармашылық сарайына дейін он шақтығындағы авторы. Өсіреле хай-тек стиліндегі «Солтүстік шұғыласы» тұрғын үй кешені оның өз саласының шебері екенін дәлелдейді. Ақша бұлтпен бас түйістіріп, мың бұралған 3 зәулім үйдің ең биігі 44 қабатты.

Қазақтың үздік сәулетшілерінің көшбасын Сұлтан Баймағамбетов бастаған десек, артық айтпаганымыз. Өзінің 74 жылдық ғұмырын оңтүстік астананың көркеюіне жұмсаған Сұлтан Қабиұлы «Ақсай», «Орбита», «Айнабұлақ» секілді ықшамаудандарды, Абылай хан мен Жамбылдың ескерткіштерін, Алматының орталық мешітін салуға ұлесін қосты. Сондай-ақ Алатау бектеріндегі өсем шаһардың өлең қақпасын тұрғызуға аянбай тер төкті.

(А.Бектің «Сәулет салтанат құрганда» мақаласынан)



Ғылыми әдебиет тілінің сөз бедері

Ғылыми шығармадағы заттардың, ұғымдардың, түсініктердің атаулары неғұрлым объективті түрде және сол зат, ұғым, түсінік туралы санаудағы пайымдаулар негізінде беріледі. Мысалы, әлеуметтік-тұрмыстық қарым-қатынаста аспандағы ай, жарық ай, жаңа түған ай деп айтамыз. Ал егер де ғылыми стильде анықтама беретін болсақ,

Ай – Жердің серігі, планетаның серігі деп айтамыз. Осыдан байқағанымыз, біздің Айға қатысты берген анықтамамыздың екеуі екі түрлі. Екіншісінде сол ақиқат дүниедегі нысан туралы адам баласының танымы беріліп тұр. Тағы да бір мысал. Мысалы, **Жапырақ жайған жас қайың** дегендегі қайың – ақиқат дүниедегі бар нәрсе. Ал енді сол қайың туралы ғылыми стильде былай жазылады: **Қайың ағаш тұқымдастарына, оның ішінде жалпақ жапырақты ағаштар класына жатады. Қазақстанда оның 15 түрі бар.**

Ғылыми әдебиеттің тілдік құралдары мен стиЛЬДІК амалдары:

- а) тұрақты үлгідегі сейлемдер, сөз тіркестері, кітаби лексика, ғылыми терминдердің қолданылуы;
- ә) жан-жақты зерттелген мәселені тұжырымдау;
- б) ойды, нәтижені баяндауда тәжірибе, сараптама қорытындыларының болуы;
- в) ғылыми дәлелдерге, дәйектер мен нақты түсініктерге негізделуі.



4. Мәтіннің стиЛЬДІК ерекшелігіне талдау жасандар. Ғылыми стиЛЬГЕ тән сөз бедерін көрсетіңдер.

«Қобыланды» мемориалдық кешені

Ақтөбе облысының Қобда ауданындағы Жиренқопа ауылында ұлттымыздың бас батыры, түгел түркі әлемі тәу еткен тұлға – Қарақыпшақ Қобыланды батырға арнап мемориалдық кешен тұрғызылған.

Төбесінен қарағанда кешен қалқанның үстіне қойылған батырдың дулығасына және жанында жатқан садаққа ұқсайды. Кесененің биіктігі – 18 метр, диаметрі – 12 метр. Кесенеге бастайтын соқпақ жолдың екі жағында «күзетші» балалар тастан сап түзеп тұр. Қобыланды батыр туралы өр кезеңде жырлаған жыраулардың саны 12 екен. Осы соқпақ жолдың екі шетіндегі бағаналарда сол ақын-жыраулар жазып қалдырған әпос-жырлардың түпнұсқалары қойылған.

Кесененің есігі мен оның үстіндегі терезеге қою көк сырмен Құран аяттары жазылған. Құмбездің дәл ортасында батырдың сүйегі жатқан жерге мәрмәр қызыл тастан белгі қойылыпты. Бейіттің екі қабыргасына қалқан мен балтаның суреті салынған. Бір шетіне шырақ орнатылған. Шырақты сегіз барыс қоршап тұр. Мұнда келіп зиярат етушілердің көзіне бірден түсетін дүние – бір-біріне байланған үш найза.

Ортасында – батырдың қолға ұстайтын қалқаны. Ұшы күміс, ұзындығы 4 метр бұл найзалар үш жүздің бірлігін білдіреді. Найза мен қалқанды Қобыланды батырдың Қызылордада тұратын үрпақтары әкеп сыйға берген екен.

Кесененің сыртында Қобыланды батыр мен Құртқаның және Тайбурылдың мыстан жасалған мүсіндері қойылған.

Кешеннің екінші бөлігі батырдың садағы бейнелі Даңқ залынан және әкімшілік-шаруашылық бөлмелерінен тұрады. Кешенде Қобыланды батырдың қайрақ тасы, сүйегі қайта жерленгенде орнатылған тас белгілер орналасқан.

«Қобыланды батыр» кешенінің авторы – белгілі сәулетші Бек Ибраев. Музей қорында барлығы 257 экспонат бар.

(Б.Жамбабаев)



Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сұзықша

Бастауыш та, баяндауыш та зат есімнен, заттанған өзге сөз таптарынан болғанда;	Сендер үшін ең қолайлы тау – мына бергі Алмалы. (С.Ш.)
Бастауыш жіктеу, сілтеу есімдіктепінен, баяндауыш III жақтағы зат есімнен болғанда;	Бұл – университет қалашығының құрылышы. (С.Ш.)
Бастауыш тұйық етістіктен, баяндауыш III жақтағы жалғаусыз зат есімнен не керісінше болғанда;	Соны тәрбиелеп адам қылу – міндет. (М.Ә.)
Бастауыш пен баяндауыш бір сөздің қайталануынан жасалғанда;	Көп үлі ауыл – Абайдың екі шешесі Ұлжан мен Айғыздың ауылы. (М.Ә.)
Бастауыш та, баяндауыш та сын есімнен не сан есімнен жасалғанда;	Олақ – міншіл, қызғаншақ – күншіл. Бес жерде бес – жиырма бес.
Бастауыш есімшеден, ал баяндауыш зат есім, есімше, есімдіктен жасалғанда;	Құнанбайға көз алмай, қырандай қарап отырган – дәл төрдегі Байсал. (М.Ә.)
Бастауыш <i>bірі</i> , <i>біреуі</i> , <i>біріншісі</i> , <i>алдыңғысы</i> , <i>соңғысы</i> , <i>көбі</i> деген сөздерден, баяндауыш атау тұлғадағы зат есімнен не тұйық етістіктен болғанда;	Құнанбай аулының көбірек орнығып отыратын қонысының <i>бірі</i> – Ботақан ошағы. (М.Ә.)



Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сыйықша	
Бастауыш өзінен кейінгі сөзбен тіркесіп, сөйлемнің басқа мүшесімен шатасып кететін болса;	Жиырма – беске қалдықсыз бөлінеді. Бұл – балалардың алғаш рет көшілік алдына шығуы.
Бастауыш зат есімнен не заттанған сөз таптаратынан, баяндауыш болымсыздықты білдіретін емес сөзі тіркескен есімдерден болса;	Жоқтық – ұят емес, байлық – мұрат емес. (Мақал)
Бастауыш пен баяндауышты байланыстыруыш дегеніміз, деген... сияқты сөздер тұрса;	Уақыт деген – көзге көрінбеген терең мазмұн, әлеуетті күш, шешегін жармаған гүл, оқылмаған кітап, болуға тиісті оқиға, ашылмаған ғылыми жаңалық. (С.Ш.)
Ол – ол ма, бұрынғы – бұрынғы ма сияқты қыстырма сөз тіркестерінің араларына сыйықша қойылады.	Ол – ол ма, әңгіме одан сайын күшіне түсті.



5. Берілген терминдердің мағынасын анықтап, сөйлем құрандар.

Тенор, сопрано, фимарат, капелла, арка, колонна, балбал тас, бәдізші, күмбез, архитектор, монумент.

Терминдер	Анықтама	Сөйлем



6. «Борт журналын» толтырындар.

Берілген тақырып бойынша маған не белгілі? Мен не білемін?	Мәтіннен қандай жаңалық туралы білдім?



7. Оқылым мәтінін бастауыш пен баяндауыш арасына қойылған сыйықшаларды тауып, сол сөйлемдерді көшіріп жазындар. Себебін түсіндіріндер.



8. Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сыйықшаны пайдаланып, «Сөулет өнерінің құндылығы неде?» тақырыбына дискуссивті эссе жазындар. Сөз саны –150–170.

§6.

Заманауи сәulet туындылары



1. Егер шахмат атының жүру тәртібі бойынша оқысаңдар, танымал сәulet нысандарының атауларын оқи аласындар. Бұл туындылар туралы не білесіндер?

Сұлы-жасыл	Хан	Ақорда
резиденциясы	«Қазақстан»	арена
шатыр	бульвар	монументі
Төуелсіздік	Алматы	қонақүйі



2. Мәтіндердегі негізгі ақпаратты анықтаңдар. Қөшпілікке арналған мақаланың құрылымы мен рәсімделуін біліп, жанрлық ерекшеліктерін талдаңдар.



Ел абыройын асырған «Алматы аrena»

«Алматы аренаның» өзге нысандардан басты ерекшелігі – әдеттегі ангарлық типтегі спорт нысандарына мұлдем үқсамайтындығында және түнгі қалаға айрықша өсемдік беруінде. Сарайдың сәулеттік түпкі идеясы, атап айтқанда, кереге, мұздағы өрнектер сияқты көркемдік бейнелер әйнек пен бетон арқылы синхрондық үйлесім тапқан. Оның мәніне тоқталар болсақ, кереге – киіз үй конструкциясының бір бөлігі. Қөшпенділердің түсінігінше, бұл – төрткіл дүниенің шағын көрінісі. Ал мұз – қатып қалған судың динамикасы. Бұл рух беріктігі мен ниеттердің мызғымастығын білдірсе керек-ті. Мұздағы өрнектерге зер сала қарайтын болсақ, спортшылардың конькилерінен қалған іздерді байқайсыз.

Көркемдік бейнелер осылайша тұтас мәдени-эстетикалық композицияға үласып, мұз аренасының әдемі сөuletтін құрап тұр. Қез келген жанды таң-тамаша қалдыратын бұл аrena үш блоктан тұрады: «А» блогы – 12 000 көрерменге арналған әмбебап спорттық-көріністік мұз аренасы; «Б» блогы – дene шынықтыру-сауықтыру кешені орналасқан жаттығу мұз айдыны; «В» блогы – жүзу бассейні.

«Алматы Аrena» мұз сарайы – функциясы мен техникалық жабдықталуы бойынша әлемдегі ең алдыңғы қатарлы ғимараттардың бірі. Бұл – алматылықтар үшін ғана емес, барша қазақ жүртү үшін зор мақтаныш.

(«Қазақ үні» газетінен)

Тәуелсіздік монументі

Алматы қаласының Республика аланындағы Тәуелсіздік монументі мемлекеттік символдарымыздың біріне айналып отыр. Бұл – мениң жетекшілігіммен жұмыс істеген мұсіншілер – А.Жұмабаев, Н.Далбай, Қ.Сұраншиев, сөuletші Қ.Жарылғаповтардың маңдай терінің жемісі. Асқақ та әсем монументтің өмірге келуіне үлес қосқан өзге де азаматтардың – мұсіншілер А.Баярлин, М.Мансуров, сөuletші Қ.Монтажаевтардың да енбегі құрметке лайық.

Тәуелсіздік монументін тұрғызу немесе жобалау одай шаруа емес еди. Онда халқымыздың өзіндік ерекшеліктері мен құндылықтары көрініс табуы тиіс болатын.

Алғашында жаңа ғана қол жеткізген Тәуелсіздігіміз іспеттес кішкентай баланың бейнесін келтірмек болды. Бірақ осынау кең-байтақ жерімізді қорғап, қан төккен батыр ата-бабаларымызды өспеттегіміз келгендіктен, монумент биігіне батырдың бейнесін орнатқанды жөн көрдік. Биікте батыр бейнесі садақ тартып тұрған жоқ. Садағы мен қорамсағы сол жағында. Бірақ қажет жағдайда ол қорамсағына қол салады. Адамзат баласы қашанда зенгір көкке



шығуды армандаған ғой. Қейбіреулер маған: «Қазақты тым биікке көтеріп жіберіпсің», – дейді. Мен: «Қазақ нағыз алар орнын енді тауып отыр. Ол биіктे болуы керек», – деймін.

Біз ақылдаса отырып, алаңда тек бір ғана діңгекті орната салуды қаламадық. Қазақтың екі жарым мың жылдық тарихын қамтитын үлкен кешен жасауды жөн деп таптық. Онда бейнеленген бедерлі мұсіндер қазақ тарихындағы елеулі кезеңдерді арқау ете отырып, сол замандағы айтулы оқығалар мен тарихи тұлғаларды бейнелейді. Массагеттер патшайымы Томиристің пәуескеде отырып, Кир патшаны тізе бүктіргені бірінші көрініс болса, одан кейінгі көрініс Әл-Фараби заманымен байланыстырылған. Үшінші көріністе XV ғасырдағы Қазақ хандығының құрылуы, халқымыздың тарихындағы аса ауыр кезең – «Елім-ай» жыры туған кез бейнеленген. Келесі көріністе Абылай хан билігі тұсы суреттелген. Осы кешенде Бауыржан Момышұлы, генерал Панфилов, батыр қызымыз Әлияның бейнелері де көрініс тапқан. XX ғасыр басындағы ағартушыларымыз бер 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы, тұңғыш Президентіміздің ант беру сәті де қалыс қалмаған.

Сондай-ақ монумент маңында төрт мұсін орнатылған. Тайга мінген екі бала – біздің болашағымыз. Ал бәйбішенің қолындағы кеседе көне түрік тілінде «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деп жазылған. Шәкіртім Нұрлан Дағбай сомдаған абыз ақсақал – ойдың адамы. Жүзінен үлкен парасаттылықтың лебі еседі. Өке, ана, бала – отбасы. Әрбір мемлекет қабырғасын отбасы құрайды емес пе?

(Шот-Аман Ұәлиханның «Алматы ескерткіштері қала ажарын құлпыртуда» мақаласынан)



3. Фылыми-қөшпілік стильге сай тілдік құралдарды орынды қолданып, Алматы қаласындағы биік ғимараттар туралы мақала жазындар. Төмендегі ақпараттарды негізге алындар.

«Қазақстан» қонақүйі 25 қабаттан тұрады, ғимараттың биіктігі – 107 метр.

«Есентай Тауэрс» – Алматыдағы ең биік ғимарат, 36 қабаттан тұратын бизнес орталығының биіктігі – 168 метр.

«Алматы Тауэрс» – көпатқарымдық бизнес кешені, 25 қабаттан тұратын екі мұнараның биіктігі – 100 метр.



Қос нүкте

1. Бірыңғай мүшелердің алдынан келген жалпылауыш сөзден кейін қос нүкте қойылады: *Уш-ақ нәрсе – адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылды жүрек (Абай).*
2. Салалас құрмаластағы біріне-бірі түсінік болып келген және өйткені, себебі деген жалғаулықтар түсіп қалып жасалған жай сөйлемдердің арасына қос нүкте қойылады: *Мен пойызға үлгөретін болдым: пойыз кешке жүреді екен.*
3. Төл сөздің алдынан келген автордың сөзінен кейін қос нүкте қойылады: Осы кезде ұста: «*Мен мұны қай жерден көрдім?*» – деп ойлады.
4. Эрі қарай санамалап кететін бірыңғай сөздердің, сөйлемдердің алдынан келетін жалпылауыш мәнді сөйлемнен кейін қос нүкте қойылады: *Бұл жоба мына мәселелерді шешуге мүмкіндік береді:*
 - 1) *төтенше жағдайларға мониторинг жасау;*
 - 2) *пайдалы қазбаларға барлау жасау т.б.*
5. Бірыңғай мүшелерден бұрын келген мысалы, атап айтқанда деген қыстырма сөздерден кейін қос нүкте қойылады: *Каспий теңізіне 130-ға жуық өзен, атап айтсақ: Еділ, Жайық, Терек, Сулак т.б. құяды.*



4. Сөйлемдердің тиісті жеріне қос нүкте мен нүктелі ұтірді қойып, көшпіріңдер. Қойылу себебін ереже бойынша түсіндіріңдер.

1. Бауырласың болмаса, жолдас ізде жақсы жолдас – бауырлас (*Ж.Баласагұни*). 2. Аға-жеңгесіне кезек қарап «*Кегім, кегім кетті!*» – деді (*М.Әуезов*). 3. Абай жігіттері Жиренше, Ербол, Базаралылар да сол қонақ тосушылардың тобында жүр (*М.Әуезов*). 4. Табиғатына қарай құштерді төрт түрге бөледі гравитациялық, электромагниттік, ядролық, әлсіз (*«Физика» оқулығынан*). 5. Бақпен асқан патшадан мимен асқан қара артық сақалын сатқан кәріден еңбегін сатқан бала артық (*Абай*). 6. Жаман дос көлеңке басынды құн шалса – қашып құтыла алмайсың басынды бұлт алса – іздел таба алмайсың (*Абай*).



5. Өз өңірлеріндегі заманауи ғимараттар туралы мәлімет жинақтап, презентация жасаңдар.

§7.

Ел астанасы – сәулет өнерінің жаңа тынысы



1. Суреттердегі ғимараттарды білесіңдер ме? «Елордадағы әр ғимарат – сәулет өнерінің қайталаңбас туындысы» деген пікірмен келісесіңдер ме? Қошшылық алдында сөйлеу әдебін сақтай отырып, ойларыңды дұрыс жеткізіңдер.



2. Топтарға бөлініп, мәтіндерді оқыңдар. Құрылымы мен рәсімде-луіне, жанрлық ерекшеліктеріне талдау жасандар.

Ғажайып ғимараттар ғұмыры

Ақорда

Ақорда – Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясы. Егемен еліміздің жаңа астанасының орталығында бірегей сәулеттік ансамбль құрып тұрған Ақорда Ұлы даланаңың дәстүр сабактастығы идеясын, әлемдік өркениет биігіне ұмтылған қуатты Қазақстанның жасампаздығын айшықтап көрсетеді. Резиденцияның жалпы ауданы – 36 720 шаршы метр. Ғимарат құрылыштағы ең соңғы заманауи әдістер мен озық инженерлік құрылғыларды қолдану арқылы

монолиттік бетоннан тұрғызылды. Үшкір төбесімен қоса алғандағы ғимарат биіктігі – 86 метр. Ғимарат жерүстіндегі бес қабатты және жерастындағы екі қабатты үйден тұрады. Бірінші қабаттың биіктігі 12 метрге тең. Ақорданың ішкі сөүлеті мен безендірілуі Қазақстанның заманауи мемлекеттік стилін көрсетеді. Бұл стиль мемлекеттік символикада, билік белгілерінде, ресми униформа пішімінде, ұлттық валютада сақталған. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Президентінің «Ақорда» резиденциясы біздің еліміздің ең маңызды және танымал символдарының мәртебесін иеленген.

«Қазақ елі» мемориалды кешені

«Қазақ елі» мемориалды кешені – кең байтақ Қазақ жері мен оның халқының бірлігін айшықтайдын ғажап туынды. Бұл нысан 2009 жылы ашылды. Туынды авторлары – Сәрсенбек Жұнісов және Жаңбыршы Нұркенов. Биіктігі 91 метрге жететін монумент Қазақ елінің 1991 жылы егемендік алғанын бейнелейді. Ал оның басындағы алтын түстес бояумен әрленген алып құс – Самұрық – Қазақстанның тыныштығын «күзетіп» тұр. Монументтің түсі – ақ. Ол – қазақстандықтардың достықта адалдығын, бауырмалдығы мен ақ ниетін паш етсе керек.



Монументінің сыртқы бөлігінде 28 колоннадан тұратын, жалпы ұзындығы 120 метрлік доға пішіндес ақ колоннада орнатылған. Стеланың өзі осы колоннаданың қақ ортасында, қызыл граниттен жасалған төрт қырлы тұғырға қойылған. Ең шыңында Самұрық, төрт жағында «Алғашқы Президент пен қазақ халқы», «Қанарман», «Болашақ» және «Жасам-паздық» деп аталатын қола барельефтер қашалған.

«Шабыт» шығармашылық сарайы

«Шабыт» шығармашылық сарайы Есіл өзенінің оң жағалауында, астананың жаңа әкімшілік орталығында, Конгресс-Холл ғимаратының жанында орналасқан. Сарай спорт залдарынан, 300 және 500 орынға арналған өмбебап концерт залдарынан, көрме кешендерінен, кітапханадан, сазгерлер мен суретшілердің шығармашылық үй-жайынан, хореография аландарынан, балалар шығармашылығы сыныптарынан, баспасөз залдарынан, дәмханалар мен әкімшілік жайлардан тұрады. Мұнда балалардың музика, кинематография, сахна өнері сыныптары, «Номад» арт-орталығы, журналистердің, сөүлетшілердің, дизайнерлердің шығармашылық одақтары да бар. «Шабыт» шығармашылық орталығы – төуелсіз елдің барлық талантты да шығармашыл адамдарының басын қосатын ең ірі, бірегей кешен. Сарайдың жалпы аумағы – 30 мың шаршы метр. Ғимарат елордадағы Қазақ ұлттық өнер университетінің қарамағына берілген.

«Хан Шатыр» сауда және ойын-сауық орталығы

«Хан Шатыр» сауда және ойын-сауық орталығы – әлемдегі ең үлкен шатырлы ғимараттардың бірі. Елордадағы керемет орталық 2010 жылы ел астанасының тұған күні қарсанында, яғни 6 шілде күні ашылды. «Хан Шатыр» ойын-сауық орталығының жалпы аумағы 127 мың шаршы метрді құрайды. Тұғырлы монолиттік сом құймалардан тұрғызылған кешеннің биіктігі – 200 метр. Оның негізгі қаңқасы фторполимермен қапталған ұсақ торлы алып шатырдан тұрады. Лорд Норман Фостердің қиялышынан шыққан сөүлет тажайыбы – «Хан Шатыр» сауда және ойын-сауық орталығының ғимараты – Орталық Азиядағы баламасыз өрі ең ірі архитектуралық жоба.

(Д.Тілеубек, А.Жұмаш)



3. Мәтіндердегі үтір мен тырнақшаның қойылу себебін түсіндіріңдер.



4. Парижде – Эйфель, Нұр-Сұлтанда – «Бәйтерек». Екі мұнараны салыстырыңдар. Фылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала жазыңдар. Сөз саны – 100–120.



5. Қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, «Нұр-Сұлтандарға әр ғимарат – сәулет өнерінің қайталанбас туындысы» тақырыбында аргументті эссе жазыңдар. Сөз саны – 100–120.



6. «Топтық жұмыс». Үш топқа бөлініп, тапсырманы орындаңдар.

1-топ. Сәулетшілер ерекше сәулет үлгісінің сыйбасын ұсынады.

2-топ. Тарихшылар тарихи ескерткіштер туралы мәлімет көлтіреді.

3-топ. Саяхатшылар ерекше мекенге жарнама әзірлейді.



7. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. БАҚ, қосымша әдебиеттер мен энциклопедияларды пайдаланып, «Фажайып ғимараттар ғұмыры» тақырыбында презентация жасаңдар.

2. Қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, «Сәулет өнері» бөлімі бойынша «Инсерт кестесін» толтырыңдар.

V	+	-	?
Мен осыны білдім	Бұл – мен үшін мұлдем жаңа ақпарат	Бұл менің білетініме қарама-қарсы, мен басқаша ойлаң едім	Мен бұл туралы көп білгім келеді, түсінбеген жерлерім бар, сұрақтарым бар



1. Жұптасып, мәтінді бір-біріңе оқып беріндер. Мәтіндегі мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдаңдар. Мәтін мазмұны бойынша «Не? Қайда? Қашан?» ойынын үйімдастырыңдар.

Сөulet өнері және оның зерттелуі

Даль «архитектор» терминіне «ғалым-құрылышы», «суретші-құрылышы» деген анықтама береді. Сөulet өнерінің мақсаты – адам өмірі мен қызметін материалдық құрылым-құрылыш арқылы үйімдастыру.

Өзінің атқаратын қызметіне қарай архитектура негізі үш түрге бөлінеді: көлемдік ғимараттар құрылышының архитектурасы (тұрғын үй, театр, мектеп, дүкен); қаланы көріктендіру немесе жасыл-желек архитектурасы (саябақ, фонтандар); қала құрылышының архитектурасы, яғни қала салу өнері (жаңа қалалар салу, ескі аудандарды жаңарту).

Фасырдан ғасырға мұра болып келген сөulet өнерінің туындылары сөулеттік ескерткіштер қатарына жатады. Ондай ескерткіштер өз дәуірінің құрылышы салу тәсіліне сай бітім-пішіні бар белгілі үлгімен салынады.

Дүниежүзі халықтарының архитектурасындағы мұндағы ерекшелік оның қоғамдық даму сатысына, тұрмыс-салты мен мәдени өркендеуіне, ұлттық дәстүріне, табиғаты мен ауа райына, сондай-ақ жергілікті құрылыш материалына байланысты болады.

Құрылыш – жер шарындағы ең ежелгі өнердің бірі. Адам өзінің бірінші үйін ежелгі тас дәуірінің палеолит кезеңінің басында тұрғызған. Алғашында тұнемелікке қалың шөп-тесінді немесе қалқалау жерді таңдаған, содан кейін күрке, лашық сала бастады. Қазірдің өзінде өте ежелгі құрылымдар, баспана-жайлар кейбір жерлерде сақталған.

Алғашқы өркениет пайда болғанға дейін адамдар осындағы құрылыштарда тұрып келген. Кейіннен қалалар салынып, әртүрлі құрылыш жүргізілсе де, сол күркелер мен лашықтар өлі де өз қызметін жалғастырып келе жатыр.

(«Сөuletтік материалтану» жинағынан)



- 2.** Көпшілікке арналған мақаланы оқып, құрылымы мен рәсімделуін біліп, жанрлық ерекшеліктерін талдаңдар.

Алаша хан кесенесі

Алаша хан кесенесі – XIV–XV ғасырлар арасындағы сөүдегіт өнерінің басты ескерткіші. Құмбез Ұлытау ауданындағы Қаракеңгір өзенінің жағасында салынған. Бұл кесененің өзіндік бір ерекшелігі – далалық сөулет өнерінің үлгісінде жасалуы. Оның іргесі текшеленіп қаланып, төбесі құмбезделген. Кіреберісі киіз үйдің қос қанатты сықырлауық есігі тәрізді. Құмбездің екі жақтауы мен маңдайы өрнекті кірпіштермен қоссызықша етіп қатар өрілген. Қабырғалары сыртқы жағынан кереге көзді кілем тәрізді өрнектеліп қаланған. Кесененің құрылымы жүйесіндегі өрнек үлгілері Орта Азияның сөүдегіт өнерінде кездеспейді. Бұл ғимараттың өзіне тән және бір ерекшелігі – үстіңгі қабатында құмбезді айналдыра жасалған галереясы бар. Оған кесененің ішінен көтерілетін басқыш арқылы шығады. Алаша хан құмбезінің қабырғаларының сыртын өсемдеуде қазақтың дәстүрлі ою-өрнегі кең қолданылған.

(Г.Т.Турсынова, Ү.Р.Шуленбаева,
Г.Д.Рыскелдиева, А.С.Итемирова)



- 3.** Мәтінді оқып, тақырып қойындар. Мақаланың құрылымы мен рәсімделүіне, жанрлық ерекшеліктерін талдау жасандар.

Тоқтар Ералиев – еліміздің сөүлетшілерінің көш басында тұрған тұғырлы тұлға. Ол сөүлет өнеріне 70-жылдары келді. Еліміздің көп жылғы астанасы әрі соңғы кездері мегаполисі атанған Алматының кескін-келбетінің жасаруына сіңірген еңбегі өлшеусіз. Оның жобалары батылдығымен, жаңашылдығымен ғана емес, өміршөндігімен, алысты болжағыштығымен және халықтың талап, мұддесінен шығатын көрегендігімен ерекше бағаланып келеді. Мысалы, ол бір ғана жобаның ондаған нұсқасын тез арада сызып бере алады. Тағы бір жағабы – ол өз ісінде бұрынғы бабалар дәстүрін ескеріп, сөүлетті құрылыштарға ұлттық рең, көрік, мазмұн беруді ұнатады.

Елордада Тоқтар Ералиев жасаған ірі конкурстық женімпаз жобалардың қатарына «Нұрсая», «Триумфалды»

түрғын үй кешендерін, «Әзірет Сұлтан» мешітін, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Қоры мен кітапханасын, қазақ және орыс драма театrlары мен «ЭКСПО-2017» көрме кешендерінің эскиз-идеяларын атасақ болады.

Сөулетші Т.Ералиев – талай биікті өз еңбегімен бағындырған, ізбасарлар тәрбиелеп, баулып шығарған, ел-жүртүның шынайы алғысы мен құрметіне бөлеккен азамат.

(И.Бекмаханұлы)



4. Мәтінді оқындар. Шот-Аман Үәлихан туралы бұрыннан билетін мәліметтерінді ортаға салып, дереккөзіне сілтеме жасаңдар.

Шот-Аман Үйдірысұлы – қазақтың әйгілі сөулетшісі. Ол – бірнеше ірі ғимараттың, 20 монумент пен ескерткіштің (басқалармен бірге) авторы. Солардың ішінде Алматыдағы «Динамо» стадионы (1958), «Универсам» дүкені (1979), «Казгипрозем» үйінің (1983) ғимараттары бар. Сонымен қатар Шоқан Үәлихановтың ескерткішінің (1969) (ол үшін 1970 жылы Қазақ КСР-нің Мемлекеттік сыйлығы берілді) және бұрынғы Семей облысының Қарауыл ауылдындағы Абай ескерткішінің, Әліби Жангелдиннің, Тоқаш Бокиннің, Фани Мұратбаевтың т.б. ескерткіштерінің авторы. Ол Қазақстан сөулет өнері мәселелеріне арналған көптеген еңбек жазды.

Шот-Аман Үәлихан – драматург, КСРО Жазушылар одағының мүшесі. Оның «Шоқан», «Ағнұр», «Тағдыр» атты пьесалары республика театрларының сахналарында қойылды.

(Г.Т.Тұрсынова, Ү.Р.Шулебаева,
Г.Д.Рыскелдиева, А.С.Итемирова)



5. Мәтінді оқындар. Қорқыт туралы бұрыннан билетін мәліметтерінді ортаға салып, дереккөзіне сілтеме жасаңдар.

Түркі дүниесінің кеменгер ойшылы

Қорқыт – Алтай мен Қаспий аралығындағы шексіз даланы мекендеген халықтарды байланыстырушы жалпытүркілік азыздардың кейіпкері.

Ерте заманың білімпаз-ғұламаларының жазуына қарағанда, түркітілдес халықтарға ортақ ойшыл, шешен, күйші болған Қорқыт Сыр жағалауындағы Жанкент қаласында VII–IX ғасырларда дүниеге келіп, өмір сүрген.

Қорқыт жерленген Сырдария жағалауына шамамен X–XI ғғ. кесене тұрғызылған, бірақ осы ғажайып ескеркішті Сырдарияның сүй шайып, бұзылуға әкеп соқтырды.

1980 жылы Қорқыттың күмбезді мазары жанынан сөулетші Б.Ибраев, физик-акустик С.Исатаевтардың жобасы бойынша төрт алып қобызды біріктіру арқылы ерекше сөулеткерлік үйлесімде құйылған ескерткіш кесене орнатылды. Кесенеден желді күні қобыздың сарынындай үн шығып тұрады.

1997 жылы мемориалдық ескерткішке жүргізілген реставрациялық жұмыстар нәтижесінде амфитеатр, қонақүй сияқты тағы да басқа нысандардан тұратын тұтас архитектуралық ансамбль жасалды.

2000 жылы мемориалдық ескерткіш жанынан музей ашылды. Музей қорында 700-ге жуық экспонат сақталуда.

(Г.Т.Тұрсынова, Ү.Р.Шүлденбаева,
Г.Д.Рыскелдиева, А.С.Итемирова)

-  6. Тыңдалым және оқылым мәтіндеріндегі үтір, жақша, қос нүктө, нүктелі үтір, сзықшаның қойылу себебін түсіндіріндер.
-  7. Оқылым материалдары бойынша тұртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдары арқылы негізгі ақпаратты іріктең жазындар.
-  8. Сөulet-құрылыш мамандығына қатысты 10–15 термин сөзді түсін-дірме сөздіктің көмегімен жазып, мағынасын түсіндіріндер.
-  9. Фылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, «Сөulet өнерінің бүгіні және болашағы» тақырыбында мақала жазындар.
-  10. Төмендегі тақырыптың біріне сұхбат құрындар. Коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында сөйлеу өдебін сақтай отырып, ойларынды «ПСМТ формуласымен» дұрыс жеткізіндер.

Позиция	Осы мәселеге көзқарастарың қандай?
Себеп	Неге бұлай ойлайсындар?
Мысал	Мысал келтіріндер.
Талқылау	Өз аргументтерінді жалпыландар, қорытындыландар.

1. Бұгінгі сөuletтік құрылыштың даму қарқыны.
2. Менің өсken жерімдегі мұражай, кесене, мешіттер.



11. Сөйлемдердегі көп нүктенің қойылу себебін түсіндіріндер.

Қайырып берген зеренді де алмай, ұршық ұстаған қолы тізесіне түсіп, отырып қалды... (*Ә.Н.*). Тек бір-ақ рет Шораға деген сеніміне шек келтірді, бірақ оған көбінесе Танабай өзі кінәлі еді... (*Ш.А.*). Құлышым, Қайырлым... қайда жоғалып кеттін?.. – деп, әлсіз ғана шыққан дауыс естіледі (*F.M.*). Гүлсары сонда таныс соқпақ жолға түсіп, сонау өзен сыртындағы жайлалауға тартып бара жатады... (*Ш.А.*). Бағзы бір замандарда жааралы батырларды жау қолына түсірмей, қауіп-қатерден осылайша қаумалап алып шыққан болар-ау... (*Ш.А.*). Құн райы қысып кетпесе, бірдеңе етіп лаждан шығармыз, қайтеміз... (*Ш.А.*). Ойша санай бастады. «Шет тілін біледі, машина жүргізе біледі... біледі... Би?.. Әрине, биді өте жақсы билеуге тиіс» (*С.Ш.*). Аянғаны болған жоқ, қолынан келгенін жасады бәрі де... (*С.Ш.*).



12. Леп белгісінің қойылу мәнін түсіндіріндер.

Қазақтың домбырасы мен қырғыздың қобызынан күмбірлеп шығатын күй дәл осы лек-лек тасқын шабыс емес пе екен! (*Ш.А.*). Шалқаңдан жатып алды, көк аспанның тұңғық теңізін барлап жатқан қандай рақат! (*Ш.А.*). Қулгенде де, ренжігенде де арасы қосылып кететін қалың қара қасы қандай өдемі! (*С.Ш.*). Қала мен жолда талай күн бірге болған уақытта бірде-бір сездірсейші! (*М.Ә.*).

Сол уақытта Абай үлкен ықылас білдіріп, айрықша бір тағзыммен төсін басып, қатты дауыстал:

– Ассалаумағалейкүм!.. – деп сөлем берді (*М.Ә.*).

Үй артындағы қоста Қартқожа бала оқытып жатыр еді, бір күні Қәрібай қажы: «Бері шығып кетші!» – деді (*Ж.А.*). Енді бір басып еді, аяқ асты қарауытқан шұқыр болды, шұқыр түбінде бірдеме ағарандаған тәрізді қимыл етті:

– Ағатай-ай! – деді біреу ышқына сыйырладап (*Ж.А.*).



13. Кестені толтырыңдар.

Мысалдар	Тыныс белгілерінің қойылу мәні
– Дәу жігіт-ау, бұл заман не боп барады?! – деп аңыраған Зылиқа құстай ұшып, Нартайды бас салды... (<i>К.Ж.</i>).	

Мысалдар	Тыныс белгілерінің қойылу мәні
- Ауа райын тыңдадың ба?.. Хлыновский: – Тоқтат, атпа!.. Шегін... төмен қарай! – деп бүйрық етіп, қамалған топтың алдын ықтай жөнелді (М.Ә.). «Ғұмырлы бол, шырағым!» – деп күбір етті қарт (Ә.Т.). – Ой, айналайындар, шаршап қалған боларсыңдар? Қарындарың ашқан шығар? Үйге кіріндер!..	



14. Сөйлемдердің қажетті жеріне нүктелі үтір қойындар.

Аңшылық құру бәйгеге ат апарып қосу палуан апарып күрестіру қаршыға, лашын салғызу жүйрік ат пен мықты жігіт сақтап, ұры түсіру қасқыр соққызу ақын, әнші, қүйшіні сақтап, өнерді қызықтау сияқтының барлығын өзі де көрді, бала-інілеріне де толық көрсетті (М.Ә.). Қатар қонған екі ауыл, кейде үш ауылдың үлкендері қонаққа шақырысып, ана жақта келелі кеңес құрып жатса, мына жақта суға барған қатындар құдық басында шүркүрасып, ымы-жымы ынғайласып, ыдыс-аяқтар араласа бастар еді жастар жағы бәрінен бұрын жол тауып, күнде-күнде күн батқанын асыға күтер еді де, қалай қас қарайды, солай ауыл сыртындағы жазғы таң сары белден ағарып атқанша ақсүйек ойнап, алтыбақан теуіп, ән шырқап ұлы гүрсіл салар еді қыста қалың түскен қар көктем шығар-шықпаста қауырт еріп, көл табанға жиналған мол суға қаз, үйрек жаз бойы қанаты сылдырлап үшүп-конып қиқу сап жатар еді (Ә.Н.).



15. Жақша қойылатын сөздерді теріп жазындар.

Шоқанның ағайындары мен бауырларының ішінен әншілік-қүйшілік өнерімен ел аудына ілінгендері – ағасы Әкесінің інісі Ханқожа мен Сақыпкерей Қозеке. «Бәлки, өз халқының тарихына деген сүйіспеншілік сол кезде яки бес жасында оянған шығар», – деген орынды байлам жасайды (С.М.)

Тоқсан үйлі Тоқпайыңнан қазірде екі жүз елу үйлі бөлімшесінің есімде қалған түбіт иектердің ішінде оқу ізден аттанғандардың тұңғышы да Айдархан болатын (Қ.БІ.).

ТЕСТ

(Тест тапсырмасында бірнеше дұрыс жауап бар)

- 1. Леп белгісі қойылатын сөйлемдерді белгілеңдер.**
A) Арада екі ай өтпей малшылар да келіп қалды
B) Елі жөнді болыстар мақтанып жүр тарқылдал, күлкісі бөлек қарқылдал
C) – Тоқтат, жаным Ашуыңды аулақ әкет Болды Бар – деп жай ғана бітірді
D) Жасасын бірлік бейбітшілік
E) Мениң кім екенімді әкесі айтып берді, сондықтан ол менен қымсынбай сөйледі
- 2. Қөп нұкте қойылатын орындарды табындар.**
A) Қарсылықты салалас құрмалас құрамындағы жай сөйлемдер арасына
B) Бірыңғай сөйлем мүшелерінің арасына
C) Жазушы оқиғаны аяқтамай, тоқтатқан жағдайда
D) Рет-ретімен цифрлар арқылы санамаланып айылатын сөйлемдерден кейін
E) Сөйлеуші белгілі бір себептермен (ентігу, асып-сау т.б.) сөздерін бөліп айтқанда
- 3. Тыныс белгілері қабаттаса келетін орындарды табындар.**
A) Сұраулы сөйлем лептік интонациямен айтылғанда
B) Жалғаулықсыз ыңғайлас, себеп мәнді салалас құрмаластың арасына
C) Жалғаулықсыз қарсылықты салалас құрмаластың жай сөйлемдері арасына
D) Жалғаулықсыз ыңғайлас салалас құрмалас сөйлемдердегі оқиға бір мезгілде, бір ыңғайда, шұғыл түрде өткен болса
E) Шартты бағыныңқылы сабактастың баяндауышы шарттырайдан жасалып, бағыныңқы сөйлемге мән бере айтылса
- 4. Нұктелі үтір қойылатын сөйлемдерді белгілеңдер.**
A) Сахара жұрты естен кетпес бұрын-соңды естіп білмеген көрініске куә болатынын Қажымұқан шапанын шеше бастағанда-ақ сезді.
B) Оттың жалыны өзір көрінбейді жаңа тұтанды.

- C) Марқакөлдің сүйін ішіп отын жеген сары қарын жаңуардың бауырынан сүт сорғалап сүт емес-ау құт сорғалап көнек-көнек лықылдайды қара саба еміздіктеп қою салқын сары қымыз, бажылдаған дәрі қымыз шара-шара шыпылдайды.
- D) Сөздер тұлғасына қарай беске бөлінеді 1) түбір сөз 2) туынды сөз 3) қос сөз 4) қосалқы сөз 5) қосымшалар.
- E) Жаңағы әңгімeden соң Әсияның реңі мұлде өзгеше: жүзінен шуақ есіп, мойнынан ғаламат бір ауыр жүк түскендей жеңілденгені сезіледі үлкен кісіге тән үстамдылық та мұнар шалған жанарынан байқалады.
- 5. Үтір қойылатын сөйлемдерді белгілендер.**
- A) Олжабектің қатты құлгені сонша арбадан ауып түсіп қала жаздады.
- B) Еселі далаға шықса таң құланиектеніп атып келеді еken.
- C) Дәмештің дауысы шықты-ақ Жұніс алдын ала керегін даярлата беретін.
- D) Бұл уақыттың ішінде ел де өзгеріп кетті адамдар да өзгерді.
- E) Алғашқы бетте-ақ Жомарт аудан басшыларының кейбіреуінің көңіліне ылғал салды.
- 6. Сызықша қойылатын құрмалас сөйлемдерді белгілендер.**
- A) Тұманның қалындығы сонша түк те көрінбейді.
- B) Қостың ар жағынан қара кер аттың басындағы жүген сылдырлады шөп суылдады.
- C) Шатырлап тұрган қурай лап етті қара тұтін бүрк етті.
- D) Жастардың қолы қырықтықта аузы өнде.
- E) Құн батты тауды қаракөлеңке басты.
- 7. Қос нұкте қойылатын құрмалас сөйлемдерді белгілендер.**
- A) Қарт өкенің перзентін жоқтаған апсы зарын тыңдағанда көзімізден жас парлады.
- B) Басым шың ете түсті жер қатты еді.
- C) Айғұл аттан түсіп еді су қайта таязданып қалғандай еken.
- D) Айбала мен Ботагөздің қандары қазандай қайнайды бірақ қолдарынан келері жоқ.

- E) Қойдың күзетінде тұрған Әндіжан екеуіміз таң білінгенше кірпік қаққанымыз жоқ аузымыз кеңесте құлағымыз дыбыста.
- 8. Жақша қойылатын сөйлемдерді белгілеңдер.**
- A) Амантай Сергазыларға ақылдастып еді Жамантайдың науқасының түрі жаман болғандықтан олар ырық бере қоймады.
- B) Қорған кезінде топырақ араластыра тастан қалаған еken де бұл кезде қорғанның үстіне жыңғыл мен шенгел араласа шығып өзінше ол да бір сән беріп тұр.
- C) Бірақ менімен Раушанның Рауза деп бірге оқитын жолдастары атап кеткен көрінеді оқысында үлкен айырма бар еkenін сезгендеймін.
- D) Ақбоз алдыңғы еki аяғын ербитіп көзі шатынап тұра бергенде Шолақ құлағын төмен қарай тұқырта басып қалып еді ат етпетінен тұсті.
- E) Еміс-еміс естуімше қыздың бір дүшпаны неге дүшпан болатыны айтпай-ақ мәлім қызыға мен жіберетін өлеңдердің біреуін қолға түсіреді.
- 9. Қос нүкте қойылатын сөйлемдерді белгілеңдер.**
- A) Жұық арада екінің бірі болуға тиісті не стансының жерін кеңіту керек, не стансыны осы аудандағы ұжымның біреуінің қарамағына беру керек.
- B) Құн шығып ел тұра бастады Нұрлан әлі жоқ.
- C) Ол ойланып барып былай деді Был асығыстау емес пе? Келесі жылы барайық.
- D) Қеген ауданына келгенше мен де аңшы емес едім мұнда келген соң еріксіз үйрендім.
- E) Білмегенін білсем деп оқушылар ынтығар.
- 10. Тырнақша қойылатын сөйлемдерді белгілеңдер.**
- A) Менің пірім – Сүйінбай деген еken Жыр алыбы Жамбыл.
- B) Абай мен Әйгерімнің бұл кезде тіккен үйлері қоңыр үй деп аталады.
- C) Ол әсемдеп тұрып, Абайдың өлеңі Айттым сәлем, қалам қасты созады.
- D) Семіз бүйра торы аттың ауыздығын алып, оттата жүріп, орақшыларын өкшелеп жағалайды.
- E) Әзімбай ақырганда, бұдан жасқанып тоқтамай ора берген жуан жоталы қара сақал жылқышы ғана болды.

ТЫНДАЛЫМ МӘТИНДЕРІ

01. mp3

ЭКСПО көрмесі аясында этноауыл

Рухани жаңғыру – біздің қазақ халқының мәдениеті мен әдебиеті, өркениеті өрістейтін уақыты. Тектілігімізді, дегдарлығымызды танытатын, жалпы барлық рухани саланы, жыраулықты, күйшілікті, ақындықты дамытатын кезең. Әсіреке «ЭКСПО-2017» көрмесі аясында біздің ұлттық өнерімізді айшықты түрде, нақышына келтіре отырып өлемге танытуға мүмкіндік туып отыр.

Елордада Халықаралық «ЭКСПО-2017» көрмесі аясында ашылған этноауылда қаймағы бұзылмаған қазақтың салт-дәстүрі қамтылған. Қазақ халқыны салт-дәстүрі мен мәдениетін паш ететін алаң Астана халықаралық өуежайы маңында орналасқан. 47 гектараймақтабой көтерген ауылға келген туристер зергерлер мен қолөнершілердің таңғажайып туындыларымен таныса алады және олардан шеберлік дәрісін алуға мүмкіндік алады. Олардың жұн, былғары, киізден жасалған табиғи таза дүниелерді сатып алуға да мүмкіндіктері бар. Жіп ииру, кілем тоқу сияқты алтын қолды шеберлердің де өнерін осы жерден тамашалауға болады. Салтанатты шарада «Қызың қуу», «Тенге ілу», «Асық ату», «Арқан тарту» сияқты ұлттық ойындардың да көркі қызды. Сондай-ақ кекпар мен бәйгеден өлемдік чемпионат өткізу жоспарланған. Мұнда келген қонақтар елімізде тұратын халықтардың ұлттық тағамдарынан дәм тата алады.

Қорыта айтқанда, елімізге табан тіреген шетелдік қонақтар үшін кіндігі алтын бесік ауылға байланған қазақ ұлттының бар құндылығын, рухани-тариҳи мұраларын көріп, мөнін түсінуі үшін жақсы мүмкіндік болмақ.

(*khabar.kz*)

02. mp3

Қазақ киносындағы салт-дәстүр

Кеңестік кезеңде қазақ киносының ең жемісті шақтары деп алпысыншы, жетпісінші жылдарды айта аламыз. Сол жылдары түсірілген фильмдерден ұлттық құндылықтарымызды көбірек байқаймыз. Ендеше қазақ киносы салт-дәстүрлерімізді қалай насихаттады? Откенге шегініс жасап,

ұлттымыздың мәдениетіндегі классикалық туынды «Қыз Жібектен» бастайық.

«От Ана, төу-төу, өзіңе тапсырдым, Жер-Ана, төу-төу, өзіңе тапсырдым, ақ төсек, төу-төу, өзіңе тапсырдым, зер белбейу, төу-төу, өзіңе тапсырдым», – дейді ана. Бұл – Фабит Мүсіреповтің сценарийімен түсірілген фильм. Мұндағы салттың маңызы – қызын ұзату барысындағы ананың ақ тілегі.

70-жылдары қазақ кино өнерінің алтын тірегі саналған «Гаунартас» фильмі жарық көрді. Бүкілодақтық тұсауке-сері Мәскеу қаласында өтті. Фильмде қарапайым шаруаның шаңырағына келін боп түскен Салтанаттың биязы мінезі, үлкенді сыйлауы және қайын інісіне «Ерке бала» деп атқойып, қалжындастырып қазақы мінезді танытады.

«Жамбылдың жастық шағы» көркем фильмінде Жамбылдың Бұрымға түн ішінде ұрын бару салтымен қатар қандай да бір істі бастамас бұрын жасы үлкен сыйлы адамнан бата сұрау, рұқсатын алу дәстүрі де жақсы көрсетілген. Дегенмен Бұрымды атастырып қойған себепті Жамбыл атамыз өзі ұнатқан қыздан қол үзуге мәжбүр болады.

1978 жылды Әзіrbайжан Мәмбетов пен Юрий Мастьюгин Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романының желісі бойынша екі бөлімнен тұратын кино түсірді. Фильм 1979 жылды Мәскеу және Ашгабат қаласындағы өткен кинофестивальдарда жүлделі орынға ие болды. Мұнда да сол кездегі қазақ қоғамында кездесетін жөн-жоралғылар аздал көрініс тапқан.

80-жылдары жарық көрген «Шаңырақ» кинокартинасында ошақтың отын өшірмей, өкенің ізін жалғаған бала, туыстық қарым-қатынасқа берік ағайынның тұрмысы т.б. салт-дәстүріміз бейнеленген.

Қазақ кино өнерінің кез келгенін қарасаңыз, одан тағылым мен тәрбие, салттымыз мен дәстүрімізді көре аласыз. Бүгінгі қазақ киносына жетпей тұрған тұсы да осы болса керек...

(Е.Шәкірұлы)

03. mp3

ЭКСПО-дағы ұлттық кәдессыйлар шетелдіктерге қазақ мәдениетін танытуда

Елорда төріндегі «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі ұлттымыздың мәдени құндылықтарын әлемге паш етуге сеп

булуда. Айтулы шара еліміздің қолөнер шеберлерінің де басын бір арнаға тоғыстыруды.

Бұгінде шеберлер өздері жасаған кәдесыйлары мен авторлық бүйымдарынан пайда табумен қатар, мәдениеті-мізді жұртшылыққа танытуда.

Танысып қойыңыз, бұл – Динара Мұқатова. Шебердің жұмсақ ойыншықтарға деген ықыласы ерекше. Негізгі мамандығы экономист болғанымен, қолы қалт еткенде ойыншық тігеді. Бұгінде Динараның өсем бүйымдары ЭКСПО көрмесінің ресми брендіне айналған.

– Ойыншықтарымыз 100% мақтадан тігіледі. Халықаралық көрменің арқасында отандық өнімді өлемге таныту мүмкіндігіне ие болдық. Әсіресе шетелдіктердің қызығушылығы басым. Енді ойыншықтарымыз өлемнің түкпір-түкпіріне таралады, – дейді Динара Мұқатова.

ЭКСПО халықаралық көрмесі басталғаннан бері Астана қаласында кәдесыйлар саудасы қыза тұсті. Қазіргі таңда қаланың бірнеше ауданында осындай мобиЛЬДІ сауда дүңгіршектері ашылған. Алдағы уақытта олардың қатары арта түс-пек.

Филипп Джерга Қазақстанға Словакиядан достарымен бірге келіпті. Бұл оның Қазақ еліне алғашқы сапары екен. Дүңгіршектен ЭКСПО логотипі бар кәдесыйларды сатып алмақ. Сапасы жоғары, бағасы қолжетімді бүйымдарды елде қалған туыстарына тарту етеді.

Бұл істі дөңгелеткен кәсіпкерлердің айтуынша, кәдесыйларға деген сұраныс жоғары болғаны соншалық – тағы сауда нүктелерін ашуға тұра келіпті. Тауарлардың бағасы бекітілген, сондықтан көтеруге болмайды.

Еліміздің түкпір-түкпірінен келген шеберлер Астана маңындағы этноауылда бас қосты. Тері, киіз, ағаш, қыш және зергерлік бүйымдарды қалайсыз ба? Барлығын осы жерден табасыз. Халықаралық көрме кезінде кәдесый дүңгіршектері таңертенген кешке дейін ашық болады. Ал қолөнер шеберлері күзге дейін тынымсыз енбектенбек. «Басты мақсатымыз – Қазақ елін өлемге таныту. Мәдениетімізді көрсету», – дейді олар.

(*khabar.kz*)

04. mp3

Бауыржан Момышұлы тіл тазалығы туралы

Осы кезде аздал орысша білгеніне мәз болып, төбесі көкке жеткен, ана тіліне қоңіл бөлмей, өліне қарамай, оны мен-сінбей, не орысшаны, не қазақшаны дұрыс сөйлей алмай балдыр-батпаққа батып жүрген, келбетсіз тіл азғындарын Алматының жауапты деген қазақ қызметкерлерінің арасынан да кездестіруге болады.

Ауырып жатқан халық комиссарының орынбасары Мәнсейитов деген кісіге:

– Халіңіз қалай? – дегенімде:

– Дұрыс, самочувствием, общее состоянием не плохо, – деп жауап берді.

Бір артист:

– Сіз пошему кешегі бешірге не приходили? – деді.

Бір жазушы:

– Мен сізге звонит еткен едім, но почему-то Вас не оказалась в кабинете, – деді.

Бір газет қызметкері:

– Сіздің статьянызы просмотреть етіп болған соң маленькое ғана редакционное изменение жасап, печатать етеміз, – деді телефонмен.

Бір мұғалима қоштасып тұрып:

– Оған обязательно пламенный привет передать етіңіз, – деді.

Радионың бір қызметкер әйелі:

– Передача береміз... Сіздердің тыңдағандарыңыз Б-ның выступлениеисі деп...

Жаңадан тілі шығып келе жатқан бір бала:

– Мама я кошу хлеб с масю, – деп жылады.

Осы сияқты келеңсіз өңгімелерді өздеріңіз де күнде естіп жүрген шығарсыздар.

(Б.Момышұлы)

05. mp3

Қаныш Сәтбаев – Қазақстан ғылымының атасы

Қаныш Сәтбаев – қазақтан шыққан тұңғыш тау-кен инженер-геологі, Қазақстандағы геология ғылыми мектебінің негізін қалаушы, қазақстандық металлогения ғылымының негізін салушы.

Қаныш ең алғаш сауатын ауыл молдасынан ашқан соң Павлодардағы орыс-қазақ мектебінде бастауыш білім алды. 1914 жылы Семейдегі мұғалімдер семинариясына оқуға түсті. Онда Ж.Аймауытов, М.Әуезов сияқты көрнекті қайраткерлермен бірге оқыған. 1918 жылы семинарияны бітірген соң Семейдегі педкурста мұғалім, Баянауылда халық судьясы болды.

1921 жылы Баянауылға емделуге келген геолог-ғалым Михаил Усов жас Қаныштың геолог болуына өсер етіп, туған елінің қазба байлықтарын зерттеуге ынталандырыды. Усовтың ақылымен 1921 жылы күзде Томск технология институтының тау-кен факультетіне оқуға түсті. 1926 жылы институтты бітірген соң Мәскеуде зерттеу жұмыстарымен айналысып, Жезқазған мыс кен орындарын, Байқоңыр көмірін зерттеу және Қарсақбай мыс зауытының құрылышын жүргізу мақсатында Қазақстанға қайтып оралды. 1929 жылдан бастап бүкіл өмірін геологиялық барлау жұмыстарына арнады.

Қаныш Сәтбаев 1946 жылдан бастап өмірінің соңына дейін Қазақстан Фылым академиясының президенті қызметін атқарды.

Сәтбаев – 641 ғылыми еңбектің авторы. Оның есімі Қазақстан Фылым академиясының Геология ғылымдары институтына, Жезқазған кен-металлургия комбинатына, бір қалаға, жүздеген көшелерге берілген. Сәтбаевтың құрметтіне Жонгар Алатауы жотасындағы мұздық пен шың, Қаратай кен орнынан табылған «Сәтбаевит» минералы, «Академик Сәтбаев» гладиолус гүлі аталған. Еліміздегі ең ірі жоғары техникалық оқу орны – Қазақ ұлттық техникалық университетіне Сәтбаев есімі берілген.

(«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясынан)

06. тр3

Дұрыс сөйлейік

Өмірде жиі қолданатын сөздер «рахмет» – «рақмет», я болмаса, «дастархан» – «дастарқан». Жазғанда да кейде «х», кейде «қ» жазамыз. Қайсысы дұрыс?

Мұндағы мәселе жазылу мен айтылудың айырмасында жатыр. Қазіргі қазақ тілінің орфографиялық сөздігіне сүйеніп жазуымыз керек. Соңдықтан «рақмет» деп жазамыз, «қ» жазылады, алайда айтылған кезде «рахмет» деп айтылуы

заңды. «Дастарқан» дегенде де «қ» жазылады, «дастарқан» деп те айтуыңызға болады, «дастархан» деп те айтуыңызға болады. Дегенмен жазуға келген кезде орфографиялық сөздікке сүйенген дұрыс.

«Ауыс-түйіс» пен «ауыс-күйіс» сөздерінің мән-мағынасын ажыратып алайық. «Ауыс-түйіс» деген – әдеби нормада бекітілген қолданыс. Ал енді «ауыс-күйіс» деген қолданыс жоқ. Бұл – қате қолданыс, абай болған абзал.

Құнделікті өмірде «рет» деп айтып жатамыз. Бір рет, екі рет, үш рет, я болмаса бір рез, екі рез, үш рез – қалай айтқан дұрыс? «Рез» деген қолданыс – диалектілік қолданыс. Әдеби тілде бекітілген «рет» деген қазақтың сөзі бар. Осыны қолданған жөн.

(А.Фазылжан)

07. mp3

Сөздерді дұрыс қолданайық

Жиі қолданылатын және талас тудырып жүрген сөздер «туған күн», я болмаса «туылған күн». «Туған күн» сөзі біздің нормамызға еніп кеткен, мағынасы дүниеге келген күн дегенді білдіретін сөз ретінде баяғыда бекіп кеткен. Енді осыны апарып жүйеге салып, «логика бойынша «туылған күн» болу керек» деп жүргендер бар. Тіл де тірі ағза сияқты. Сондықтан «туған күн» деген норманы білген абзал. «Туылған күн» – жасанды қолданыс.

Ал «қарама-қарсы», «қарама-қайшы» деген сөздердің қайсысы дұрыс? Бұл жерде «қарама-қарсы» деген қолданыс дұрыс. Өйткені бұл – бұрыннан қалыптасқан, беделді авторлардың қолданысындағы сөз. «Қарама-қайшы» деген кейінгі кезде жиі қолданылып жатыр. «Қарама» дегеннің өзі қарсылық дегенді білдіреді, ал «қайшы» деген қарсылықтың ең күшті формасы ғой. Сондықтан бұндай үстемелеудің қажеті аз. «Қарама-қарсы» сөзі – бір-біріне сәйкес келмейтін, бір-біріне мұлдем қарсы дүние дегенді білдіріп жатады. Ал «қайшы» сөзін жеке қолдансаныз да болады. Бұл – «қарама-қарсының» мағынасын беретін синоним. Қайшы пікір, қарама-қарсы пікір – екеуі де бір қарсы пікірге қатысты қолданылатын синоним сөздер. Сондықтан «қарама-қарсы» деген сөз дұрыс.

«Ақтық демі шықты» дейді, «ақтық сөзін айтты» дейді. Осыны апарып, жалғасы көп болатын дүниелерге қолдануға

болмайды. Журналистердің «бүгін футбол командасының ақтық сайысы болып жатыр» дегені дұрыс емес.

(А.Фазылжан)

08. mp3

Сақтандыру тарихы

Лондон қаласында 1583 жылы 18 маусымда Уильямс Гиббонс өз өмірін 383 фунтқа бағалап, сақтандырған болатын. Гиббонстың бұл жаңалығын Еуропа елдері көсіпкерлік қызметтің бір түріне айналдырыды. Франция, Германия елдері сақтандыру ісін қолға ала бастады. XIX ғасырда Ресей империясы сақтандыру ісін мемлекеттің экономикалық саясатының бір саласы деп қарады. Банктерді сақтандыруды қолға алды. Қазақстанда сақтандыру ісі XX ғасырдың басында енгізілді.

Сақтандыру ісін ресми түрде заңдастырған Уильямс Гиббонс болғанымен, оны алғаш рет қолдана бастаған Ежелгі Қосөзен елдері еді. Одан Греция мен Римге, Қытайға таралып, қазіргі таңда бұл іс нарықтық экономиканың бір саласы ретінде қарастырылады. Сақтандыру саласы тарихындағы қызықты деректер жайында айтар болсақ, ең үлкен өтемақыны талап еткен – Джордж Мюллер есімді канадалық көсіпкер. Германиядан Англияға танкер жеткіземін деп, оны сақтандырған Мюллер 1971 жылы 2 млрд доллар қөлемінде өтемақы талап етті. Мюллердің тапсырысымен келе жатқан танкер апатқа ұшырап, теңізге 66 млн галлон мұнай төгіледі. Кейбір деректерге қарағанда Германияның сақтандыру компаниясы бұл өтемақыны пайзызымен өлі төлеп келеді. Ал ең қызықты сақтандыруды рәсімдеген азамат Лоххнес көлінің жағасында тұрады. Ол өзін 1 млн долларға белгісіз мақұлдықтардан сақтандырған. Ешкімге белгісіз нәрседен сақтандырған оның бұл талабын сақтандыру компаниясы мақұлдаған. Әзірge ол азаматқа белгісіз мақұлдықтар тарапынан ешқандай қауіп-қатер төнген жоқ. Қазіргі уақытта қазақстандықтар пәтері мен автокөлігін сақтандырудан әріге аса алмауда. Туризм мен ауылшаруашылығы саласын сақтандыру ісі тым баяу дамуда. Жалпы кез келген азамат өз өмірін өртүрлі жағдайлардан сақтандыруды қолға алғаны дұрыс.

(baq.kz)

09. тр3

Сәулет өнерінің түрлері

Сәулет өнері, яғни архитектура – адамдардың күнделікті өмірі үшін салынған ғимараттар. Мысалы: тұрғын үйлер, қоғамдық және тұрмысқа қажетті құрылыштар, мемориалдық ескерткіштер және т.б.

Сәулет өнері мынадай типтерге бөлінеді:

- тұрмыстық, яғни қалалық және ауылдық үйлер, сарайлар;
- кәсіби, бұған фабрика, зауыт құрылыштары, электр торабы орталықтары, гидротехникалар, теңіз порты, вокзал, метро және т.б. жатады;
- шаруашылық, олар – қоймалар, гараждар, автотұрақтар;
- қоғамдық, яғни оқу-ағарту, білім үйлері, театр, мәдениет және демалыс үйлері, мұражайлар, көрме залдары, стадион, мемориалдық ескерткіштер және т.б.

Кез келген ғимараттың сыртқы келбеті оның функциясынан, кімге арналып салынғанынан хабар беріп тұрады.

(*bilimdiler.kz*)

10. тр3

Қазақтың киіз үйі

Киіз үй – Орталық және Орта Азияны қоныстанған мал өсірушілердің негізгі баспанасы. Мәдени-тұрмыстық және шаруашылық мақсатқа арналуына қарай бірнеше түрге бөлінеді. Шағын түрлері мыналар: жаздық тұрғын киіз үй; жорық кезінде тігуге арналған абылайша немесе жолым үй; көші-қонда пайдаланылатын уақытша жаппа үй; екі қанатты ақтағыр үй; киізінің тозығы жеткен қара құрым үй және т.б.

Ал ақ киізді түрлі түсті матамен оюлаған ақ ала ордалар, 24 қанатты алтын үзік киіз үйлер, хандар мәжіліс өткізетін 30 қанатты алтын ордалар көркем безендірілуі жағынан ерекше көз тартады. Жас жұбайларға арналған отау үй де жасау-жиһазға бай, сәнді де салтанатты келеді.

Киіз үйдің негізгі қаңқасын, яғни кереге, уық, шаңырақ, сықырлауықтарын «сүйегі» деп атайды. Киіз үйді тігерде, ең алдымен, қолайлы жер таңдап алады. Соナン соң керегелерді жайып, оны таңғыштармен біріктіре таңады, есігін орнатады. Басқұр-таңғыштармен мықтап таңылған кереге шенберінің үстінен бақанмен шаңырақ көтеріп, оған уық шаншады. Әрбір уық қаламын шаңырақ қаламдығына сұғынта

кіргізіп, екінші жағын кереге басына байлады. Осыдан кейін туырлық, үзік, тұндік және киіз есіктерді жабады... Тығыз жапсырыла жабылған туырлық қозғалып не төмен түсіп кетпес үшін, сиртынан керегеге шандып байланады... Үзік киіздер арасында қуыс, ашық жер қалмайтындаған етіп бірінің шетін екіншісімен бастыра жабылады. Бұдан соң киіз есік орнатылады. Ең соңында шаңыраққа бақан арқылы тұндық жабады. Киіз есік пен тұндік арнаулы бау арқылы оңай ашылышып, жабылышып тұрады.

(«Шаңырақ» энциклопедиясынан)

11. mp3

Қазақтың танымал сәулетшілері

Заманауи архитектураның кімді болса да қызықтыратыны сөсіз. Тәуелсіздік монументі, Ақорда резиденциясы, «Қазақстан» қонақүйі тәрізді сәулет өнері туындылары халқымыздың мақтанышына айналған. Ал осындаған зәулім ғимараттарды тұрғызуға күш салған сәулет өнері майталмандары жайында не білеміз? Қазақ сәулет өнерінің танымал тұлғаларының бірнешеуі туралы мәлімет бере кетейік.

Шот-Аман Уәлихан – Қазақстан мен шет мемлекеттерге танымал сәулетші, қоғам қайраткері, көптеген ғылыми-тәнімдық еңбектердің авторы. Оның төл туындысы, егемен еліміздің елтаңбасы, Қазақстанды өлемге танытып келеді.

Ақмырза Рустембеков – Қазақстанның басты символына айналған «Астана-Бәйтерек» жобасының жетекшісі әрі идея авторы. Ол – Алматы қаласындағы «Silk Way» сауда орталығының, Алматы мен Бішкек қалаларындағы тұрғын үйлердің авторы, халықаралық байқауларда бірнеше рет марапатталған сәулетші.

Шоқан Матайбеков 2005–2007 жылдар аралығында Астана қаласының бас архитекторы қызметін атқарды. Ол – көптеген танымал сәулет нысандарының авторы. Соның ішінде «Тілеп қобyz сарайы» көпфункционалды концерт залы, «Сұлы-жасыл бульвар» кешені, «Солтүстік шұғыласы» атты тұрғын үй кешені, Министрліктер үйі, «Эталон орталығы» кешені мен басқа да құрылыш нысандары атаптың идеясынан туған. Шоқан Матайбеков есімі шетелге де танымал.

Сұлтан Баймағамбетов Алматы қаласы сәулет департаментінде 16 жыл басшылық қызмет атқарды, қаланың бас

сәuletшісі болды. Ол – Алматы қаласындағы Президент резиденциясы, орталық мешіт, Алматы өуежайы, «Нұрлы Тау» көпфункционалды кешені, Жамбыл Жабаев пен Абылай хан ескерткіштері және тағы басқа сәulet кешендерінің авторы.

Болат Құспанғалиев – 2000 жылы архитектура саласында докторлық диссертация қорғап, қазақтың алғашқы сәuletші докторы атанған ғалым. Аталмыш тұлғаның басқаруымен әрі жетекшілігімен 20-дан астам жоба орындалған. Олардың қатарында Астана қаласындағы «Хайвилл Астана» көпфункционалды тұрғын үй кешені, «Белый Лайнер» өкімшілік-тұрғын үй кешені, Алматыдағы «Apple Town» тұрғын үй кешені бар.

Сәuletшілердің ой-қиялышынан туған қез келген ғимарат, құрылыш, шындал келгенде, өнер туындысы, сәulet өнері туындысы болып саналады.

(Дайындаған МАқан)

ГЛОССАРИЙ

Құндылық – бір заттың маңыздылығы, пайдалылығы, зат не құбыстырылған қасиеті.

Үлттық рух – халықтың өзін-өзі тануымен айқындалатын, өскелен арман-мұраттарымен сипатталатын, елдік тұстасық идеясымен негізделетін өміршемдік күш-қуаты.

Этноауыл – қазақи нақыштағы этно-мәдени кешен.

Клише – мәнмәтін мен белгілі бір қолданыстарда жылдам айтылатын қалыпты (шаблон) фразалар, тілдік қолданыс, тілдік штамп. Мысалы: *менің ойымша, осы мәселе төңірегінде ойланған келе, өз пікірімнің дұрыстығына көз жеткізу үшін, ақын (жазушы) осылай баяндайды, осы ой шыгармасында былай көрініс тапқан, шыгарма кейіпкерін еске алсақ, қорыта келе, осындағы қорытынды шыгаруға болады, жогарыда айтылған пікірлерді жинақтай келе, келтірілген дәлелдер бізді осы ойга жетелейді, осы тақырыпты талқылауды қорытатын болсақ т.б.*

«РАФТ» стратегиясы бойынша оқушы қандай да бір нысанның рөліне еніп, өз ойын жазады.

Тіл мәдениеті – әдеби тілдің нормасы мен оның дамуын, сөйлеу тілімен қарым-қатынасын зерттейтін тіл білімінің саласы.

Әдеби тіл – жалпыхалықтық тілдің жүйеге түскен, екшелеген, өндөлген түрі, сол тілде сөйлейтін адамдардың бәріне ортақ, түсінікті тіл.

Индустрияландыру – ірі өнеркәсіпті, ең алдымен, ауыр өнеркәсіпті құру және дамыту, ірі өнеркәсіптік өндіріс негізінде бүкіл халық-шаруашылығын қайта құру процесі.

Инновация – қазіргі ойлау үлгісі мен дәстүрлі таным ерекшелігіне үқсамайтын жаңа ойлау жүйесін табу, кезектегі білім мен материалдық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, көнені өндеу, бар нәрсені жақсарту, кем нәрсені толықтыру, тың нәрсені байқау, жаңа зат, жаңа әдіс, жаңа жол, жаңа орта жаңалығымен өмірді жаңарту.

Магистраль (лат. *magistralis* – «ұлкен», «негізгі») – жол қатынасы, электр, су, телеграф, газ құбыры, канализация жүйесіндегі негізгі, басты торап.

Алпауыт – комақты, ұлкен.

Интонация (лат. *intono* – «қатты дауыстаймын») – сөйлемдерді, олардың бөлшектерін сазына келтіріп сөйлеудің ырғакты әуені. Сөйлемнің интонациясына қарап, біз оның хабарлы, сұраулы, бүйрықты екенін ажыратамыз.

Кәсіби сөздер – белгілі бір шаруашылықта, кәсіпке байланысты қолданылатын, халықтың бәріне бірдей түсінікті бола бермейтін, қолданылу өрісі шектеулі сөздер.

Ұлы Жібек жолы – Қытайдың Ши-ан деген жерінен басталып, Шыңжан, Орталық Азия арқылы Еуропага баратын керуендік жол бағыты.

Жаһандану немесе **глобализация** (ағылш. *global* – «әлемдік», «дүниежүзілік») – жаңа жалпыәлемдік саяси, экономикалық, мәдени және ақпараттық тұтастық құрылудының үрдісі. Терминді 1983 жылы енгізген – американлық экономист Теодор Левитт.

Мәдени жаһандану – мәдени байланыстардың дамуы.

Фылыми-техникалық революция – фылымды өндірістік дамудың жетекші факторына айналдыру арқылы өндіргіш күштерді түбекейлі өзгертіп, сапалық жағынан түлету.

Сленг (ағылш. *slang*) – әдеби тілге тән емес сөздер.

Ақпараттық-коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді.

GPS (ағылш. *global positioning system* – «жаһандық позициялау жүйесі») – аралықты, уақытты және орналасу нүктесін анықтауға арналған навигацияның жерсеріктік жүйесі. Жүйені АҚШ Қорғаныс министрлігі жасаған.

Конверсия (ағылш. *conversion*) – мәліметтерді өндеудің бір әдісінен екіншісіне немесе мәліметтерді өндеудің бір жүйесінен екіншісіне өту үдерісі.

Канцерогендік заттар, канцерогендер (лат. *cancer* – «қатерлі ісік» және грек. *genes* – «тудырушы») – ағзада қатерлі және қатерсіз ісіктерді туғызуыш химиялық қосылыстар. Канцерогендік заттар туралы алғашқы түсінік XVIII ғасырда Англияда пайда болған.

Жарнама – тауарлардың, қызмет көрсетудің тұтынушылық қасиеті туралы ақпарат беру және оған деген сұранысты көбейту мақсатында таратылатын хабарлама; белгілі бір адамдар, үйымдар, әдебиет пен өнер шығармалары туралы хабар таратып, оларды әйгілеу. Жарнама көпшілік ақпарат құралдары арқылы жүзеге асырылады.

Интерпретация (ағылш. *interpretation* – «түсіндіру») – мәтіннің немесе ұғымның мәнін ашу, ұғындыру, түсіндірме жасау, түсінікті тілге аудару.

Интервью (сұхбат) – көсемсөз жанры, журналистиң бір не бірнеше адаммен қандай да бір өзекті мәселе төңірегінде *сұхбат* жүргізуі. *Интервью* барысында белгілі бір оқиғаның, құбылыстың мән-мазмұны маманның түсіндіруі, айтуы бойынша терең ашылады.

Архитектура гректердің «architekton» деген сөзінен алынған. Дәл аудармасы – «құрылым өнері» деген сөз.

Рельеф – мұсіндеу өнерінің кең тараған түрі, тек бір жағынан қараганда жазықтық бетінен жақсы көрінетін мұсін.

Квадрига – төрт ат жегілген екі дөңгелекті арба.

Триумфалды арка – салтанатты безендірілген ірі арка түріндегі сөүлет ескерткіштерінің бірі. Триумфалды аркаларды қаланың, көшениң кіреберісіне, көпірлерде, ірі жолдарда жеңімпаздар немесе аса маңызды оқиғалар құрметіне орнатады. Алғаш триумфалды аркалар Ежелгі Римде пайда болып, жеңімпаздың салтанатты түрде қалаға кіруіне орай салынған.

Ионикалық ордер – Ежелгі Грекияда көп тұрғызылған, өсемдік пен салтанатқа негізделген бағана.

Дорилік ордер – ионикалық ордерден бұрын дамыған қарапайым бағана.

Травертин (Ежелгі Италиядағы Тибур, қазіргі Тиволи қаласының атымен аталған) – көмір қышқылды қайнарлардан кальций карбонатының тұнуы нәтижесінде түзілген кеуекті тау жынысы.

Менгир – тігінен орнатылған үлкен, өндөлмеген тастар түріндегі археологиялық ескерткіш. Неолит және қола дәуірінің мегалиттік ескерткіштері қатарына жатады.

Дольмен – өлікті жерлеуге арналған құрылым; бірнеше тонналық жақпар тастар тігінен қаланып, төбесі жалпақ тақта тастармен жабылған. Бұл – мегалит құрылымдардың бірі.

Стела – бедерлі суреті немесе жазуы бар ұзын естелік баған.

Барельеф (фр. *bas-relief* – «аласа бедер») – бедерлі мұсіннің бір түрі. Техникалық негіз өрі фон болып табылатын тегіс бетке салынады. Қескін композициясы негіздің тұтастығын сақтай отырып, оның жарты қалыңдығында мөлшерде шығынқы түрады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ тілі. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында негізгі орта білім беру деңгейінің 10–11-сыныптарына арналған оқу бағдарламасы. – Астана, 2016.
2. «Қазақстан». Үлттық энциклопедия. Бас редактор Ә.Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясы, 1998.
3. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – Алматы, 2011.
4. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна, 2010.
5. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптасуы. – Алматы, 2001.
6. Исаев С. Қазақ тілі. Оқу құралы. – Алматы: Өнер, 2007.
7. Ерғалиев Қ. Қазақ тілінің орфографиясы мен пунктуациясы. Оқу құралы. 2-басылым. – Павлодар: ПМПИ баспасы, 2014.
8. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. – Алматы: Мектеп, 1984.
9. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді ЖОО-да қолдану мәселелері. – Алматы, 2013.
10. Ермекова Т., Оданова С. Кестелі грамматика. – Алматы, 2015.
11. Отарбекова Ж., Нұржанова Б., Байтымбетова П. Нормативті қазақ тілі. – Алматы, 2015.
12. Тұрсынова Г., Шүлгенбаева Ұ., Рыскелдиева Г., Итемирова А. Қазақ тілі. Оқулық. (Экология, су ресурсы, құрылым-сәулет салаларындағы мамандықтарға арналған). – Алматы: ҚазҰТУ, 2013 .
13. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Фылым, 1994.
14. Әуезов М. Абай жолы: роман-эпопея. – Алматы: Жазушы, 2011.
15. Мақатаев М. Аманат. Өлеңдер жинағы. – Алматы: Атамұра, 2002.
16. Мұстафин F. Қарағанды. – Алматы: Жазушы, 2009.
17. Сәрсеке М. Қаныш Сәтбаев. Роман-әссе. – Астана: Фолиант, 2008.
18. Уәлихан Шот-Аман. Шығармалары. – Астана: Фолиант, 2013.
19. Шешендей шығрлары. Жинақ. – Алматы: Қайнақ, 1993.
20. Ахметова З. Бабалар аманаты. Естелік-әссе. – Алматы: Полиграфкомбинат, 2017.
21. Мырза Әлі Қ. Домбыра. Өлеңдер жинағы. – Алматы, 1971.
22. Тарихи тұлғалар. Таңымдық-көпшілік басылым. Құрастырушылар: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы: Алматықітап, 2009.
23. Шашубай Қошқарбайұлы шығармалары. – Алматы: Ана тілі, 2012.
24. Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар. 13-том. Очерктер, саяхаттар. – Алматы: Жазушы, 1978.
25. Оңғарсынова Ф. Сыр-сұхбат. – Алматы: Атамұра, 2013.

Электронды қорлар

1. abai.kz
2. cpm.kz
3. infourok.ru
4. www.altyn-orda.kz
5. massaget.kz
6. www.balalaralemi.kz
7. makala.kz
8. wikipedia.org
9. kitap.kz
10. bnews.kz
11. qazaqsha.kz/articles
12. ustazbol.kz
13. aitaber.kz
14. ikaz.kz
15. adebiportal.kz
16. malimetter.kz
17. dk.kz
18. alashainasy.kz
19. adilet.zan.kz
20. 7kun.kz
21. boz.kz
22. sxodim.com
23. zhasorken.kz
24. kazakhfilmstudios.kz
25. www.pinterest.com
26. old.aikyn.kz
27. egemen.kz

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	4
I БӨЛІМ. ҚАЗІРГІ ҚОҒАМ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ: МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨРКЕНИЕТ. СӨЗ МӘДЕНИЕТИ	5
§1. Қоғам құндылығы – халықтың тілі, мәдениеті, салт-дәстүрі	6
§2. Үлттық руханиятыныздың өзегі – тіл.....	9
§3. Қазақ халқының салт-дәстүрлері	13
§4. Қолөнер – сырлы өнер	17
§5. Қазақ киносы – қазақ тарихы.....	22
§6. Сөз мәдениетінің адам қарым- қатынасындағы орны	28
§7. Сөйлеу шеберлігі және тіл мәдениеті	33
I ТОҚСАН БОЙЫНША ҚАЙТАЛАУ	39
II БӨЛІМ. ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ: ҮЛТТЫҚ ӨНДІРІС. СӨЗ МӘДЕНИЕТИ ...	49
§1. Түрксіб теміржолы	50
§2. Тұлпар-Тальго	55
§3. Қара көмір	58
§4. Мыс кендері	60
§5. Алматы метросы	63
§6. Мұнай индустриясы	66
§7. Әлемнің ірі индустриялық алпауыттары Қазақстанда	69
II ТОҚСАН БОЙЫНША ҚАЙТАЛАУ	72
III БӨЛІМ. АДАМЗАТ ДАМУЫНЫҢ ЖАҢАНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРИ.	
ТІЛДІК ЖҮЙЕ ЖӘНЕ НОРМА	79
§1. Үлттық мәдениеттің жаһандану үрдісі	80
§2. Экономикалық жаһандану	84
§3. Аумақтық жаһандану	87
§4. Ақпараттық-коммуникациялық жаһандану.....	89
§5. Адамзат дамуының жаһандық мәселелері	92

IV БӨЛІМ. АДАМ ӨМІРІН САҚТАУ. ТІЛДІК ЖҮЙЕ ЖӘНЕ НОРМА	95
§1. Адам өмірін қорғау – басты міндет	96
§2. Адамның денсаулығы – қоғам байлығы	99
§3. Адам өмірі және қоршаған орта	101
§4. Спорттың адам өміріне пайдасы	104
III ТОҚСАН БОЙЫНША ҚАЙТАЛАУ	107
V БӨЛІМ. СӘУЛЕТ ӨНЕРІ. ТІЛДІК ЖҮЙЕ ЖӘНЕ НОРМА	115
§1. Таңғажайып сәулет өнері	116
§2. Киіз үй – гажап сәулет туындысы	122
§3. Таспен жазылған тарих	126
§4. Қазақстан сәулет өнерінің көне ескерткіштері	132
§5. Қазақтың танымал сәулетшілері	136
§6. Заманауи сәулет туындылары	142
§7. Ел астанасы – сәулет өнерінің жаңа тынысы	146
IV ТОҚСАН БОЙЫНША ҚАЙТАЛАУ	150
ТЫҢДАЛЫМ МӨТІНДЕРІ	159
ГЛОССАРИЙ	169
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР	172



Назар аудар

Электронды қосымша жүктелген CD қолжетімсіз болған жағдайда,
қосымшаны arman-pv.kz сайтынан тауып, өз компьютеріңе жүктең
алуыңа болады

Оқулық басылым

**Тыныштық Нұрдәuletқызы Ермекова
Гүлжанат Бураханқызы Тоқтыбаева
Нұрлыгүл Әйіпқызы Дүсіпова**

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбының
жаратылыстану-математикалық бағытына арналған оқулық

Суретшілері	А.Айтжанов, Д.Қдыров
Бас редакторы	Қ.Қараева
Редакторы	Н.Абдижаппарова
Техникалық редакторы	В.Бондарев
Көркемдеуші редакторы	Е.Мельникова
Биљд редакторы	Ш.Есенкулова
Суретші-безендіруші	О.Подопригора
Мұқабаның дизайны	В.Бондарев, О.Подопригора
Беттегендер	Г.Илишева, Л.Костина, Т.Жумагулова

Сатып алу үшін мына мекенжайларға хабарласыңыздар:

Астана қ., 4 м/а, 2 үй, 55 пәтер.

Тел.: 8 (7172) 92-50-50, 92-50-54. E-mail: astana@arman-pv.kz

Алматы қ., Ақсай-1А м/а, 28Б үй.

Тел.: 8 (727) 316-06-30, 316-06-31. E-mail: info@arman-pv.kz

«Арман-ПВ» кітап дүкені

Алматы қ., Алтынсарин қ/сі, 87 үй. Тел.: 8 (727) 303-94-43.

Теруге 15.05.18 берілді. Басуға 21.06.19 қол қойылды. Пішімі 70x100 1/16.

Қағазы оғсөттік. Қаріп түрі «ММ Мектеptіk». Оғсөттік басылыш.

Шартты баспа табагы 14,19. Таралымы 40000 дана.

Артикул 810-001-002к-19